

А 2004
265к

Жұбанов, Малбақов

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ—
БАЯН СҰЛУ»

ЭПОСЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
А. БАЯТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Е. Жұбанов, М. Малбақов

«Қозы Көрпеш—
Баян сұлу»
ЭПОСЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ


АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1994

Жұбанов Е., Малбақов М. "Қозы Көрпеш - Баян Сұлу" эпосының текстологиясы. Алматы: Ғылым, 1994. - 144 б.

Ауызекі әдеби тілдің тамаша үлгісі болып саналатын бұл ескерткішті И.Н.Березин Қазан қаласында 1876 жылы өзінің "Түрік хрестоматиясы" деп аталатын үшінші томында бастырған. Оның осы нұсқа бойынша жасалған кейінгі академиялық басылмалары Н.Дүйсенбаев /1959/ пен Ө.Марғұлан /1984/ есімдеріне байланысты.

Осы үш басылымнан текстологиялық тұрғыдан салыстырмала тексеріліп, жырдың сыни тексті жасалды.

Кітап мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, ғалым-филолог-терге, тіл-әдебиет мамандарына, жалпы оқырман қауымға арналады.

Жауапты редакторы
филология ғылымдарының докторы Б.Әбілқасымов

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторлары М.Мырзахметов,
С.Омарбеков

Ж 4604000000-062 6І.92
407/05/-94

ISBN 5-623-00995-4

С Жұбанов Е.,
Малбақов М. 1944.

Заманымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов "Қазақ даласы—поэзияның мұхиты" деген болатын. Қазақ халқының ауызекі сөз өнері шын мәнінде де телегей теңіз десе болғандай. Шағын формалы тұрмыс-салт жырларын атамағанның өзінде қазақтың халық ертегілері, жыр-жоқтаулары, аңыз өңгімелері, мақал-метел, жұмбақ, жаңылтпаш тәрізді көркем сөз үлгілері қаншама десеңізші.

Қазақ фольклористикасы тіл өрнегін тексеретін ғылым ретінде біраз уақыттан бері филологиялық дербес пән ретінде қалыптасып, дамып келеді. Дегенмен, жалпы ғылымымыздың балаңдығына байланысты фольклортану ілімі де өлі күнге төрт аяғын тең басып кетті деуге болмайды. Соның салдарынан бірсыпыра халықтық сөз үлгілері жанр тұрғысынан да сараланып жеткен жоқ. Мәселен, қазақ халқының ақындар айтысы, толғау термелері өзінің табиғаты жағынан тек бертінгі уақыттарда ғана біршама дұрыс таныла бастады. Ал енді ел ішіндегі тарихи аңыздар, шекіре сарындас желілі өңгімелер, ғажайып қиялдан туған ертегі сарындас мифтік сюжеттер т.б. аралық мотивтерді сөз стетін өлеңі мен қарасөзі аралас баяндаулар тек сырттай ғана жіктеліп, негізінен орыс фольклористикасының күйесімен топтастырылып келеді. Бұлардың сыртында Алдар көсе, Диренше, Қожанасыр өңгімелері деген сияқты қысқа көлемді үткір сөз үлгілері ғылым тұрғысынан танылып, олардың қандай жанр кұзырында қаралатындығын фольклортанушылар тарапынан айқындалып болды деу қиын.

Қазақ филологиясында фольклор деген ұғымның өзі ғылым теңіне түсіп, сұрыпталып біткен жоқ. Қазіргі кезде бұл термин негізінен ауыз әдебиеті деген мағынада қолданылады. Шын мәнінде немістің фольклор сөзі "халық шығармашылығы" дегенді танытады. Сөйтіп, ол белгілі бір этникалық топтың қолөнеріне, бейнелеу өнеріне, музыкасы мен поэзиясына, мимикадан пантомимаға жласып, одан хореографиялық сипат алатын би өнеріне т.б. дарын-қабілет көріністеріне түгел қатысты атау болып табылады. Сондықтан біз өз кезінде синкретті дамыған осынау толып жатқан өнер түрлерінің ішінен жеке арна болып бөлініп шыққан ауызекі сөз өнерін ауыз әдебиетінің туындылары есебінде зерттеп білуді мақсат етеміз.

Алайда ауыз әдебиетінің туындыларына деген көзқарастың өзі үнемі бір ізді, бір мақсатты болған емес. Әдебиетті фоль-

клористер халықтың сөз өнерінен жазба өдебиетке табиғаты жақын көркем бейнелер мен образды тіл өрнектерін іздесе, тарихшы-этнографтар тұрмыс-салт жырларының сөзбен бедерленген үлгілерінен өткендегі қоғамдық-әлеуметтік құрылымдардың нақты көріністерін, өдет-ғұрып пен дәстүрлерге байланысты қоғамдық санының даму өрісін көруді зерттеушіліктің нысанасы етті. Сөйтіп, фольклор өлемінен өркі өзіне қажетті бұйымтайын тауып алып жатты. Осы тұрғыдан алғанда тілші-филологтар ауызекі сөз өнері аталатын рухани қазынадан айтарлықтай үлес алып жарыған жоқ. Халық туындыларының өдеби көркемдік мәселесі өдебиетші-филологтарға табиғи мирас саналып, оның тілінен келтірілетін азды-көпті мысалдар байсалды дерек ретінде тиісінше бағаланған емес.

Бұл орайда тіл мамандарына қолбайлау болып келген тағы да бір фактор болды. Ол лингвистика ғылымында дәстүрге айналған өдеби тіл танымына байланысты еді. Өзімізге мәлім, көзіргі өдеби тіл атты орыс тіліндегі "литературный язык" деген категорияның баламасы ретінде қалыптасты. Орыс филологтері болса белгілі бір тілді жалпыхалықтық /общенародный/ және өдеби тіл /литературный язык/ деп белуді үнді-европа тіл ғылымындағы қалыптасқан дәстүрлерден алған болатын. Ғылым дамуындағы мұндай ауысуыстар халықтардың өзара қарым-қатынасы арасында болмай тұрмайтын тарихи құбылыстар екені даусыз. Бірақ осындай алыс-берістердің кезінде белгілі бір құбылыстың ішкі мәні, табиғи заңдылығы жыға танылмай қалып, оның тек сырт көрінісін ғана малданып қалатын кездер жиі болып тұрады. Мәселен, "литература" деген латын сөзінің түбірі "литер" харіп - таңба дегенді білдіреді. Осындай харіптерден құрастырылған жазбаша текст алғашында литература деп аталған. Ал, сол жазудағы сөздерді танытын адамдарды литературас деп атаған. Содан келіп, "литературный язык" деген атау тек қана жазуға түскен тіл деген мағынада қолданылып келген. Бір ғарабы - осы латын тіліндегі литература сөзін келесі бір үлкен мәдениеттің жасаушысы болған грек халқы өз тіліне грамматика деп аударып алған. Грекше бұл да жазуға түскен деген сөз. Кейін келе мен елдің қатынасы жиілеп, мәдениеттер арасындағы байланыс күшейген кезде тең мағыналы осы екі сөздің бірі тек қана көркем өдебиетке, екіншісі жазу-сызу нормаларына, яғни тіл біліміне қатысты оң алған.

Біз бұл жазу тарихына байланысты шағын шолуымызды жаналық ашу ретінде емес, осы алғашқы себептермен ұласа келе кейіннен мәдени өмірімізде кең етек алып кеткен біржақты ұғым-түсініктердің мәнін ашу ниетімен баяндап отырмыз. Атап айтқанда, өдеби тіл деген ұғым тек жазу тілімен байланысты дейтін. еуел бастағы түсініктерге орайласа соңғы кезге дейін жазу-сызуға түспеген тіл үлгілері өдеби бола алмайды деген қасақ пайымдаулар ауыз өдебиеті тілінің қоғамдық қызметі мен сапалық қасиетін кемсітіп келді. Оған қоса өдеби тіл тек диалектімен ғана салғастырыла қаралатын болғандықтан, ауыз өдебиетінің нұсқалары тілші-филологтар тарапынан ешбір назарға ілінбеді. Тек бертінгі уақыттарда ғана үндіевропа тіл білімінде тілдің диалектіден үстем қолданыс түрлері болатындығына мән беріліп "наддиалект" /көсем тіл/ теориясы қисындалғаннан кейін ұлт тілінің өрісі өдеби немесе диалект деген екі саладан ғана тұрмайтындығына көз жетті.

Осыған орай, өдеби тіл атты тарихи категория бір кезде жазуға байланысты ғылыми айналымға түскенімен де, қазіргі кезде ербір өдеби тілдің қоғам мүшелері алдындағы атқаратын қызметін де сарапқа салу қажеттігі туды. Сонымен бірге оған үлкен әлеуметтік мән берілуіне байланысты бұл ұғымның аясы кеңіп, жазу-сызу жоқ тілдік ұжымдардың да өз ортасына ылайықты өдеби тілі болатындығы даусыз деп табылып отыр. Жазуға дейінгі мұндай яки ауызекі өдеби тілдің алғашқы нұсқалары - патриархалдық-рулық қоғам түсындағы өдет-ғұрып, салт-санаға байланысты бейнелі сөз-сантаулар, халықтың поэтикалық, астарлы сөз қолданыстары, діни ресімдерге байланысты дәстүрлі рауаяттар, көсемдердің, билердің, шешендердің асқақ үндеулері, көркем тіл үлгілері саналған.

Ауыз өдебиетінің жанрлары жетіліп, түр мен мазмұн жағынан кемелдене түскен кезінде тұрмыс-салт жырларының ұсақ түрлері стиль тұрғысынан күрделілене келе көлемді жыр, толғау, өсиет, жоқтау типіндегі поэтикалық туындылар болып қалыптасқан, олардың кейіпкерлері сомдалған образ бейнелеріне еніп, әлеуметтік салмағы жағынан жеке тарихи адамдар деңгейінен көтеріліп, ел қамын жеген қоғам қайраткерлері есебінде халық санасында қайта түлеген. Тарихқа дейінгі ертегінің батырлары бұдан былайғы жерде өсерлі қиял-ғажайып пішінінен арылып, халықтың жоқшысы, қорғаны сипатындағы жинақты мазмұнға ие болған. Сөйте келе, от басы, ошақ қасы-

ның мүддесінен биіктеп, отан қорғау, бүкіл ел болып ұрандасу, елдік, халықтық идеяларды армандау нәтижесінде реалды эпос қаһармандары келіп шыққан. Бұлар сырт пішіні қағынан кекетарихи қаһармандарға ұқсағанымен, идеялық тұтастығы қағынан белгілі бір халықтың рухани мұратының жинақы кескінделген көрінісі ретінде халықпен бірге жасасқан. Басқаша айтқанда, халықтың ауызекі сөз өнері айдынды эпос мұраларын осылайша, немесе осыған жақын шығармашылық жолдарымен жасап берген. Қазіргі кесем тіл өрістерінің аралуан салаларын тексеруші лингвистикалық поэтика ілімі халық эпосы туындыларын жазу өнері дүниеге келгенге дейінгі әдеби тілдің ең субәлі және бірден-бір даусыз дерегі деп бағалайды. Демек, ауызекі әдеби тіл мәселесі қозғалғанда халық эпосы жазудан бұрынғы әдеби тіл үлгісі деген тұжырыды тілші-филологтар үлкен де әрелі міндеттердің алғы шарты іспетті қабылдайды. Осы тұрғыдан эпостың тілін фольклористика және әдебиеттану мақсатында зерттеуімен қатар, оның лингвистикалық поэтикасына арнайы зер салуымыздың себебін біз халқымыздың ең бір кезеңді ескерткіштері тіліне, дәлірек айтсақ, эпос текстологиясына ден қоя қажеттігімен байланыстыра қараймыз. Дәстүрлі халық эпосы-халықтың өткендегі тарихының асқақ мұрат-мақсаттары, үлкен ақындық толғанысы есебінде біздің заманымызға дейін келіп кеткен мұралар. Үлкенді-кішілі әрбір ұлт, халық тарихи категория ретінде ғылымға танылып, қоғамдық санаға екіпал еткенде тек өзінің дүниеуи мәдениетімен ғана мәлім болмайды, ұлы эпос туындыларымен де танылады. Мәселен, карело-финдердің "Калевала" атты руна жырлары мен эстон халқының "Калевы" көптеген жұрттарға ортақ мұра атанған, оғыз жұртының "Қороглысы", қырғыз елінің айбынды "Манасы", қалмақтың "Жаңғар" жыры, бурят-монғолдың "Тесернадасы", сақа жұртының "Олонхо" деп аталатын эпостық толғаулары, армян халқының "Давид Сасунский", грузиндердің "Амирани, этериани" аталатын әулетті эпосы, соятустік кавказ халықтарының "Нарт жырлары" деп аталатын туындылары, қарақалпақ елінің "Қырық қыз" эпосы — оныне осылардың бәрі тек көркем әдебиет шығармалары ғана емес, сол жырларды танытушы халықтардың рухани паспорты, олардың айықсат тарихында таңбаланып қалған айшықты да әсем жан дүниесінің тілдік көшілемесі. Әрбір халықтың әдеби тілінің бөлік бөлігі, дену шартынау бөлігі, ең алдымен, осы ғаламның туындыларымен біз араласқан, сөз бастығымен, үлкені әр ораңдарымен

өлшенуі тиіс.

Осы біз мензеген өрістен келіп баға беретін болсақ, "Қозы-Көрпеш - Баян сұлу" жыры да эпос дәстүрімен жасалған аса ірі тілдік ескерткіштер қатарына жатады. Суел бастағы ортақ қазына-ның негегі болған өлденеше түркі күрттары: алтайлықтар, ұйғырлар, башқұрттар, татарлар, қазақтар бұл сюжетті өздерінше жырлап, өзінің ауызекі тіл өнерінің шама-шарқына сөйкес көпшілік игілігіне жаратты. Бұл сюжеттен халықтардың тым өрдегі мифологиялық ұғым-түсініктерінің жұрнақтарын, қиял ертегісіне тән әсірелей мазмұндаудың стильдік көріністерін, аңыз түрінде баяндалатын біртұтас қара сөзді, текстерге сыналанған өленді қыстырмаларды байқап, танып алуға болады. Мазмұны жағынан олар арбау, бағыштау, жалбарыну тәрізді киелі сөз үлгілерінде де, күнделікті өмірде ұшырасатын ерлік іс-әрекеттің қайталанған бейнелі суреттері ретінде де, дәстүрлі нақыл, тақпақ түріндегі ұйқасымдар ретінде де ұшырасып отырады. Бұлардың жыр тексіндегі арасалмағы әр халықтың ауыз әдебиетінің дербес эстетикалық сапаларына байланысты болып келеді. Сондықтан да біз тексеріп отырған сюжет алтайлықтардың ауыз әдебиетінде батырлық эпос болып қалыптасса, башқұрттар оны ертегі деп таниды, ал қазақ халқы үшін бұл - лиро-эпос жыры.

Осы айтылған жанрлық өртектілік тұрғысынан қарағанда жырдың қазақ арасына тараған нұсқасы эпостың бертінгі заманда қайта қаңғырып айтылған үлгісі болар деп шамалауға болады. Біздің бұл ойымыздың шындыққа саятындығын академик Суезов айтқан мынадай сөздерден де топшылауға болады: "Поэма эта является одним из самых древних памятников казахского эпоса. В ней рассказывается о Көрпеше и Баян, нареченных женихом и невестой при рождении, но разлученных злой волей отца Баян еще в детском возрасте... в начале XIX века акын Занак, приняв участие в конкурсе на лучшее исполнение "Козы-Көрпеш", спел свой вариант поэмы получивший в народе широкое распространение..."^{1/}.

Шоқан Уәлиханов қазақтың халық поэзиясының түрлері жайындағы мақаласында "Қозы-Көрпеш" жырының ікекен іздеп, кігіттер, кел кетелі деп басталатын төрт қолды шумағын келтіре отырып, шығарманың бәрін араб өлеңінің өлшемімен тануға болмайтындығын орыс ориенталистерінің көзін жеткізбек болады: "Известная

^{1/} Антология казахской поэзии. ГИИЛ, М., 1958. С.49.

поэма Кузу-Курпеч и Баян-Сулу пересказана мне была знаменитым Дженаком в форме улена²/. Келтірілген мәліметтері бойынша Шоқан жырды орыс тіліне де аударған тәрізді. Себебі, жоғарыдағы шумақтың тарихын айта келе ол: "В этом переводе четыре первые куплета принадлежат песеннику Джанаку, происходящему из кара кесеков, отделения камбар, остальное же чистое предание, неизвестного поэта старых времен"-деп көрсетеді³/.

Шоқан айтқан осы деректерге сүйеніп Ө.Марғұлан Қозы Көрпештің Березин жариялаған нұсқасын Шоқан шығармаларының бес томдық жинағына енгізген. Осымен байланысты берген түсініктерінде ол бұл жырдың алғаш рет 1964 жылы Шоқан еңбектерінің жаңа басылмында, оның бірінші томының 115-162 беттерінде сол алғашқы нұсқа негізінде берілгендігін айтады. Жыр нұсқасының И.Н.Березинге қалайша жеткендігі жайлы ол мынадай дерек келтіреді: "Текст записан в Кушмурунской степи Чоканом вместе с отцом в 1851 г. и передан тогда же учителем Омского кадетского корпуса Н.Ф.Костынецким И.Н.Березину. Вместе с казахским списком И.Н.Березин получил и его русское переложение, а также переложение другой поэмы "Идиге", оба переложения были сделаны Н.Ф.Костылецким при участии Чокана"⁴/.

Алайда, И.Н. Березин "Қозы Көрпеш" жырның бір нұсқасын орысша мазмұндамасымен бірге Н.Ф.Костылецкий арқылы Шоқаннан алыпты деген мәліметті Ө.Марғұлан қаншама дәлелдеп айтқанымен, Шоқан атаған орысша аударманың әлі күнге табылмағанын айтып қинайлады. Оның өз сөзімен айтқанда аударманың тағдыры былай болған тәрізді: "К сожалению перевод "Козы-Көрпеш и Баян Сулу", сделанный Валихановым со слова Джанака, еще не отыскан и, вероятно, хранится в одном из многочисленных архивов Г.Н.Потанина"⁵/.

Біз, әрине, Шоқан аудармасының болғандығына және оның архив сөрелерінің бірінен табылуы ықтималдығына шек келтірмейміз. Әірақ Г.Твиритин жырлаған "Қозы Көрпеш - Баян Сулу" поэмасын нақ сол Шоқан аударған текст еді дегенге келісе алмаймыз. Твиритиннің Қозы Көрпеші- өз кезінде аса жоғары баға алған сәтті тунды. М.С. Сильченко, Ш.Дүйсенбаев, М.Ғабдуллин секілді әдебиет-

²/ Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах.Т.1,С.284.

³/ Уәлиханов Ш.Ш. Көрсетілген еңбек, 285-б.

⁴/ Уәлиханов Ш.Ш. Көрсетілген еңбек. Түсініктер, 366-б.

⁵/ Уәлиханов Ш.Ш. Көрсетілген еңбек. Түсініктер, 400-б.

ші фольклористердің байыптауына қарағанда, көкшетаулық Г.Тверитин бұл сюжеттің негізгі арқауын ұстана отырып, "Қозы-Көрпеш Баян сұлу" тақырыбын өз тарапынан, өзінше қайта жырлаған. Сондықтан бұл нұсқаны жыр сюжетінің аудармасы дегеннен көрі оның таралу өрісін байқататын дербес версиясы деп қараймыз.

Фольклористер арасында "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырның қиналу, зерттелу тарихына орайласқан, Шоқан есіміне қатысты басқа да пікірлер бар. Солардың бірі - ғылымда Фролов нұсқасы деп аталатын жыр тексінің Аягөз округінің тілмеші Андрей Фролов қолжазбаларының ішінен табылған тағы бір варианты жайында. Кезінде Н.Дүйсенбаев бұл қолжазбаны Петербордағы Шығыс тану институтының архивінен тауып, жария еткен болатын^{6/}.

М.Ғұмарова 1841 жылы Шоқан екесті Шыңғысқа еріп Аманқарағай дуанын аралағанын, Банақ ақыннан "Қозы Көрпеш" жырды, Мұмағұл ақыннан қазақтың басқа да эпостық жырларын естігенін айтады. С.Мұқановтың "Тарқын жұлдыздар" атты кітабына сүйенсе, "Шоқан жаздырып алған "Қозы Көрпеш" жырның толықтығын хабарлай отырып, Банақ ақыннан естіген жырдың басы былай басталатынын еді деп Фролов тексінің алғашқы төрт жолын келтіреді. "Ол жолдар А.Фроловта да Шоқан мақаласында да бірдей"- деп жоғарыдағы төрт жолды тілге тиек етеді. М.Ғұмарованың пікірінше, Фролов нұсқасы Березин нұсқасының түпжазбасы болса керек. Автор бұл ойын екі нұсқаны жолма-жол салыстыру арқылы дәлелдейді.

Фролов нұсқасын Березин бастырған жырмен текстологиялық тұрғыдан алғаш рет жолма-жол салыстырып шыққан адам - Н.Дүйсенбаев болатын^{7/}. Бірақ ол Фролов қолжазбасы Березин нұсқасының түп негізі деген қорытынды жасамаған. Бұл екі текстің арасында ұқсастықтың мол екендігі рас, бірақ жырды қинаушылар ол нұсқаларды қолжазба текстерден бірінен бірі көшірген деп қарау

^{6/} Институт Востоковедения, рукописный отдел. В. 4043.
/Сілтеме М.Ғұмарованың "Ш.Уәлиханов жинаған "Қозы көрпеш -- Баян сұлу" нұсқасының тексі жайлы" атты мақаласынан алынды.
Қараңыз: "Қазақстан Республикасы ҒА Хабарлары. Тіл-өдебиет сериясы", 1978, № 4/.

^{7/} Қозы Көрпеш - Баян сұлу. Алматы, 1959, Түсініктер, 175-180-б.

күмен туғызады. Егер Березин белгілі бір дайын қолжазбаны пайдаланған болса, ғылым үшін түпнұсқа текстің қайдан алынғандығын хабарлаған да болар ма еді? Өзірше Ө.Марғұланның және басқалардың жорамалдары бойынша, ол жырдың өзі бастырған вариантын Н.Ф.Костылецкийден алған деген тұжырым бар. Сондықтан өзара жақын бұл екі текст Фролов пен Березиннің архивіне әр түрлі жолдармен, әр басқа айтушылардың аузынан жазылып алынып, жинақталуы да мүмкін. М.Гүмарова Шоқанның 1841 жылы Аманқарағай дуанына баруына, сол 1841 жылы "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" және басқа жырлардың хатқа түсуіне және Фролов көшіріп алған "Қозы Көрпеш" жырның сыртында 1841 жыл деген датаның тұруына айрықша мән береді. Осы сәйкестіктер негізінде, сондай-ақ нұсқалардың тіл, мазмұн байланыстарына қарай отырып ол мынадай қорытынды шығарады. "А.Фролов "Собрание со слов киргизских переписывал" - дегеніне қарағанда, 1841 жылы жазылған қазақ сөздерінен тұратын жинақтан көшіргенін айтып отыр, өзім жинадым деп отырған жоқ. Біздіңше, Шоқан жаздырып алған текст әр қилы жолдармен келіп Аякөз сыртқы приказның тілмашы Андрей Флоровтың қолына түскен. А.Флоров содан көшірген. Жоғарыдағы мысалдарға қарағанда, А.Флоров нұсқасы деп келген текстті 1841 жылы Шоқан жинаған текстің түп нұсқасы деп айтуға өбден болады. И.Березин тексті екі нұсқадан құрастырылған, қайшылығы, қосындылары көп жасанды нұсқа. Келешекте А.Фролов көшірген нұсқа Шоқан нұсқасы деп аталуы керек демекпіз. Бұл ойымызды текстердің сөздері мен сөйлемдерін салыстыру арқылы да дәлелдедік"⁸/.

Ғалымның бұл пікірлері, сөз жоқ, қисынға келеді. Келтірілген дәлелдері де нанымды. Осы орайда қиспай тұрған бір жай бар. Өзімізге мәлім, Шоқан 1835 жылы дүниеге келіп, 1865 жылы қаза болған, ал Фролов қолжазбасының 1841 жылы хатқа түскендігі рас болса, Шоқан ол кезде небәрі алты жастағы бала. Сондықтан "Шоқан жаздырып алған тексті ерқилы жолдармен келіп Аякөз приказның тілмашы А.Фроловтың қолына түскен" деген кесімді пікір айту үшін Шоқанның сол М.Гүмарова айрықша көңіл аударған 1841 жылдан бұрын-ақ ауыз едебиеті мұраларын жинастырумен шұғылданғанын дәлелдеу қажет болады. Ал, мұның өзі логикалық жағын шындыққа сай келеді деп айту мүлдем қиын.

¹/ Гүмарова М. Көрсетілген еңбек, 32=б.

Дегенмен, М.Гүмарованың "И.Березин тексті екі нұсқадан құрастырылған, қосындылары көп, жасанды жыр" деген пікірі тұсында текстологтар жете ойлануы тиіс. М.Гүмарованың аталған мақаласы кейінірек М.О. Суезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бір жинағына еніп, азды-көпті өзгерістерімен екінші рет қайта басылды. Осы зерттеулерінде ол Березин текстінің 72-120 жолдарын құрайтын он екі шумақ өлең жырдың тұтастығын бұзып, ортадан қосылған, өткен текстер мен келесі текстердің мазмұнын қайталап тұрған шумақтар дейді. Басқаша айтқанда, бұл жолдар түпнұсқаға кейін қосылған басы артық жамау іспетті^{9/}.

Алайда, М.Гүмароваға дейінгі зерттеушілер Березин тексті жайында басқаша пікірлер де білдірген. Атап айтқанда, осы жырдың алты нұсқасын қамтитын академиялық басылымын жарыққа шығарған Ш.Дүйсенбаев: "И.И. Березин бастырған текст өрі толық, өрі бұрынғы жазылып алынған күйінде сақталған, басқа варианттардағыдай емес, мұнда кейін кіргізілген қоспалар мен өзгерістер жоқ деуге болады" деген баға береді^{10/}. Ғалымның пікірінше, жырға кейін кірген қосындылар мен өзгерістер бұл нұсқада оншалық көп емес. Жырдың түпкі арнасын өріге, ислам дінінен бұрынғы замандарға меңзей отырып, бұл нұсқада алла/алда сөзінің жиі айтылуын, Баба түкті шашты Әзіздің Қозыны тірілтуін, оған періштелердің Баянға қосылатынын айтып, аян беруін, Айғыздың сын тасқа айналуын діни ұғымдар мен қиялдан туған қосындылар деп қарайды. Ғалымның бұл ойын біз негізінен қуаттай отырып, өз тарапымыздай мынаны ескерте кетпекшіміз. Жырдың бастапқы арнасы қазақ заманынан әлдеқайда өріге кететін болған соң, оның өн бойында ислам дініне дейінгі мифологиялық ұғым-түсініктердің болатындығы сөзсіз. Ал, заманалар ағымынд драмдық сана дамып, мәдениеттер үлгісі соңылаып, жаңа дін атрибуттары үстемдік алған шақта көне жырдың арқауындағы бірсыпыра иелі-киелі күштердің аттары да өзгеріп, төңірі болмай, алда болып, жасаған /жаратқан/ болмай, күдай болып, ескі ұғым жаңа түсініктер-

^{9/} Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттеуі. Алматы: Ғылым, 1983. 115-б.

^{10/} Дүйсенбаев Ш. "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырдың нұсқалары туралы // Қозы Көрпеш - Баян сұлу. Алматы, 1959. 13-4.

мен көмкеріліп, жыр тіліне басқаша сөздер енуі әбден мүмкін. И.Дүйсенбаевтың жоғарыда айтқан қоспалар жайындағы ойын біз осылайша түсінеміз. Бұған қосармыз - басынан талай дәуірлерді өткізген, халықпен бірге жасасып келе жатқан ескі жырдың тілінде әлденеше қатпар қабаттардың болатындығын да есте тұтуымыз қажет. Соның салдарынан жырдағы діни, мифологиялық, мистикалық атаулардың өзі де бір мезгілді, бір кезеңді бейнелемейді, қайта әлденеше замандардың куәсі ретінде сақталып, жетеді. Мұны И.Дүйсенбаев та жақсы түсінген тәрізді. Ол жырдағы хиял, хас, хафия, келәм, ғайип, ғасы сияқты сөздерді араб-парсыдан келген деп таныса, күмәнді, мат болу, зай заман тәрізді қолданыстарды қазақтардың ескірген атаулары деп атайды. Оның айтуынша, жырда түсініксіз сөздер оша көп емес. Оның тіліне оншалықты өзгерістер еңбеген, бізге таза күйінде дерлік келіп жеткен.

Текстологиялық ізденістерде ерекше мән берілуі тиіс тағы бір жайт - жоғарыда аталған әр дәуір қоспаларының табиғатын тани білу болмақ. Мәселен, Айғиыдың сии тасқа айналуын ислам дінінің әсерімен болған қосынды, қиял деп қарастыруға болмайды. Бұл анағұрлым ерте заманның, жер-су иелеріне, лұтқа табыну кезінің айғақты ізі болуы мүмкін.

Березин жариялаған нұсқаның алғашқы академиялық басылымын жүзеге асырған қазақ ғалымы И.Дүйсенбаев болса, екінші рет Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерін жариялаумен байланысты бұл нұсқаны академия тарапынан бастырып шығарған Ә.Марғұлан болды. Ол жырдың тіліне немесе Березин нұсқасының баспаға өзірленуіне арнап дербес зерттеу еңбек қалдырған жоқ. Бірақ, Шоқан мұраларының басылымдары жайындағы өзінің ғылыми түсініктерінде эпостың Күсчүрши көшірмесі деп аталатын осы вариантын біздің заманымызда Алматыда бастырып шығарған әдебиетші И.Дүйсенбаев екенін атап көрсетеді. Оның бұл реттегі басылымға берген бағасы мен сии ой-пікірлері Шоқан жинағында берілген ескертпелерінде тұжырымдалған. Ғалымның өз өріптесі жайындағы айтып қалдырған орынды пайымдауларының мазмұнына нұсқан келтіріп алмас үшін біз аудармай, сол күйінде орысша дәйек еткенді жөн көрдік: "При всем старании преодолеть и исправить трудный и исковерканный текст поэмы в хрестоматии И.И. Березина он не сумел полностью восстановить первоначальный текст кушмурунского списка и допустил ряд нежелательных ошибок. Это касается прежде всего историко-этно-

графической, этнической и географической терминологии, которая либо опущена с пометой "не разобрано", либо искажена... Например, вместо ат талдау /резать хвост коня после смерти его хозяина/ - ат талдау /гладить коня/; вместо сауар етік /сапоги из крупа - толстой кожи/ - соры етік /пoмeтa: непонятно/; вместо зау=заман или заууда /если, а вдруг/ - зай=заман и т.д. Но Досембаев проделал большую работу, расшифровав сложный, и хаотический текст по хрестоматии И.Н. Березина. Изучив материалы, он также пришел к выводу, что список "Козы-Көрпеша", опубликованный в "Турецкой хрестоматии" И.Н. Березина, принадлежит Чокану Валиханову"¹¹/.

Фольклорист ғалымдар тарапынан "Козы көрпеш - Баян сұлу" жырның Березин жариялаған нұсқасы жөніндегі азда-көпті пікірлер осыған саяды. Біз бұл жерде аталған сюжеттің әдебиеттік маңызы, көркемдігі, жиналу тарихы деген мәселелерді сөз етпейміз. Ол тұрғыдан алғанда М.Әуезов, С.Мұқанов, Г. Мүсірепов, К.Думалиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Рахдуллин, М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова т.б. көрнекті ғалымдардан бастап, ірі буын зерттеушілерге дейін бұл тақырыпқа қалам таратпаған адам аз. Зерттеу нысанамыз жырдың текстологиялық жағы болғандықтан біз аталған нұсқаның алғашқы басылымы мен кейінгі оқылымдары тәңірегінде сөзқозғамақпыз. Осы ретте жырдың тіліне лингвистикалық бағдармен зер салушы тілші-филологтар кімдер болды деген заңды сұрақ туады. Бұл орайда аға буын тіл мамандары ішінен біз профессор С.Аманжоловты атап өтуге тиіспіз. Ғалым өзінің қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихы жөніндегі белгілі еңбегінде¹² /Козы Көрпеш сюжетінің таралуы және оның варианттарының диалектілік негіздері жөніндегі кейбір пікірлерін ортаға салған. Жырдың өзіне мәлім бірер нұсқасын қысқаша шолу түрінде атай келіп, оған: "Найман тайпаларының арасында халықтың ауызекі шығармаларының басқа да үлгілерімен қатар Козы көрпеш пен Баян сұлу жайындағы атақты поэма дүниеге келген. Бұл жырдың қазақ тіліндегі текстін академик В.В. Радлов дастандағы кейіпкерлердің моласы тұрған

¹¹ / Уәлиханов Ш.Ш. Көрсетілген еңбек, Түсініктер, 367-б.

¹² / Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1959, 61-103-бб.

Аяғез маңайынан жазып алып 1870 жылы жарыққа шығарған. Оның тағы бір вариантын профессор Березин 1876 жылы жариялаған" дегені: Мұнан ерi автор аталған поэманы проф. Саблуков орыс тіліне аударып, 1880 жылы бастырып шығарды деген мәлімет айтылады. М.Әуезовтың айтуынша, "Шығыс едебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуков 1880 жылы "Қозы көрпеш - Баян сұлу" хикаясын бұрынғы Семей губерниясы, Көкпекті маңындағы бір жираудың аузынан жазып алған..."¹⁴/. Ұлы эпос туралы арнайы кітап жазған Ө.Қоңыратбаев та Саблуков хақында осыдан артық ештеңе айтпаған.

Ол былай дейді: "Қозы Көрпеш" жырының қазақ арасындағы сюжеттерін 1880 жылдардан бастап арабист Г.Саблуков, орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкин жазып алады. Г.Саблуков бұл жырдың бір сюжетін 1880 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Көкпектіде жүрген орыс чиновнигі арқылы түсіріп алған. Мұндай нұсқалар кейін Саблуковтың қолында өлденешеу болған. Саблуковтың варианттарында Шәде ақынның әсері, содан туатын дін сарындары, ертегілік мотив күштегірек"¹⁵/. Міне, бұл нұсқа жайындағы зерттеушілердің беретін мәліметі осы. "Қазақ арасына жыр сюжеті жеті вариант болып таралған" деген пікір де дәл емес. Н.Дүйсенбаевтың айтуы бойынша аталмыш жырдың он алты варианты ғылым тезіне түскен"¹⁶/. Сондай-ақ, ғылымда Г.Н. Твиритиннің орыс тілінде жырлаған нұсқасын осы эпостың орысша аудармасы болып табылады деген пікірдің де барлығын білеміз"¹⁷/. Бұл жөнінде біз Г.Твиритиннің поэмасын аударма емес, өзіндік дербес туынды деген пікірімізді ілгеріректе айтып кеткенбіз.

Бір кездері тіл тарихын зерттеуші ғалымдар халық тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктерді қазақ тілінің рулық-тайпалық ерекшеліктерінің белгісі, диалектілердің іздері ретінде қарастыруды дұрыс деп білді. Бұл ізденістердің көптеген жақсы

¹³ / Аманжолов С. Көрсетілген еңбек. 61-б.

¹⁴ / Әуезов М. Өр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 273-б.

¹⁵ / Қоңыратбаев Ө. Қазақтың Қозы Көрпеш жыры туралы. Алматы, 1959. 82-3.

¹⁶ / Көрсетілген еңбек. 270-б.

¹⁷ / Көрсетілген еңбек.

жақтары, он нәтижелері болды. Қазақ халқын құрайтын негізгі ру=тайпалардың кейбір фонетикалық, лексикалық, грамматикалық айырым белгілері байқалғандай болды. Ежелгі түркілік, орта ғасырлық түркілік жазба ескерткіштердің дерегіне сүйеніп, бүгінгі тілімізде бар аз=маз диалектілік көріністер мен көптеген жергілікті ерекшеліктердің негізінде жақсылы-жаманды болжамдар, тіпті мәнді теориялар да жасалды. Бүкілхалықтық туындыларды белгілі бір ру=тайпаның еншісі ретінде қарастыру етек алды. Мұндай жағдайларда тілдік деректер міндетті түрде сол тайпаның өткен тарихымен сабақтастырылып отырды. Міне, осындай болжамдар эпостық туындыларға да жасалды. Бір кездері сөз болып отырған "Қозы Көрпеш- Баян сұлу" жырының Березин нұсқасы алтын диалектісінің ХІІ-ХУ ғасырлардағы көне ескерткіштерінің бірі есебінде аталды. Қалпы осы күнгі алтын тайпаларының одағы аталатын рулардың тілінде көптеген түркі жұрттарының тіл элементтері болса да, бұл диалектінің негізгі сөйленісі /говори/ алтын тілі болған деп қабылданды. Соның негізінде монғол династиясы ыдырағанға дейінгі кезеңде кіші жүз қазақтарының басын құрап, біріктірген алтын тайпаларының аты бүкіл кіші жүз ру=тайпалар одағының жалпы атауына айналған диалектісінің тілдік айырым белгілері ретінде Березин нұсқасынан: "екеуінің дәуірі даңға шыққан, келе ятса, алдундан жуаз марал тұра қашқан, жайлауы түмьн еміс, жиган еміс, газаматтар деген еміс, кетерекпін, өтерекпін, жиырма йиыл қусам, йетерекпін, оңдайынны көп айтпа маған, алдам оңды йасатқан тобам, қырық бөру келсе йетіп, қырық кез оғым йелынсын оған, қайда барып келдін-ау, айтсана; өткен іске өкініп біз кеталы, мұратқа біз йеталы, ат үстінен Қозыка ұлақтырса, айдалада алпыс күл ойнасқан соң..." секілді мысалдар алынды. Әрине, бұл мысалдардың ішінде =еміс, =сана сияқты көне тұлғалардың бар екендігі даусыз. Дегенмен, асты сызылған сөздердің бәрін де диалектілік ерекшелік деп қабылдау жөнсіз болар еді.

Проф. С.Аманжоловтың айтуынша, Березин нұсқасы 1876 жылы жарық көргенімен ол басқа нұсқаларға қарағанда көнерек^{18/}. Бұл да ойланатын жағдай. Н.Дүйсенбаев Ғ.Дербісалин нұсқасы жөнінде: "Бұл нұсқаның бұрын басылған-басылмағаны бізге белгісіз. ССРС Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазбалар секторында-

18/ Аманжолов С. Көрсетілген еңбек, 102-б.

ғы И.Н. Березин қорынан табылды /№ 5 - қор, 267 жазба/. Қолжазбаның көлемі - үлкен парақты. 12 бет.

... Текстті арабша, ескі емлемен жазылған, тілі негізінде таза араб-парсы сөздері өте сирек кездеседі. Нұсқаның аяғында: "жазған Омбы облыстық махнамасының письмоводители Габдулхайыр Дербісалин, 20 сентябрь 1834 жыл" делінген¹⁹/.

С.Аманжолов жоғарыда аталған еңбегінде Березин нұсқасының көнелігін айта отырып, Дербісалин нұсқасында Березин тектіндегі көне тұлғалардың жоқтығына тоқталады. Галымның айтуына, мүнің себебі жырды жазып алушы немесе жинастырушының жыр текстіне қаналық сипат беріп, осы тұрғыда өзгерістер енгізілуінде²⁰/.

С.Аманжолов Березин нұсқасының тілі көнерек дей отырып: "Однако отдельные особенности более старого варианта сохранились и в этом тексте", - деп Дербісалин нұсқасынан мынадай тілдік фактілер келтіреді. Қараңыз: Шінгені Қозыкөнің қат қарады; ау; балам, үй дегенше бүйде сана; ішінде бидей жесең түр не сана, ...жүр едің не бұйымын сұра сана... шығады аңға қарап ертенді-кеш, ... ойпаң-ойпаң жер келді ойнасарға; төңірінің салғанына көнеді еміс, ...бұсырманға таңдуқ=дүр шықты жаным!

Зерттеуші бұл ерекшеліктерді диалектілік көріністер деп біліп, олардың табиғатын былайша түсіндіреді: "Диалектизм приведенных текстов /они подчеркнуты/ даёт нам право говорить о ярких грамматических особенностях языка западных племен, в частности алшывов"²¹/.

Радлов жариялаған "Қозы Көрпеш" жырн найман таппасының тілдік ескерткіші деп аталады. Бүгінгі күні қазақ тілінде ешқандай диалект атаулының жоқтығы ақиқатқа айналп отыр. Сонау 1805-1807 жылдары егілгі шығыстанушы Генрих-Юлий Клепорт бастап өзінің Париждегі "Азия журналы" бетінде жариялаған "Қазақ тілі туралы" атты мақаласында қазақ даласының о шеті мен бұл шетін тегіс аралап шыққанын, қазақтың үш күзінің де адамдары ешқандай диалектісіз бір тілде сөйлейтінін жазған болатын. Одан бергі кезеңде И.И. Ильминский, Н.В. Радловтар да осы тұрғылас пікір айтқан. Қалай болғанда да қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің диалект дәрежесіне

¹⁹ Аманжолов С. Көрсетілген еңбек, 275-б.

²⁰ Аманжолов С. Көрсетілген еңбек, 102-б.

²¹ Онда, 103-б.

көтерілмегені айқын болып отыр. Жергілікті ерекшеліктердің арасында шын мәнінде осы мекенді шоғырлана қоныстанған тайпалардың ескіден келе жатқан реликт есебіндегі жеке сөздері мен сөйлеу мәнері де, жалпы ауызекі сөйлеу ерекшеліктері де, көрші ұлстың не ұлттың не халықтың тіліндегі ерекшеліктер де сақталады. Әрбір жыршы, орындаушы өз ортасының перзенті болғандықтан жыр текстіңде сол ортаның әсері байқалары сөзсіз. Алайда, қай тұрғыдан алып қарастырсақ та, халық шығармасы болып саналатын ауыз әдебиетінің ірілі-ұсақты жанрларының ешқайсысын рулық-тайпалық диалектінің ескерткіші деп қарауға болмайды. Еуропа мен орыс ғалымдарын таңырқатқан, Г.Н.Потаниннің сөзімен айтқанда, "Орынбордан Алтайға дейінгі бүкіл қазақ даласы жыр еткен" мәдени мұраны бөлшектеп, ру-руға жіліктеп тартуға болмайды. Оның үстіне зерттеушілердің жоғарыда астын сызып келтіретін мысалдары не қазақ тілінің көне, қазірде қолданысы сирексіген сөз тұлғалары, не шағатай дәстүріне еліктеген /жалаң еліктеген/ жыршылар мен кітапшылардың қоспасы, немесе татар емлесін қолданатын Қазан баспалары жіберген орфограммалық алшақтықтар.

Тадай өлкені аралап, өлденеше өңірдің жыршыларының аузымен орындалатын эпостың құрамында, сөз жоқ, көптеген аймақтың жергілікті ерекшеліктері із тастайды. Бірақ, эпос ешуақыт бітпейтін, аяқталмайтын, өзін тудырушы халықпен бірге жасасып жүре беретін туынды болғандықтан, ешуақытта бір ғана томаға тұйық диалектінің аясында қалып қоймақ емес. Ол бүкіл халықтың неше алуан өлкелерінің асқақ стильде қолданылатын сөз шұрыннан құралып, қалыптасады да, диалект атаулы өрісі тар, келешегі жоқ тілдік қолданыстардың бөрінен биік, үстем және бөрінен көркемдігі басым деңгейде тұрады. Қазіргі көсем тілдер теориясының қисындаушы ғалымдар бұрынғы әдеби тіл мен диалектіні қарама-қарсы қоятын екі мүшелі оппозициядан мүлдем бас тартып, бір кездегі алуан түрлі әдеби тіл деп аталып жүрген жасанды стильдік көріністердің бөріні көсем тілдің өр қилы страттары, яғни өрістері ғана деп таниды. Сондай-ақ олар әуел баста рулық-тайпалық диалектілер болды деген жорамалды да ғылыми өрі тарихи дерексіз пайымдалған болжам ғана деп есептейді. Мәселен, А.В. Десницкаяның: "Совершенно очевидно, что только с помощью рабочих гипотез можно надеяться прояснить и оформить наши представ-

...ның өз историі фөрү ресевых коммуникация в эпохи, предшествовавшие феодализму" ²² / - деген тұжырыммен негізге ала отырып М.М. Гурван: "рулық курчлыстың өрілегі сатыларындағы тайпалық диалектінің статусы жайындағы топшылаулардың қандай болмасын біршама сәтті қисындалған гипотезалар мен реконструкцияларға негіз табып тірлейді, ал ондай ой-топшы бойынша қоғам дамуының өртелегі кезеңдерінде болыпты-мыс деп жобалаған тіл көрінісін салғастыратын ешқандай нақты мысал жоқ", - деп, қазіргі диалектологтарды қатаң сынлайды ²³ /.

Эпостың тіліне қарап, нелендей бір ру-тайпаның өзіндік айқашу тіл жүйесін айқындауға болмайды. Ал жырдың ішінде келетін белгілі бір географиялық ұғымдардың атаулары мен этнонимиялық немесе тіпті этногонимиялық терминдер ешуақыт жырдың нақты кей тәрде қалыптасқанын білдіре алмайды. Өйткені, өнердің эпос тәртіпін классикалық туындысы нақты бір аймақта белгілі бір ел-туынның сөз салтауымен эстетикалық тұтастықтағы дүние болып ұғыл салмайды. Талай замандар мен тарихи аңыздалулардың сүзінділігі болатын эпос ең жалпыланған образдар жүйесін сомдайтын, сөз тәсебі бүкіл халықтық тіл қорының ең сүбелі қазыналарына негізделетін, сиятсөзделген туынды ретінде халықтардың мәдениет тарихынан орын алады.

Тоғарында келтірілген мәліметтерге қарағанда Н.Н.Березин бастырған нұсқа жайында ғылымда қалыптасқан пікірлердің өзі біртәді деп айту қиын. Еңрдің маңызды, қажетті, негізгі дей отырып, ғалымдар оның тілі құранды, алабамақ секілді деген де күдік айтады. Оның үстіне жырдың негізі Карқаралыдағы Енақтап тараған деген фольклористердің біраунады тұжырымына керісінше, лингвист С.Аманжолов оны Қазақстанның батыс аймағынан жазылып алынған Кіші жүз қазақтарының, атап айтқанда, алшын диалектісінің ескерткіші деп атайды. Сондай-ақ, Березин нұсқасына жайындағы мазмұн, түр, сөз қолданыс, үйқасын нәғайындағы өзектестігі тұрғысынан зерттеген Н.Дүйсенбаев Березин нұсқасы мен Ерөлов нұсқасы деп аталатын қолжазба тексті қолма-қол салысты-

22 / "Историческая А.Е. К вопросу о языковых отношениях в родоплеменном обществе // А.И. Гурван и языковедение М., 1977, С. 136.

23 / Гурван М.М. Типы наддиалектных форм языка, М., 1981.

ғыл, біріншісіне ортақ белгілер мен айырым ерекшеліктердің басын алады. Осы екі нұсқаны кейінірек фольклорист М.Гумарова да саяси зерттеп, Березин текстінің ішінде қоспа шумақтар бар деген пікірге келген. Ал, Ә.Марғұлан Березин текстіні сәкіммен салыстырмай-ақ жеке өзінің сюжеттік желісін қуалай отырып, Назан баспасы жарыққа шығарғанда жырдың кейбір шумақтарының бұрын ауысып кеткен деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, ол мазмұн үйлесіміне қарай отырып, әлең шумағының тәртібіне ішінара өзгерістер енгізеді.

Біз өзіміздің текстологиялық бақылауларымызда бұл айтылған ақаулықтар мен аламықтардың біразын байқасақ то жырдың алғаш басылым көрген кемісін өзгертуді өзіміздің парызымыз деп санадық. Әрине, фольклористердің тарапынан жоғарыда көтерілген мәселелердің бәрі де зерттеушінің назарын аудартатын маңызды ой-толғаулар. Бұл жерде Березин нұсқасы мен Г.Дербісалин нұсқасының арасындағы тілдік-сюжеттік жақындықты атаған С.Аманжолдың пікірі де ескерілуі тиіс. Аталған екі нұсқаның қайсысының тілі жаңарақ, қайсысы көнерек деген мәселе, әрине, өз алдына тексере түсуді қажет етеді. Дегенмен де Дербісалин, Брәлов, Березин қолында болған жыр текстерінің арасындағы сабақтастық мәселесі текстологиялық тұрғыдан сөз болуы тиіс. Ұсынылып отырған кітапта біз жырдың өзара үндес варианттары мен версияларын салыстыру мақсатын алға қоймадық. Мұны келешекте орындалатын істің үлесі деп біліп, соған дейін осы әңгімемізге арнау болып отырған Березин тексті түпнұсқа басылым ретінде алып, оның кейінгі академиялық оқылымдары ретінде Н.Дүйсенбаев пен Ә.Марғұланның "Ғылым" баспасынан шығарған текстерімен салыстырдық. Біз бұл үш басылымның да өзіміз байқаған дәлсіздіктерін атап көрсетуге тырыстық. Сөйтіп, Березин нұсқасының сәні тексін жасап, оны басқа нұсқалармен салыстыра зерттеуге негіз болатын басты құжат есебінде ұсынып отырмыз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

1. Төкстің зерттелуі

**Оқылымдағы
айырмашылықтарға
түсініктеме**



**ТУРЕЦКАЯ
ХРЕСТОМАТІЯ,**

ОСТАТКОВЫЯ

Профессора С. Петербургскаго Университета

И. ВЕРЗНИНЫЪ

Томъ III.

КАЗАНЬ.
университетской типографіи.
1870.

Кітаптың бұл тарауында біз жоғарыда аталған "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" жырдың үш басылымын тектес қуалай салыстыра-
 1. 1-басылым: М.Т.Т. 1937 ж. 1-көлемі болу үшін біз бұдан былай Н.Н. Березин жа-
 ратпаған тексті түпнұсқа деп, Н.Дүйсенбаев жариялаған тексті
 екінші басылым деп, Б.Марғұлан жариялаған тексті үшінші басы-
 2. 2-басылым: Бұлай еткенде, біріншіден, жырдың жарық кө-
 руінің тарихи хронологиясы сақталады, екіншіден, уақыт өткен
 3. 3-басылым: Осының текстің сапалық жағынан жетіліп өңделгені көзге анық
 4. 4-басылым: Алайда, әр басылымының өзіне тән ақауы
 5. 5-басылым: Болмағандығы себепті жарық көрген шығарманың оқимында кезкен
 6. 6-басылым: Аламықтар тиісініше ескертіліп отырады. Біз Н.Н.Березин бастыр-
 7. 7-басылым: ған түпнұсқа нұсқадан алынып кеткендігі туралы ескертіп отырамыз. Кейінгі ба-
 8. 8-басылым: сылымдар үнемі түпнұсқадан жанылып, жансақтық жасау ғана емес,
 9. 9-басылым: сонымен бірге алғашқы жидының тарапынан кеткен "өттегенай-
 10. 10-басылым: ырды" түзетін жолмен отырған, сөйте тұра, кейінгі бастырушы-
 11. 11-басылым: лар түпнұсқадан алынып кеткен сөздерді ардағидік қате оқыған жерлері
 12. 12-басылым: де бар.

Біз жоғарыда түпнұсқамен салыстыру үшін тек академиялық
 13. 13-басылым: басылымдарды негізге алғанмызды айтқанбыз. Алайда, "Тылым"
 14. 14-басылым: жинағына жарық көрген нұсқалардың өзі де оның тектес деңгейі-
 15. 15-басылым: де көтеріле алмаған. Осыны ескеріп, өзіміздің текстологиялық
 16. 16-басылым: тәсілдерімізде үш нұсқаның өз арасындағы айырым алшақ-
 17. 17-басылым: ықтарын айтумен шектелмей, сол аламықтарды тоқайластырған
 18. 18-басылым: нәтижеде жырдың дүние нұсқасы қандай болу керек деген тұрғыдағы
 19. 19-басылым: ой-толғауымызды да ортаға саламыз. Бұдан әрі текстің үш
 20. 20-басылым: басылымын жолма-жол салыстыруға көшеміз.

х х х

1. Түпнұсқа /70,1,1/:

جوگارتتنان كورونئان سارو قوغاز
 ايدل سرغە تالاسقان مو نه توغازى

2-басылым:

1-жол артынан көрінген сары ноғай,
 Еділ суға таласқан мына тоғай.

3-басылым:

Тоғартынан көрінген сары ноғай,
 Еділ суға таласқан мү не тоғай?

Т ү с і н і к т е м е: Осы өлең тармақтарындағы айрыма-
шылық жоғартынан деген сөздің өркелкі оқылудан болып отыр.
Баллы түркілік және ұлғамардың бірі болып табылатын бұл сөз
қазіргі тіліміздегі жоғарғы жақтан тіркесінің едеби қысқасы-
мы. Ә.Мерғұман /Бұдан әрі - Ә.М./ бұл орфограмманы тиісінше
оқыған. Екінші тармақтағы түпнұсқада біртұтас берілген мү не
сөзін Н.Д. сілтеу есімдігі ретінде мына деп оқыса, Ә.М. осырау
есімдігі ретінде мү не? деп жазған.

х х х

2. Түпнұсқа /70,1,3-4/:

قوزورپاچ دېگنونا، بىر آز اولاندا
ايتتاپ ايتقان كىشىگە، تىم-اق اوناي.

2=басылым:

Қозы Көрпеш дегенің бір аз өлең,
Ештең айтқан кісіге тым-ақ оңай.

3=басылым:

"Қозы Көрпеш" дегенің біраз өлең.
Ештең айтқан кісіге тым-ақ оңай.

Т ү с і н і к т е м е: Ыр әуел баста музыка аспабының
сүйемелдеуімен, әнге қосылып айтылған. Орындаушылық дәстүр-
дің бір көрінісі ретінде текстің әр жерінде дауыс көтерудің
эфатикалық белгісі болып табылатын А-а, Ә-ә түріндегі вока-
лиздер сақталған. Мазмұнға үстемеленетін мағыналық нышан
болмаса да, И.Н. Березин бұларды созылыққа а өрпімен таңбалап
отырған. Ырдың кейінгі басылымдарда бұл өріптер түсіріліп таң-
талған. Түпнұсқада осы одағайлар таңбасы келесі тым-ақ сөзіне
қосылып жазылған. Қазіргі орфография ережесіне сай бұл түс
А-а, тым-ақ оңай болып жазылу керек.

х х х

3. Түпнұсқа /70.2,1-2/:

چېركەك، كېيىنكى، سوزدى، تىم-اق ايتلايدۇ.
بىر اورتاسى، بىر كىشىگە، تىم-اق ايتقان.

2=басылым:

Кішітгер кісіге сөзді көп етелік,
Ең ортасын кішінде белгі етелік.

3=басылым:

Агіттер, кісіге сөзді көң етелік,

Тер ортасын жекенді белгі етелік.

Т ү с і н і к т е м е: Бұл екі тармақтағы өркелкі оқылған **كيشنگه، آکيب، چيکنده، بلکولانك** сөздері. Алғашқы сөз кейінгі басылымдарда кісіге болып берілген. Біз мұны құптаймыз. Себебі араб әліппесіне негізделген түркі жазуында кісі түбіріндегі к,с әріптерінің арасында і жазылмайды, яғни кісі болып таңбаланады. Сол себепті біз бұл сөзді татар фоникасына бейімделіп таңбалаған қысқа сөзі болу керек деп топшылаймыз. Екінші сөз соңғы басылымдарда көп, көң түрінде берілген. Біздің ойымызша бұл созылғы А-а вокализімен қосылып жазылған кеп сөзі болуы керек. Себебі, жұрдың бұдан былайғы жерлерінде де кітаби тілдегі гөп тұлғасынан өзгерген кеп сөзі ұшырасып отырады. Мәселен, түпнұсқаның 88-бетінде: "Барша жанның сиынғаны бір құдайым,

Құлағың сал, А-а, балам, кеп қылайын"-

деген қолданыс бар. Үшінші сөз Н.Д. басылымында жігінде болып, Ө.М. басылымында жекен түрінде берілген. Соңғы баспагер осыған қатысты мынадай түсінік айтады: "Жекен-қопалы көлдер жағасында не қарасу маңайында шығатын жайқын өдемі қара қамыс. Мұның сабағы жөй қамыстан бүтіндей жұмсақ келеді. Жекен - халық әдебиетінде жиі кездесетін, дала ландшафтын суреттейтін бейне" /Ш.Ш.Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағы, I том, Алматы, 1984, 115-б./ Бұл жерде жігінде деген қолданыс дұрысырақ. Татар баспагерлері қазақ сөзіндегі қ,к,г дыбыстарын бірінің орнына бірін жөн-жозықсыз қолдана берген. Төртінші **بلکولانك** сөзі кейінгі басылымдарда белгі етелік деген тіркеспен берілген. Мағыналық жағынан бұл оқылым көңілге қонады.

х х х

4. Түпнұсқа /70,2,3-4/:

يخصس ننگ ارراحي قالمایده اپکن
قوزو کورپاچ بیانده آترا:ننگ

2=басылым:

Тақсының аруағы қалмайды екен,
Қозы Көрпеш, Баянды тербетелік.

3-басылым:

Таксының аруағы қалмай ма екен,
Козы Көрпеш, Баянды тебіретелік.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған сөздің жаңсақ басылғандығы байқалады. Бірақ оны кейінгі басылымдардағыдай оқудың қисыны жоқ секілді. Біздің пікірімізше бұл ауызекі тілдің ауанымен тірі етелік тіркесінің тіретелік болып айтылып, жазуға түскенде ол жартылай татарша таңбалануынан болған ақау.

х х х

5. Түпнұсқа /70,3,3/:

آط سورماق بۇرۇنغىدان قالدۇيدى
سارىبىلى قارابايغا كىمسىن دىيدى

2-басылым:

Ат сұрамақ бұрынғыдан қалды дейді!
Сарыбай Қарабайға кімсің дейді!

3-басылым:

Ат сұрамақ бұрынғыдан қалды дейді,
Сарыбай Қарабайға кімсің - дейді!

Т ү с і н і к т е м е: Бұл жерде, түпнұсқадағы асты сызылған сөзді баспахананың қатесі деп есептейміз. Соңғы басылымдарда дұрыс берілген.

х х х

6. Түпнұсқа /70,4,3/:

ايكاوي بۇرۇنغىدان قالدۇيدى

2-басылым:

Екеуі бір=біріне өтінгенде

3-басылым:

Екеуі бір-бірінен өтінгенде

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы сөз мағыналық жағынан мазмұнға сөйкес келмейді. Отырғанда дегеннен, соңғы басылымдардағы өтінгенде деген дұрыс секілді. Дегенмен, біз мұны текотен ауытқу деп қараймыз.

х х х

7. Түпнұсқа /71,1,2/:

ايكاوي بۇرۇنغىدان قالدۇيدى

2-басылым:

Екеуінің дәуірі даңқы шыққан

3=басылым:

Екеуінің дәуірлеп даңқы шыққан.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы даң сөзі кейінгі басылымдарда даңқ болып кеткен. Бұл диалекталды сипаты бар даң сөзінің семантикасына жете түсінбегеннен болу керек. Осының салдарынан даңқ сөзін байланыстыру үшін Ө.М. дәуірі сөзін дәуірлеп деп, статистік тұлғасында берген.

х х х

8. Түпнұсқа /71,2,4/:

اتاغالى قوراباي بيلتوق عيبدان اونكدا يلاندى

2-басылым:

Атқалы Қарабай мылтықпенен оңтайланды

3-басылым:

Атқалы Қарабай мылтықпенен оңтайланды

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада атағалы формасында жазылған сөз кейінгі басылымдарда атқалы түрінде берілген. Бұл жерде олар қателескен екен деп айта алмаймыз. Дегенмен, түпнұсқадағы беріліс-көне форма. Сөз тарихы, жалпы тіл тарихы тұрғысынан қарастырар болсақ, тілдің дамуындағы белгілі бір заңды процестерден хабар беретін бұл секілді көне тұлғаларды сақтап жазу қажеттілік демекпіз.

х х х

9. Түпнұсқада /71,3,4/:

قوزو كورپاج بيانده تير اتاغالى

2-басылым:

Қозы Көрпеш, Баянды тербетелік,

3-басылым:

Қозы Көрпеш, Баянды тебетелік,

Т ү с і н і к т е м е: Ө.М. асты сызылған сөзді дұрыс берген. Қазіргі тілімізде етіс тұлғасында қолданылатын /тебірен/ бұл сөз жырда өзінің әуел бастағы көне формасын /тебіре/ сақтаған. Н.Д. бұл сөзді жаңсақ түсінген.

х х х

10. Түпнұсқа /71,4,3/:

ئىنگىزلىق تۇرغان، ايرىقباي ايرىق بولسا،

2=басылым:

Тыңдай тұрған ерікпей ерлер болсаң,

3=басылым:

Тыңдай тұрған ерінбей ерлер болсаң,

Т ү с і н і к т е м е: Ө.М. алғашқы шумақтағы осыған ұқсас тармақтың ізімен ерінбей деп өзгерткен, Н.Д. түпнұсқадағы қалпын сақтаған. Мағыналық жағынан бұл екі қолданыс та қисынға келеді.

х х х

11. Түпнұсқа /71,4,4/:

باي بار ايرىقباي

2=басылым:

Ерте заман бір екі бай бар еміс,

3=басылым:

Ерте заман бір, екі бай болған еміс,

Т ү с і н і к т е м е: Ө.М. өлең тармағының бұын санын толтыру үшін бір бұынды бар сөзін екі бұынды болған сөзімен ауыстырған. Бұл өзгеруін өзі "үйқасымды бұзып тұрған"... деп түсіндіреді. Біз Н.Д. басылымында дұрыс, түпнұсқадағы қалпы сақталып берілген деп есептейміз.

х х х

12. Түпнұсқа /71,5,1/:

سول ايرىقباي، بايىقلاي تۇرغان، ايرىقباي

2=басылым:

Сол екі байдың жайлауы төмен еміс.

3=басылым:

Сол екі байдың жайлауы Түмен еміс.

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі басылымдардағы еркелкіліктер түпнұсқадағы сөзді әр қалай оқи беруге болатындығына байланысты.

х х х

13. Түпнұсқа /72,3,3/:

ايرىقباي، ايرىقباي، ايرىقباي

2-басылым:

Атамын деп Қарабай оғын салған,

3-басылым:

Атамын деп Қарабай оғын салып,

Т ү с і н і к т е м е: Ө.М. түпнұсқадағы ұйқасты бұзған. Қырда бұл шумақтың төрт тармағы да есімше тұлғалы ұйқаспен аяқталады.

х х х

14. Түпнұсқа /72,4,1/:

كوك سىنگىردىن ايكى باي، بۇكان طوصقان

2-басылым:

Көк сенгірден екі бай бөкен тосқан,

3-басылым:

Көйсенгірден екі бай бөкен тосқан,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада көк сүңкүр сөзі кейінгі басылымдарда жер атауы есебіндегі көк сенгір түрінде оқылған. Ө.М. бұған: "Көксенгір, Ақсенгір, Қарасенгір дейтін жер аттары. Арқада бірнеше жерде кездеседі,... Мына Көксенгір Аякөз өзені бойында Қорға, Тауыр тауларына көрші тұратын Көксенгір болуға тиісті"-деген түсініктеме берген. Түпнұсқада бұл сөз бөлек жазылады. Н.Д. осы берілімді сақтаған. Ө.М. қосып жазған. Біз көк сөзін сенгірдің анықтаушы ретінде танып, бөлек жазамыз.

х х х

15. Түпнұсқа /73,3,2-4/:

.....

سنگان ديدە

.....

سنگان ديدە

Т ү с і н і к т е м е: Татар орфографиясы бойынша түпнұсқада менген, сенген болып берілген сөздер қазақша оқылым бойынша, кейінгі басылымдарда маған, саған тұлғасында алынған.

х х х

16. Түпнұсқа /75,1,4/

بوعارالده اشپلى تير صاروپاييم

2-басылым:

Бұл маралды атпалы Сарыбайым,

3-басылым:

Бұл маралды атпай түр, Сарыбайым,

Т ү с і н і к т е м е: жырдың осы тармағы түпнұсқа текстің өзінде аса түсінікті емес. Баяндауыштық қызмет атқарып тұрған көне формалы атпалы етістігінен соң бұйрық райдағы түр етістігінің келуі өлеңнің мазмұнын көмескілендіріп жіберген. Осы ақаулы тармақты жөндемек болған Н.Д. түр етістігін тастап кеткен. Сөйтіп, өлеңнің буын өлшемін қара өлеңнің метрикасына сәйкестендірген. Ал, Ө.М. текстен сөз қысқартпаса да, көне формалы атпалы сөзін қазіргі сөйленіс машығына жуықтатып, көсемше тұлғалы /атпай/ етістікпен берген. Сондықтан, бұл тексте аталған екі етістік негізгі және көмекші компоненттерден тұратын тіркесімге айналып кеткен. Алайда, бұлайша жөндеуді мақұлдай беруге болмайды.

х х х

17. Түпнұсқа /74,3,1-2/:

ایکاوومز بیر پروموز صنالقمه
خاتوننک بووازلغه نؤز ایکان صورالقمه

2-басылым:

Екеуміз бір-біріміз сыналықты,
Қатынның буаздығы түр екен сұралық=ты.

3-басылым:

Екеуміз бір-бірімізді сыналық=ты,
Қатынның буаздығын сұралық=ты.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы төуір болып оқилуға тиісті сөзді Н.Д. түр деп оқыса, Ө.М. мүлдем тастап кеткен.

х х х

18. Түпнұсқа /74,4,1/:

ایراننک اوستنده سنکده دپده

2-басылым:

Иранның үстінде сінде дейді.

3-басылым:

Еранның үстіндегі сенді дейді:

Т ү с і н і к т е м е: Бұл қолдың дұрыс оқылымы: Айран-ның үстінде сінді дейді. Бірінші сөзде өліптің үстіне мәдде қойылмай кеткен. Сондықтан оны кейінгі басылымдарда басқаша оқыған.

Сің - көне тулғалы сөз, беретін мағынасы айранның үстіне іркілген сары су дегенді білдіреді. "Қатықтың сіңін ағызу" - айран сүзу. Якут тілінде сіңде деп шалап секілді сусынды атайды. Некарокий сөздігінде көл бетінің жел шайқап, бозайранданып ауруи көксіңді деп аталатыны жазылған. Қазақ тілінде сусінді деген қолланыс бар.

х х х

19. Түпнұсқа /75,1,4/:

دوستتار، ايل، يلا، دوست

Т ү с і н і к т е м е: бұл жерде досты=тамыр қолданысы. Атра-жолдас қос сөзіне келеді. Кейінгі басылымдарда бұл ерекшелік ескерілмей, дос та, тамыр болып кеткен.

х х х

20. Түпнұсқа /75,2,2/:

شیراغیمز بیر قۇدايی قۇلی دئیدی

2=басылым:

Ширағымыз бір құдайдың құлы дейді.

3=басылым:

Ширағымыз бір құдайдың құлы дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада баспаханадан қате жіберілген, ч болып жазылатын өріп, ж болып кеткен. Кейінгі басылымдарда бұл кемшілік түзетілген.

х х х

21. Түпнұсқа /75,3,1/:

قاراباي اينده سوزده ايله ديد

2=басылым:

Қарабай енді сонда келді дейді.

3=басылым:

Қарабай енді сонда келді дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған сөзді с. 4. дұрыс оқыған.

х х х

22. Түпнуска /75,4,3/:

برای اول بری قز سؤز بولسا

2=басылым:

Бірі үл, бірі қыз туар болса,

3=басылым:

Біреуі үл, бірі қыз туар болса,

Т ү с і н і к т е м е: Ө. Марғұланның оқуы дұрыс.

х х х

23. Түпнуска /75,5,2/

اونونك آيتقان سول سر، دى قداكىن الله

2=басылым:

Оның айтқан сол сөзді қадкің алды.

3=басылым:

Оның айтқан сол сөзді күдекең /қабыл/ алды.

Т ү с і н і к т е м е: Асты сызылған қадкің сөзі араб-парсы тілдеріндегі кеуде мағынасындағы қад сөзімен түбірлес болуы мүмкін. Н.Д.: "бұл сөз танылмады" деген түсінік берсе, Ө.М. күдекең деп оқыған да, оған тексте жоқ қабыл сөзін қосып жазған.

х х х

24. Түпнуска /76,1,1/:

چيرمبده يانسبار تيلم تاوق

Т ү с і н і к т е м е: Түпнускада баспахана қатесінің салдарынан жылы сөзі тілім болып кеткен. Соңғы басылымдарда дұрыс жазылуы берілген.

х х х

25. Түпнуска /76,3,1/:

اويونكده مال جاننا امان ديدى

2=басылым:

Үйіңде малы-жаның аман дейді,

3=басылым:

Үйіңдегі мал=жаның аман дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Березин бастырған текстегі ханқа

болып жазылған сөз кейінгі басылымдарда жаның болып өзгертілген. Намасы бұл алдыңғы шал сөзімен қосарланатын дәстүрлі сынар жан болғандықтан қос сөз ыңғайында танылған болу керек. Алайда, түпнұсқадағы жаңқа сөзі анық оқылып тұрғаннан кейін біз оны жеңге деген сөздің кітаби берілімі ме деп жобалаймыз.

х х х

26. Түпнұсқа /75,4,4/:

توبىبە قىلاب سول جىمىردە يات او قوغان

2=басылым:

Түсе қалып сол жерде жата оқыған,

3=басылым:

Түсе қалып сол жерде жата оқыған.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы яат сөзі айат, яғни қазіргіше аят болу керек. Дұрыс берілімі жат болуы тиіс.

х х х

27. Түпнұсқа /77,2,2-4/:

.....

قالادا ايكن صارا باي نيد. قويده

.....
صارا بايدىك صنجيىن اوغل تاويد ا

Т ү с і н і к т е м е: кейінгі екі басылымда да жоғарыда көрсетілген тармақтар біркелкі оқылған:

.....

Қылады екен Сарыбай бек қауіпті,

.....

Сарыбайдың зайыбы үл тауыпты.

Түпнұсқадағы қалада, тауыбды болып берілген сөздер сол кездің емелілік ерекшелігін аңғартады. Ал, көне тұлғалы ұғыл сөзін қазақ тілінің қазіргі нормасына сай үл деп ықшамдап беру арқылы Н.Д. мен Ө.М. II бұынды өлең өлшемін сақтаған.

х х х

28. Түпнұсқа /77,3,3/:

ايلىكە بوردى سوزىنى تالايىن جىيىن

2=басылым:

Елден бұрын сүйінші тілеймін деп,

3=басылым:

Елден бұрын сүйінші тілеймін деп?

Т ү с і н і к т е м е : Түпнұсқадағы "елге бұрын жету" ұғымындағы қолданысты кейінгі басылымдарда "елден бұрын жету" деп өзгерткен. Логикалық тұрғыдан аңда жүрген Сарыбайды елден шыққан кісінің іздеп барып, сүйінші сұрауы қисынға келеді. Алайда, Березин тексіндегі "елге бұрын жету" деген түсінікті де теріске шығаруға болмайды.

х х х

29. Түпнұсқа /77,5,1,4/:

صارا بايدىك. دولتى چىننان آسقان

Т ү с і н і к т е м е : Қазақ тілінде фраза ретінде тұрақтасқан шеннен асу қолданысын түпнұсқада чиннан асқан деп, орыс тілі фонациясына жуықтатып берген. Бұлайша тұлғаланудан екі түрлі қорытынды жасауға болады: біріншіден-жырды бастырушы Березинге, сондай-ақ, татар баспагерлеріне қазақ тіліндегі шен сөзінің семантикасы аса түсінікті болмағандықтан, оның орыс тіліндегі сыңарын беруді жөн көрген; екіншіден - зиялы топтар арасында Қытай деген сөздің чин болып қолданылатындығын ескерсек, бұл фразаны жырдың жинаушысы шыннан асқан деген мағынада түсінуі де ықтимал. Осы шумақтың соңғы тармағында онған тұлғасында жазылған есімдіктің кейінгі басылымдарда оған болып берілуі дұрыс.

х х х

30. Түпнұсқа /78,1,4/:

آشۇك آرقى اوزونك سونداى بولدىرىسنىز
ئە چىننە چوررىسىز، نازچىم ديدە

2=басылым:

Атың арық өзің сондай болдырыпсың,
Не жайға жүріпсің, тазшам дейді.

3=басылым:

Атың арып, өзің сондай болдырыпсың,
Не жаймен жүріпсің, тазшам дейді.

Т ү с і н і к т е м е : Келтірілген жолдардағы алғашқы тар

мақта атың арық қолданысын Ө.М. атың арып деп қазіргі тілдің ауанына қарай өзгерткен. Бұл жерде Н.Д. басылымындағы түпнұсқаға сәй кәлыпты бұзбай беру тәсілін хән деп білеміз. Келесі тармақтағы түпнұсқада жамига деп анық жазылған сөзді Н.Д. жайға, Ө.М. жаймен деп өз қалауларынаша өзгерткен. Біздің ойымызша, бұл сөздің мағынасы "сунт жүру", капылып жүру", сонда тармақты неге сунт жүріпсін, таашам дейді түрінде оқуға болады.

31. Түпнұсқа /78,3,2-4/:

• • • • •
اوسىبو سوزونك كونكلوغه عالم ديدە
انداى آتقە كون كوسە جازم تاشچە
تورت تۈرلۈك مال بەرەين عالم بىزىن صقان ديدە

2=басылым:

Осы сөзін көңіліме мәлім дейді,
Ондай атқа күн туса жаным тазша,
Төрт түлік мал берейін саған дейді.

3=басылым:

Үшбү сөзін көңіліме мәлім дейді.
Ондай атты күн туса, жаным тазша,
Төрт түлік мал берейін саған дейді.

Т у с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы үсбү сөзін Ө.М. үшбү деп дұрыс берген. Н.Д. оны қазақ тілінің осы есімдігімен ауыстырған. Соңғы өзгерістің негізінде кітаби тілдегі үшбү қолданысын осы, бұл есімдіктерінің қосындысы деген көзқарас жатуы ықтимал. Алайда, текске нұқсан келтірудің қажеті жоқ сияқты. Түпнұсқадағы андай атқа тіркесін Ө.М. ондай атты түрінде жазған. Бұл көкейге қонады. Сөзаның алғашқы сөзі андай деп басталуын біз татаризм деп түсінеміз, екінші сөздің атқа болып жазылуы маңсақтық. Бірақ, Н.Д. алғашқы сөзді ондай деп бере отырып, екінші компонентті түпнұсқаға сәйкес қалдырған. Соңғы тармақтағы төрт түрлүк мал деген қолданыс кейінгі басылымдарда қазақ ұғымына сәй төрт түлік мал болып берілген. Егер түпнұсқадағы тіркесімді татарша деп ұғынсақ, оның қазақша баламасы төрт түрлі мал болуы мүмкін.

× × ×

32. Түпнұсқа /78,4,1-3/:

ادءمردنكده تارازاسى تىنكەدە ديدە
بادساننك الدرى كىنكەدە ديدە
براو اوغلا براوى تىز بولوبدى

2=басылым:

Адамдардын таразасы теңде дейді,
Патшаның алдары кеңде дейді.
Біреуі ұл, біреуі қыз болыпты,

3=басылым:

Адамдардын таразасы теңде дейді,
Патшалардың алдары кеңде дейді.
Біреуі ұл, біреуі қыз болыпты.

Т ү с і н і к т е м е: Үш басылымда да бірінші тармақ бір-келкі жазылған. Бірақ осындағы тараза сөзі қазақша не таразы, не терезе, не дереже болуы керек еді. Қазіргі берілісі түсініксіз. Екінші тармақтағы түпнұсқада бадсанның сөзін Ғ.Д. патшаның Ө.М. патшалардың деп берген. Бұларды өдеби тілге сай дей тұрсақ та, көптік =лар жалғауы түпнұсқада жоқ. Осы екі тармақтың соңындағы ұйқас кұраушы теңде дейді, кеңде дейді бұнақтары түпнұсқадан өзгеріссіз берілсе де, оқылымы дұрыс емес деп санаймыз. Қазіргі емлемізге сөйкес бұл сөздер тең-ді, кең-ді дейді болып жазылуы шарт. Осы шумақ пен келесі шумақта біреуі ұл, біреуі қыз дейтін санамалы тіркесімдер бар. Түпнұсқада ұл сөзі негізінен көне түркілік тұлғада ұғұл болып жазылған. Кейінгі бастырушылар осы сөзді тек қана ұл түрінде береді. Біздіңше, кейбір реттерде оны ықшамдамай жазған дұрыс секілді. Себебі бұдан тармақтың бұны саны кеміп кететін реттер де ұшырасады.

33. Түпнұсқа /79,2,2/:

مارال چيقتوب بر طاوغه كىلگان

2=басылым:

Марал шығып бір тауға келген екен,

3=басылым:

Марал қағып бір тауға келген екен.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы чикуб болып жазылған сөзді Ғ.Д. дұрыс оқыған, Ө.М. басқа сөзбен қисынсыз ауыстырған. Түпнұсқада екінші тармақтың соңында көмекші екен етістігі түсіп қалған. Кейінгі басылымдарда бұл орынды түзелген.

х х х

34. Түпнұсқа /79,4,1/:

قاراباي كيد، جاتب بر ياقدين قارا كوردى

3=басылым:

Қарабай келе жатып бір қара көрді,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада Иакдан деп берілген сөзді М.Д. жақтан деп оқыған. Ө.М. тастап кеткен, шамасы ол бұл сөзді артық деп білген тәрізді.

х х х

35. Түпнұсқа /80,1,1-2/:

سارتتار سۇر باسدا طالقہ عمان
اييارگه جايديقه جاراسار نارقى عمان

2=басылым:

Сарттар сұр басады талқыменен,

Ерге жабдық жарасар нарқыменен.

3=басылым:

Сарттар сауыр басады талқыменен,

Ерге жабдық жарасар нарқыменен.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы алғашқы асты сызылған сөздің ортаңғы өрпі в немесе у түрінде оқылатыны белгілі. Алайда, М.Д. у түрінде оқиды. Ө.М. дұрыс берген. Түпнұсқада ейер түрінде көне түркілік формаға жуық берілген сөзді кейінгі басылымдарда қазақ тілінің фонациясына сәйкестеп, ер деп оқыған. Березов жабднқы түрінде тәуелдеулі тұлғада берген сөзді кейінгі басылымдарда жабдық деп беріп, тәуелдеу аффиксін жасырын қалдырған.

х х х

36. Түпнұсқа /80,1, 3-4/:

اولانومنىك باسى ايدي عبد الباشر
قرا بايدنك ايلدى كوشكانونده
قوزو كورياج يلا ايدي يالخور جاسار

2=басылым:

Өлеңімнің басы еді Габділбашар,

Қарабайдың елдері көшкенінде,

Қозы Көрпеш бала еді жалғыз жасар.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқа мен кейінгі басылымдардың арасында алшақтық жоқ. Алайда қазақша транскрипциялағанда Ғабділбашар сөзіндегі үстіне нүкте қойылмаған ع әрпі оқылмай кетуі тиіс еді. Діни ұғым бойынша бұл адамды жаратқан топырақтың аты. Ө.М. оған "ақындарды шабытқа келтіретін сеуегей ата" деген анықтама берген. Н.Д. "қайдан алынғаны түсініксіз" деген сілтемемен шектелген. Түпнұсқадағы иллари - татаризм. Қазақша берілімі дұрыс. Березин и/ж сөйкесімінің күйесін сақтмай Иалғыз жасар деп бергендіктен өлеңнің осы бунағының ішкі аллитерациялық үндестігі бұзылған.

х х х

37. Түпнұсқа /80,4,1/:

تامام مولدا چيلد او قور خصم

2=басылым:

Тамам молла жинлып оқыр хатын,

3=басылым:

Тамам молла жинлып оқыр хатым.

Т ү с і н і к т е м е: Осы тармақтың ең соңғы сөзі түпнұсқада анық оқылмайды, Н.Д. бұл сөзді хат мағынасында оқыған. Ө.М. хатым деп оқып, оған "хатым оқу-өлген кісіге арнап қуран шығару" деген түсінік берген. Бұл оқылмының дұрыс болуы ықтимал. Березин молда сөзін қазақша дыбысталуы бойынша жазған, ал кейінгі басылымдарда ол молла тұлғасында кітебиландырып берілген.

х х х

38. Түпнұсқа /81,1,2/:

بیر فرزند کو کایین کسکان اینک

2=басылым:

Бір перзент көкейін кескен екен,

3=басылым:

Бір перзент көкейлерін кескен екен.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада фарсизм тұлғасында фарзанд болып берілген сөз кейінгі екі басылымда қазақша айтылуына перзент деп оқылған. Көкейін сөзін Ө.М. көптік жалғауын қосып, көкейлерін деп өзгерткен. Шамасы ол тармақтың бұны саны жетіспейді деп есептеген.

х х х

39. Түпнұсқа /81,2,3/;

زاوی زماڭان ئىكەنمەن ايكىن اول مازرا قالسىدە

2=басылым:

Зайзаман екеуімізден екі үл туа қалса,

3=басылым:

Заузаман екеуімізден екі үл туа қалса,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада тармақтың басындағы екі мүшелі тіркесім зауы замау деп берілген. Шамасы Березин анықтаушылық қызмет атқаратын мүшенің соңында жасирын тұратын жалғау болуы тиіс деп жобалаған. Ө.М. бұл тіркесімді заузаман деп оқып, оған /зауде/ - егегде, маселен деген анықтама береді. Және бұл ойын Орнборда 1903 жылы шыққан қазақша=орысша сөздікке сілтеме жасап, дәйектейді. И.Д. текстен аулақтап, ешбір түсіндірмесіз "зайзаман" деген оқылым береді.

х х х

40. Түпнұсқа /81,3,5/:

براوی اول برادی قور برلقانده

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқаның осы бетіндегі алғашқы үш шумақ өлеңнің бірінші, екінші тармақтары толық қайталанып, өлеңнің басы сол деген сілтеу есімдігімен келеді. Бірақ, Ө.М. екінші шумақтың басындағы сол есімдігін алып тастаған және себебін көрсетпеген. Ал, И.Д. үшінші шумақтағы үшінші тармақтың соңғы есімше баяндаушы болғанда сөзін бола қалса деген шартты райлы етістік тіркесімен берген. Біз бұл өзгерістерді лексикологиялық жансақтық деп қараймыз.

х х х

41. Түпнұсқа /81,4,3-4/:

دوزكورياچ قورساقده بيان ايديله
ايديله ياتقلى ايكاولين قورساقان ايكن

Т ү с і н і к т е м е: Ескі емледегі жүйесіздіктің бір түрі с/ш фонемалары мағыналық жағынан ажыратпағандығынан да көрінеді. Жоғарыда келтірілген екі тармақтың алғашқысында ісде деп берілген сөз, келесіде іште болып қайталанады. Кейінгі басылымдарда бұл бір ізге келтіріліп, іште түрінде беріледі.

х х х

42. Түпнұсқа /81,5,1-4/:

كوشىپ كىتدى قىراپى ادنىكان كونهامى
سو كىتكىنان كىتاده قايتىپ، كىلامى
سوزداى آيتىپ قوسىغان قوسىغان قوزوكە نىلك
سول قىراپى كىتاداق قايتىپ، برىمامى

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы осы шумақты текстологиялық жағынан негізінен ақаусыз деп тануға болар еді. Березин тек сол деген сілтеу есімдігін біресе ауызекі айтылымына қарай со деп, ықшамдап, екінші жерде толық күйінде сол тұлғасында береді. Үшінші тармақтағы өлең жолы буын саны жағынан II буыннан асып кеткен. Бұл да ауызекі дәстүрдің өсерінен болуы тиіс. Алайда, кейінгі басылымда Н.Д. "көшіріп кетті" деп бастаса, екінші тармақтағы со тұлғалы есімдікті екі басылымда да өзгертіп, сол түрінде береді, ал үшінші тармақтағы жол басында тұрған сондай сөзін Ө.М. артық буын деп санап, текстен алып тастаған. Бұдан, ерине, өлеңнің буын ұяқасымы жетілген тәрізді болғанымен, түп нұсқаға қиянат келетіні анық. Біз бұл өзгертулердің бәрін текстологиялық дәлсіздіктер деп қараймыз.

х х х

43. Түпнұсқа /82,1,1-4/:

قوزوكورپاج بيرينه اوينايدە مەن
دېكەننە بر جىتباي قويمايدە مەن
اير ايكي بولغانصونك قوزوكورپاج
تامام بالا جىلب استقە اوينايدە مەن

2=басылым:

Қозы Көрпеш жерінде ойнайды=мыс,
Дегеніне бір жетпей қоймайды=мыс.
Ер екі болған соң Қозы Көрпеш,
Тамам бала жиылып асықты ойнайды=мыс.

3=басылым:

Қозы Көрпеш жерінде ойнайды=мыс,
Дегеніне бір жетпей қоймайды=мыс.
Бір, екі /жыл/ болған соң Қозы Көрпеш,
Тамам бала жиылып ойнайды=мыс.

Т ү с і н і к т е м е: Бұл шумақтың ақаулығы ең әуелі түп-

нұсқаның өзінен басталады. Мәселен, бірінші тармақтағы ирине, үшінші тармақтағы ер екі, төртінші тармақтағы жылыб сөздері дұрыс танылмаған. Сондықтан, алғашқы сөз екі басылымыда да жерінде болып, екінші сөз Ө.М. басылымында бір, екі жыл болып, үшінші сөз екеуінде де жылып болып оқылған. Бұл ақаулықтың сырын И.Ғүмарова біршама ашып берген. Ол Фролов нұсқасынан осыған ұқсас бір шумақ келтіреді. Қараныз:

Қозы Көрпеш әр нені ойлайды еміш,
дегеніне бір жетпей қоймайды еміш.
Ересекті болған соң Қозы Көрпеш,
Тазшаменен асықты ойнайды еміш.

Фролов қолжазбасын архивтен тапқан И.Д. оның мұқабасында "1841 жылы жазылған" деген дерек бар деп мәлімдейді. Березин тексті мен бұл нұсқаның арасында жақындық бары сөзсіз. Салыстырылып отырған шумақтардың Фролов нұсқасындағысы дұрысырақ дейтін болсақ, онда, ирине ойнайды болмай, әр нені ойлайды деген, ер екі болмай, ересекті болған дұрыс деп қарауымыз керек. Ал, тамам бала деген орындағы тазшамен дейтін қолданыс варианттар арасындағы еркелкілік болуы да ықтимал. Алайда, И.Д. кезінде Березин, Фролов нұсқаларын жолма-жол салыстырып шыққаны мәлім. Ол бойынша, бірінші тармақтағы асты сызылған сөз әр нені ойнайды, үшінші тармақтағы сөз қосыншасына ересек тұлғасында тұруы тиіс. Демек, бұл-екі текстологтың оқылымы арасындағы сәйкессіздіктер. Түпнұсқадан тысқары кейінгі екі басылымның арасында да айырмашылық жоқ емес. Мәселен, И.Д. ерекі деп берген қолданысты түпнұсқадан Ө.М. оны бір, екі деп жазып, жақшаның ішінде жыл деген сөзді қосып, толықтырады. Ал, төртінші тармақтағы асықты деген сөзді мүлдем алып тастап, өлеңнің буын санын теңестіреді. Бұл түзетулер, сөзсіз, оқырманға түсінікті болсын деген ниетпен жасалған. Сонымен, бұл шумақтың екі нұсқадан қорытылған сындарлы үлгісі біздіңше былай болуы тиіс:

Қозы Көрпеш әр нені ойлайды=мыс,
дегеніне бір жетпей қоймайды=мыс.
Ересек болғаннан соң Қозы-Көрпеш,
Тамам бала жылып асықты ойнайды=мыс.

44. Түпнуска /82,2,1-4/:

ياسى كچى آغا اينى بولدى
 يىكت نك اوز بوينه سنو بولدى
 اينكى ياسىكه كلكانده قوزو كورپاچ
 چچه سلاهق بر كان كوئى بولدى

2-басылым:

Хасы киши агага іні болды,
 Игіттің өз бойында іні болды.

 Шеше тамақ бермеген күні болды

3-басылым:

Хасы киши, агага іні болды,
 Игіттің өз бойына іні болды.

 Шешесіне тамақ берген күні болды.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнускадағы хасы киши ага деген фраза ұғымсыз. Сондықтан, кейінгі басылымдарда аға сөзін сөзсіз агага деп оқыған. Алайда, бұл оқылмның да мағынасы айқын емес. Хасы киши агага емес "хасы үлкен аға" болуы керек еді. Бұл тармақ біздің түсінігімізше "хасы кішіге - аға, үлкейге - іні болды" делінуге тиіс еді. Осы шумақтың екінші тармағындағы "Көзү" деген сөзді Ө.М. өзгертіп жазса, Н.Д. бойында деп түзеген. Нарыналық мағынаы бұл жөндеу қисынды, бірақ түпнускадан алшақ. Төртінші тармақтағы деме сөзін Ө.М. шешесіне деп өзгертіп. Бірақ да мағынасы "саласы шешесіне тамақ береді". Н.Д. бұл қолды шеше тамақ бермеген деп жазған. Түпнускада шеше тамақ берген деп жазылған. Сөйтіп, үш басылымының үшеуінде бұл тіркесті біріне бірі қайшы болып шыққан. Біздің ұғымымызша осы тұста шеше тамақ бер деген күні болды деген дұрыс секілді.

х х х

45. Түпнуска /82,9,2/:

بوز ياسىدە دائىمە بوجكلا بوي

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақтағы асты сызылған сөзді кейінгі екі басылымда да болжамайды деп түзеткен. Шамасы бұл оқылм дұрыс болу керек.

х х х

46. Түпнүсқа /82,4,1-2/

ایتایم قوزو كورپاچ اولای پاقتاب
التي ياسده توراده ان خلق عاقبت

2-басылым:

Айтайы Қозы Көрпеш өлең жаттап,
Алты жаста тұрады-ау халқы мақтап.

3-басылым:

Айтайы Қозы Көрпеш өлең жаттап,
Алты жаста тұрады-ау халқы мақтап.

Түсініктеме: Бұл шумақтың бірінші тармағы көмескілеу берілген. Сондықтан келесі басылымдарда баяндауыш мүше бірде Н.Д./ "өлең жаттап", екінші жолы "өлең жаттап" /Ө.М./ болып берілген. Осы тіркесімдегі өлең оқылымын біз ұлап деп оқыдық. Осы шумақтың соңғы тармағындағы қондырады деген сөзді Н.Д. қондырды деп оқыған. Бұл әрі мағыналық, әрі текстологиялық тұрғыдан дұрыс емес.

х х х

47. Түпнүсқа /83,1,1-2/:

آچچكە خۇدا دىك كورسەتكەننى كۆرۈپتەن دەيدە
مولدا لار دىك خالغانى دەيدە دەيدە

2-басылым:

А, шешеке, Құдайдың көрсеткені жөнді дейді,
Молдалардың салғаны дөмді дейді.

3-басылым:

А, шешеке, көрсеткені құдайдың жөн-ді дейді,
Молдалардың салғаны дем-ді дейді.

Түсініктеме: Ө.М. Түпнүсқаны негізінен дұрыс оқыған. Жөнді, дөмді сөздеріндегі =ді шылаулығы дефиспен бөліп жаууы, әрі орфографиялық, әрі логикалық жағынан қисынды. Бірақ ол Құдайдың көрсеткені деген тіркесімді орынсыз инверсиялаған. Н.Д. өлеңдегі сөздердің орын тәртібін сақтаған, бірақ жөнді дегендегі =ді шылаулығын бөлмегендіктен бұл сөз сын есім тәртізденіп кеткен. Ал, дем-ді дегенді дөмді деп таза сындық мағынада оқыған. Бұл сөз зат болуы тиіс. Ө.М. осыған байланысты "дем са-

лу, үшкіру, ауруға су бүрку" деп, анықтама береді. Біз бұған қосылған.

х х х

48. Түпнұсқа /83,3,2-8/:

.....
بيورماسىنىڭ دە ئورنىيە
بلە تازچە مۇندا بىر يېقىندە بار
.....

2=басылым:

.....
Бермесіңді сенің де тұрайын ба
Тазша мұнда бір жақында бар,
.....

3=басылым:

.....
Бермесең де сертінде тұрайын ба?
Бәде тазша мұнда бір жақында бар,
.....

Т ү с і н і к т е м е: Екінші тармақтың басындағы сөз түпнұсқа бойынша бұйырмасынды деп оқуға келетін бекілді. Келсе! сөз сінде болып таңбаланған, Мұны сенің де деп оқыған қисынға келеді. Соңғы сөздің сінлымы күнел тұғызады. Біз оны торийи ба деп, сынау, андау мағынасында оқыдық. Үшінші тармақтың басындағы бле болып таңбаланған сөзді Ө.М. бәде деп оқыған, Н.Д. оны азбай тастап қаткен. Біз мағыналық жағына қарап, текотегі кейбір сөздердің көпе-көрінеу қате жазылғандығын ескеріп, әрі тілімізде "тазша бала" тұрақты тіркеуінің барлығын ескеріп, бұл сөзді тазша бала деп оқыдық.

х х х

49. Түпнұсқа /83,4,3/:

.....
ادرا قاتغر تازچەنى قىستلاين
.....

2=басылым:

Адирон қалғыр тазшаны не қыласың,

3-басылым:

Адирон қалғыр тазшаны не қыласың,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған сөзді біз присықтағын деген оқилыммен береміз. Бұл жұмақтың логикасына да қабысады.

х х х

50. Түпнұсқа /84,1,4/:

آسقى اوينار اوقاتىڭ قالاي ديدى

2-басылым:

Асық ойнар уақытың қалай дейді,

3-басылым:

Асық ойнар уақытың қалай дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Асты сызылған сөз түпнұсқада ауқат деп анық жазылған. Бірақ, Н.Д. оны уақытың деп оқыған, ал М. уақытың деп оқып, ері ол сөзге "ауқат-қуат, күш, мерей, қалай" деген анықтама береді.

х х х

51. Түпнұсқа /84,3,3/:

قورۇ كورپاچ نىڭ اوپونى جايىن بىلمى

2-басылым:

Қоры Көрпеш ойынының жайын білмей

3-басылым:

Қоры Көрпештей ойының жайын білмей

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы Қоры Көрпештің болып оқылатын сөзді Ә.М. Қоры Көрпештей, Н.Д. Қоры Көрпеш деп оқыған. Бұл тармақтағы қайылуы көмекші оқу сөзін Ә.М. Сиймен деп оқыған, Н.Д. ойынының деп оқыған. Мағыналық жағынан осы оқылма нұсқасына келеді.

х х х

52. Түпнуска /84,4,1-4/:

قوزو گورنایچ منگان نى كى كده دېده
ياوگان شاردای برون قوزق دېده
عقلی بوق سوم نازچه اويناغنده
اوز صاق سون اوزونه صلا بېردى دېده

Т у с і н і к т е м е: Түпнускада берілген шумақты Н.Д. нәгізінен сол қалпында оқыған. Мұндағы айырмашылық - керектікті, сөзін оның керек деп беруі. Ө.М. Бірінші тармақтағы маған есімдігін саған деп өзгерткен. Екінші тармақтағы боран сөзін бораған деп бұны оанын ұзартқан. Төртінші тармақтағы өзіне дегенді өзі деп берген. Түпнускадан бұлайша ауытқудың себебі әлеқкігі маамуны мен бұны өлшемінде жаңсақтық бәр деген тғыннан туса керек.

х х х

53. Түпнуска /85,1,3/:

مونان بولای سدينك سان اويناмаймын

2-басылым:

Мұная былай сенімен ойнамаймын,

3-басылым:

Мұнан былай сенімен ойнамаймын,

Т у с і н і к т е м е: Түпнускадағы берілім ескі кітеби тілдің сенің білен терізді қолданысына жақын, соның қысқарымы. Н.Д. осы тұлғаны сақтаған, ал Ө.М. қазіргі норма бойынша сенімен деп өзгерткен. Ирдың көнелік белгілерінің көп жаңартыла бермегені мен деп білеміз.

х х х

54. Түпнуска /95,2,1-2/:

قولونگا اوستادانومنگ باقان كېنده
نازچه سيگان بر اولوم تاغار دېنده

Т у с і н і к т е м е: Түпнускадағы бірінші тармақ лстике-лық, грамматикалық қарына дұрыс жазылмаған. Бірінші жақтағы қолынға екінші жақтағы ұстағанын сөзімен қиыстырылған. Екі тармақтың соңындағы ұйқасын құрайтын бақан ба еді, тақалды енді секілді бунақтар дұрыс орфографиялапбаған. Нәтижесінде бақан ба еді деген үш элементтен тұратын тіркесті бақан бады болып, ал тақалды енді деген екі сөздің жігі бұзылып, тақал депді болып берілген.

Көйүн: Басылымда бұл аңаулар түзетілген.

х х х

55. Түпнуска /85,3,1-3/

اولان آيتب چيرامن بيرنه ننگلك فيق

قايتكنه بارماي بيركان عتدار

Т ү с і н і к т е м е: Асты сызылған бірінші сөзді кейінгі екі басылымда жүремін деп дұрыс оқыған. Түпнускада ертеңді-кеш деген қос сөз ауызекі тілдің әсерімен ертеңдік-кеш болып жазсақ жазылған. Бұл жерде қос сөздің соңғы सदрынның басындағы қосақ и дыбысы әлдеде фразалық екпіннің түсуіне байланысты екі көбейіп, тиенаталық артық дыбыс туғызып тұр. Түпнускада кайткан қайна сөзі түсініксіз. Бұл типографиялық қатенің сөзделуі болу керек. Дұрысында соңғы и әрпі и әрпінің алдында тұрғаны бол.

х х х

56. Түпнуска /85,4,8/:

حاتونكاند بار آكاي عتكان كيلوب

Т ү с і н і к т е м е: Түпнускадағы асты сызылған сөз қате басылған. Дұрысы қатынына болу керек. Кейінгі басылымдарда да қате кеткен.

х х х

57. Түпнуска /85,5,1-2/

سین قوراق درجه آك تازچم قان قیلغانداي
عتدنل آداستم داله خلدعاداي

Т ү с і н і к т е м е: Түпнускадағы қора қорша деген асық ойынның терминін кейінгі бастырушылар түсінбегендіктен, анық тұрған сөзді тура тұршы деп қате оқыған. Соған бунақтағы қан қылғандай деген тіркесім де асықтан сәкәсән хан саялап ойнай-тың салтпен байланысты болу керек. Екінші тармақтағы дал қылғандай бунағы кейінгі басылымдарда дұрыс оқылған. Түпнускада и болып оқылатын әріптің үстіне қойылған нокат қате болуға тиіс. Көмекші етістіктің қайталануымен жасалатын редиңгі ұйқас ретінде алғашқы ырақ тобына /хан қылғандай/ сәйкесетін элемент дал

кылгандай болуу өбдөн ықтимал. Осы шумақтың кейінгі үнінші, төртінші тармақтағында да аэли-келті аунтқулар бар. Мысалы, Ө.М. үнінші тармақтағы А-а, тазша, сақа деген ат берейін деген сөздердің арнын ауыстырып "сақа тазша, а, тазша..." деп инверсиялайды, төртінші тармақтағы түпнұсқада менім қайным кім деген дән болғандай деп жазылған жолдың чүтөшкы сөзін кейінгі басымдарда менім қайным түрінде оқыған. Аыр аунзекі едесі тілдің үлгісі болғандықтан, оны жазба әлеби тілдің нормасын тұрғызып өзгерте беруге болмайды.

х х х

58. Түпнұсқа /86,1,4/:

اولئوگ آيتم خدا بولغان بي پرده تری آدم پرون

Т ү с і н і к т е м е: Березин тексінде худа деп парсы сөзін кітабы норма бойынша жазған; кейінгі басылымдарда бұ жерде болып жүрген тіркес түпнұсқада би перде, пердесте, бесті ашық, игни жария қуда болған деген ұғымда қолданылуы да ықтимал.

х х х

59. Түпнұсқа /87,1,4/:

اینکته بادوب چچه نکلان سوپرده من

Т ү с і н і к т е м е: Асты снылған сөзді кейінгі басылымдарда сура деп мағыналық жағынан дұрыс жазған. Егер Березин қансақ жазбаған болса, бұл сура сөзінің көне тұлғасы болуы да ықтимал.

х х х

60. Түпнұсқа /87,3,4/:

ایسیکین ضرب اوروب اویکه کیرده

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы зарыб үру түсініксіздеу Алайда Н.Д. Соған хунқтатып оқыған /зартап ұрып/ Ө.М. серит ұрып деп жөндеген. Мағыналық жағынан бұл қисыға келеді. Бірақ түпнұсқадан шалғай. Осы шумақтың бірінші тармағындағы Қозы Көрпештің мінгені қара кері дегендегі соңғы сөз соңғы басылымдарда қара кер-ді болып сәрілген. Шамасы бұл келесі тармақтағы ақыл берді деген бунақпен ұйқастыру үшін қажет болған.

х х х

61. Түпнұсқа /87,4,2/:

آشور و نناق تازچه ننگ اوپونی بوزده دینه

2-басылым:

А, шунақ тавла ойныды бұзды дейді

3-басылым:

А, шунақ тазла, онык олин бұзды дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы текст айқын терілмеген. Сөздердің арасы кейде орнысыз қосылып, кейде қате бөлініп кетіп отырады. Асты сызылған сөзді кейінгі басылымдарда А, шунақ деп оқыған. Біздіңше бұл жердегі сөз басындағы өліп лебіздік ұғым беретін одағай таңба емес. Біз оны келесі сөзден бөлмей, Ашуынақ газданын ойны бұзды дейді, - түрінде оқығанды жол көрдік.

х х х

62. Түпнұсқа /88,1; 2,4/:

اسمیرجه من پیاپین اورماکندی

اسمیر پردہ نولاب کناین اورماکندی

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада келтірілген бұл тармақтардың біріншісі кері көмәскі оқылады. Кейінгі басылымдарда бұл сөздерді мырдың қалпы сабынына қарай түзетіп оқыған. Мысалы, екінші тармақтағы асты сызылған сөз Янапайы түрінде жазылса да, қазақ ғалымдары оны жамзын деп оқыған. Төртінші тармақтың басындағы есбу болып жазылған сөзді үшбу деп, төлеләйнайы деп жазылған тіркесті төлеп кетейін деп оқыған. Бұл жерден Қазап баспасының полиграфиялық мүмкіндігінің төмеп болғандығын көреміз. Бұл тексіне енгізілген түзетулердің қандай деректерге негізделгені белгісіз.

х х х

63. Түпнұсқа /90,2,2/:

اورو يوقفه حیح قايغورملى دور يالغز پاسى

2-басылым:

Бүйрыққа еш қайғырмайд ер жалғыз басп.

3-басылым:

Бауыры жоққа еш қайғырмайды жалғыз басп.

Т ү с і н і к т е м е: Березин нұсқасында көне түркі повиясына тән «дүр» қосыммасы сақталған, соңғы бұнақ құрайтын «гі

сөз жалғыз пасы болып, қате жазылған. Н.Д. тармақтың басындағы бауыр жоққа тіркесімін бұйрыққа деп оқыған.

Қайғырмай дүр тұлғасын қайғырмайд ер деген екі сөз деп ұғынған. Ө.М. тармақты негізінен дұрыс оқыған, тек кене тұлғаны көрсететін «дүр қосымшасын қазіргі тіліміздің жіктік жалғауы» ды түрінде берген. Кене тіл көріністерін әрдайым өзгерте беру поэзия тілінің заманылар куәсі болатындығына шүбә келтіруі де, мүмкін. Екі оқылымда да жалғыз пасы жалғыз басы болып, дұрыс түзелген.

х х х

64. Түпнұсқа /90,3; 2, 3-4/:

قوزو كوپايچ منكانو كوكتر ديدنه
سوويلا وگه قريل ندم ايسوده ديدنه
كويكانمدن ايتامن يالخير بالام
قوسقانور راست اينده ديدنه

2=басылым:

Қозы Көрпеш мінгені көк-ті дейді,
Сөйлеуге қызыл тілім епті дейді,
Күйінгенімнен айтамын жалғыз балам,
Қосқаны рас еді, депті дейді.

3=басылым:

Қозы Көрпеш мінгені көк-ті дейді,
Сөйлеуге қызыл тілім епті дейді!
Күйінгеннен айтамын жалғыз балам,
Қосқаны рас еді депті дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы есепті сөзін кейінгі басылымдар епті деп түзеткен. Бұл ұйқасымға келеді. Қателік бар деп айту қиын. "Қызыл тілім есепті", "Қызыл тілім епті" деп, екі түрде де айтуға болады. Үшінші тармақтағы түпнұсқада күйінгенімнен болып дұрыс берілген сөзді Н.Д. күйінгенімнен, Ө.М. күйінгеннен деп орыныыз түзеткен. Соңғы төртінші тармақтағы кене тұлғалы рас сөзін екі бастырушы да қазіргі тілдің заңдылығымен рас деп оқиды. Бұған келісуге болады. Ал, содан кейінгі түпнұсқада едді болып жазылған сөзді кейінгі басылымдарда еді деп оқудың қисыны жоқ еді.

х х х

65. Түпнуска /91,1,1/:

كۆيگەنەن دىن بىراق كۆكچە قۇربان

2-басылым:

Кішкенеден жүрүшү ең көкшө құрбан

3-басылым:

Кішкененнен жүрүшү ең көкшө қоян.

Т у с і н і к т е м е: Тармақтың бірінші сөзінің берілісінде қансақтық бар. Соңғы нң орфограммасы орнында тұрған жоқ. Сондықтан, Н.Д. оны алып тастап, кішкенеден деп оқыр, Ө.М. сөз ортасында келтіріп, кішкененнен түрінде оқыр. Бір есепте соңғы екі нұсқада да жүрүшү сөзінен кейін жазылған дербес ең осы элемент болуы да ықтимал. Соңғы бұнақ жүрайтын екі сөздің алғашқысы - көкше анық оқылады, ал құрбан түрінде таңбаланған соңғы сөзді Б.Д. құрбан деп, Ө.М. қоян деп оқыған. Біз құрбан түріндегі оқылымды жобаға келеді деп есептейміз. Мағынасы "көктің құрбаны" яғни, "төңірінің пендесі" дегенге саятын секілді.

х х х

66. Түпнуска /91,3,2/:

قوزكە چچاسى لەم دەپ ايتۇشۇمەس

2-басылым:

Қозыкеге шешесі ләм деп айтушы емес

3-басылым:

Қозыкеге шешесі ләм деп айтушы емес

Т у с і н і к т е м е: Түпнускадағы асты сызылған сөз Қо-
зыкеме болып оқылады. Кейінгі бастырушылар С ерпінің аяқ жа-
ғындағы жалғас жазылған ним / м / графемасын тани алмаған.

х х х

67. Түпнуска /92,4,1-4/:

بو يالخانده صح كوزو آچمايسن
ايرليمن ديب سموراييسن بولداستك
قلب اوسدگان كوكلوكلدى ننتاك قلب
او ايسنرگان كم ايد "صح او كيايسن

Т у с і н і к т е м е: Келтірілген шумақтың бірінші тар-
мағы үш нұсқада да бірқелжі оқылған. Екінші тармақтың соңы-

дагы молдасын болуп аягылып турган сөз. Биринчи және төртүнчү тармактын үлкөс кутуушы бунактарындагы ашылмасын, оңбасын деген сөздөр мен үндөсүн турганмен, буун саны сөйкөс келмейд. Сондуктан Н.Д. эшбир ескертүүсүз=ак молдасында деп бир буун үзүрткөн. Ө.М. осы сөздүн аягына =ды жіктік жалгауын кошканымен, оны квадрат жакшамен коршап көрсөткөн. Біз екінчи тармактын буун саны жетіспейтін болса да сөзгө үлкөсү турган сөзгө артык қосымша қосқанынан гөрі, соның алдынан сен деген есімдікті сыналаған дүрыс болар еді деп есептейміз. Түпнүсқада жөк сөз квадрат жакшага алынуга тиіс.

Үшінчи тармақтагы көмескілеу оқылатын телі сөзін Ө.М. дүрыс айнырып таныған. Н.Д. бұл сөзді тілі деп қате оқыған. Төртінші тармактын басында оны деген сілтеу есімдігінің ауызекі тілдің ауанымен қыртылай күмілжі айтылатын о түсірі бар. Н.Д. бұны оқымай кеткөн, ал Ө.М. ау одағайымен ауныстырған. Біз о/ны деп оқыдық.

х х х

60. Түпнүсқа /93,1,4/;

.....
 اوغون بوند كوزوكام طاسقارادان

 نوراده كنگاس سورايد او بوزبالادان

2=басылым:

Оғын жандыр Қозыкем тасқарадан,

Тұрады кеңес сұрайды=ау бозбаладан.

3=басылым:

Оғын жандыр Қозыкем тазқарадан,

Тұрып кеңес сұрайды=ау бозбаладан.

Т ү с і н і к т е м е: Бірінші тармақтагы алғашқы бунақ оғын жандыр болған оқилуык тиіс. Алайда оны Н.Д. оғын жандыр десе, Ө.М. оғын жандыр деп жансақ оқыған. Ш.Уәлихановтың айтуын-

ша садақ оғана "тазқараның тайлық жүні", "Сүшігеннің қойлық жүні" қауырсынмен қоса бекітіледі. Бұны "оқты жүндеу" деп атайды. Тармақтың соңындағы тазқарадан сөзі түпнұсқада тасқарадан түрінде қате жазылған, Н.Д. осы берілгенді сақтаған. Ә.М. тазқарадан қып түзеіп жазып, оған "Тазқара-қара күс, оның қауырсынның қонып оққа сап жасайды" деген анықтама берген. Бұл қате. Қауырсынның оққа сап болмайды. Жырда кездесетін оқтың түрлері: қайың оқ, қарағай оқ, қамыс оқ. Қауырсын соларға бекітіліп, оқтың дәл ұшуына бағыт береді.

Соңғы, төртінші тармақ біздің оқуымызша тұра да кеңес сұрайды=ау бозбаладан болуы тиіс. Алайда да шылауының соңындағы а түпнұсқада әліпсіз берілген. Сондықтан кейінгі бастырушылар оны ды деп оқыған.

х х х

69. Түпнұсқа /93,3,1/:

آق ساقالدى بىرلويگە قورلاتتى

2=басылым:

Ақ сақалды біреуге қорлатыпты

3=басылым:

Ақ сақалды бір үйге төрелетіпті

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақтағы түпнұсқадағы айқын жазылған бір үйге деген сөзді Н.Д. біреуге деп жаңсақ оқыған, Ә.М. дұрыс жазған. Содан кейінгі сөз баспаның кінәсынан қате жазылған болуы керек. Түпнұсқадағы берілімі бойынша бұл сөз күрделі болып оқылады. Біз сөз басындағы к әрпі қаңылмас түскен т әрпі болуы керек деп қобалап, тұрлатыпты деп оқимыз. Мағынасым "қондырыпты, түсіріпті, тұрақтатыпты" дегенге саяды. Жырдың басқа жерлерінде "Қарабайдың тұрлаулы қай жерде екен", деген кездеседі. Сондағы тұрлау да "тұрақ" мағынасында.

х х х

70. Түпнұсқа /93,5,1/

قوزوگام سن توبه تكدە يانكلىپ، سن
ههچ كورماكان بياندى صاعذب سن
سوتداى حقسى قالوندىق آوب برسلك
ايرته كيتكان بياندى نه تيلادىن

Т ү с і н і к т е м е : Бұл шумақтың түпнұсқадағы берілімі негізінен қасынды. Бірінші тармақтағы тәубенді деген сөздің оқылымында ғана көмескілік бар. Оны түбінде деп оқуға да келетін тәрізді. Алайда біз жырдың кейінгі бастырушыларына бұл жөнінде тегер кінәміз жоқ. Бұл шумақта байланысты ақалық түпнұсқаның өзінде деп білеміз. Мысалы, қазақша тәубекді жаңылды емес, тәубеннен /тәубесінен/ жаңылды болуы керек. Егер алғашқы тармақ Қозыкем сен тәубеннен жаныласың болса, онда келесі тармақ Ерте кеткен Байанды сағныасын /"сағныпсың" емес / түрінде қысқар еді. Келер шақтық мағынада Қозынның алдын болмақ айттыған бұл жолдар нәтижесінде шумақтың соңғы тармағымен Ерте кеткен Байанды не қыласың / өлең ұйқасымы жағынан да мінсіз қысқар еді.

х х х

71. Түпнұсқа /94,2,4/:

آله ايتار از لاسم ميکن ديمن

Т ү с і н і к т е м е : Осы тармақтың басындағы бірінші сөзді кейінгі басылымдарда ал деп оқыған, бұл көне орфограмманы ыңға танымағаннан болған. Үш элементті бұл сөз елі болып оқылуы тиіс. Оның кітебі тілдегі мағынасы үлкен /жасы үлкен/, мықты дегенге саяды. Сонда елі апалар дегеніміз "жасы үлкен апалар" болмақ.

х х х

72. Түпнұсқа /94,4,2/:

.....
اوز اويونداي كوزوكام كورماگاييسين

2-басылым:

Өз үйіндей Қозыкем көрмегейсің

3-басылым:

Өз ойындай Қозыкем көрмегейсің.

Т ү с і н і к т е м е : Бұл тармақтағы алғашқы бунақты /өз үйіндей/ Н. Д. жаңсақ оқыған Ө.М. оқуы дұрыс. Кейінгі басылымдарда Қозыкем болып түзетілген сөз түпнұсқада түзүкам болып таңбаланған. Егер басқы т жаңсақ түскен қ деп қабылдасақ, Қозыкем деуге болады. Алайда бұл "өз ойындай түзу" деген мағына беруді де ғажап емес.

73. Түпнұсқа /95,4,2/:

قودار ديدنن بىر قارا، عياله بولور

Т ү с і н і к т е м е: Бұл жердегі ғиал сөзі өркөкірек, менмен, тасыр мағынасында қолданылған секілді.

74. Түпнұсқа /96,3; 2, 4/:

بولنوب قالغان يلقى دان بىر بىر صاياق

قودار اىلتى قولندان حسام تايلاق

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі басылымдарда алғашқы тармақтағы бір=бір саяқ деген тіркесімді бү бір саяқ деп оқыған. Соңғы, төртінші тармақтағы үшінші жақтағы құлынан деген сөзді екінші жақпсы құлыңнан деп оқыған. Біз бұны жаңсақтық деп қараймыз.

х х х

75. Түпнұсқа /96,4, 1-4/:

ايتىپ سالدى بىر نپه الله تالدى
اوزونلكه اونىڭدى يىساغان الداتغالى
الدا بيبورسسه يوزتوم معى يىزونلار
قولدا تايلاق حىكمانچجه السون حىداى

2=басылым:

Айтып салды бірінші алла қалай,
Өзің онда жасаған алатағала=ай.
Алла бұйырып жұртым мені жіберіңіз,
Құлдан таяқ жегенше, алсын құдай.

3=басылым:

Айтып салды бірнеше әлде қалай
Өзің онда жасаған, аллатағала=ай.
Алла бұйырса, жұртым, мені жіберіңіз,
Құлдан таяқ жегенше алсын құдай.

Т ү с і н і к т е м е: Бірінші тармақтағы түпнұсқада бірнеше деп оқылатын сөзді Н.Д. бірінші десе, Ө.М. бірнеше деп берген. Біз соңғысы дұрыс деп қараймыз. Осы тармақтың соңында-

ны алда қалай деген бунақты екінші басылымыда сол қалпында берген. Ал, Ө.М. оны алда қалай түрінде өзгерткен, сөйтіп ол тіркеске өз мағына "жұлдызды, қосалжу" деп түсінік берген. Бұл өзгерісті қабылдау қиын.

Осы шумақтың біріңгі тармағында алда түрінде жазылған сөз екінші, үшінші тармақтарда сөйлеу тілінің ыңғайымен алда деп таңдалған. Кейінгі бастырушылар осы ауызекі тұлғаны бітпей үлгісіне саяып, алда деп өзгерткен. Бұл дұрыс емес. Халық әносындағы ауыздан ауызға таралып катқан сөйленіс түрлері маза тілдің нормасына, қалыбына саяына бермегені жөн. Соңғы тармақтағы еск басында тұрған сөз түпнұсқада құлда деп қате жазылған. Кейінгі басылымдарда ол құлда деп түзетілген.

х х х

76. Түпнұсқа /97, 3, 2/;

کم نیاده قداردنک باندرباس

Т ү с і в і к т е м е: Түпнұсқадағы кім тазады деген бунақты Ө.М. кім тебады деп жазып, оның мағынасын "кім біледі!" деген. Шамасы ол и әрпін қате жазылған о әрпі деп түсінген. Түзету қисынға келеді. Тармақтың соңындағы білдірмесін болып берілген және кейінгі басылымдарда солай оқылған сөзді біз қате жазылған бүлдірмесін сөзі болар деп жобалаймыз. Шумақтың қисыны соған саяды. Осы шумақтың қиық еді қодар күм өлтірмесін болып келетін соңғы тармағындағы қиық сөзін Ө.М. қисық деп түзеткев. Мағынасы мағына бұл сөздер синоним болғанымен, мыр тілінде Қодардың әпитеті есебінде қиық сая есімінің жиі қолданылатындығын, мағынасы "қиқар, қиңыр" дегендерге саятындығын ескеріп, түпнұсқаны өзгерту қисынсыз деп білеміз.

х х х

77. Түпнұсқа /96, 5, 2/;

قایب الر ایکن سن بیاندى قولادى اوروب

2-басылым:

Қайтып алар екенсің Баянды құлдық ұрып.

3-басылым:

Қайтып алар екенсің Баянды, құлдарды ұрып.

Т ү с і в і к т е м е: Түпнұсқада соңғы бунақ әріп қатесі

ной жазылган, - дегенді біз білмейміз. Бұл сөзді құлдық десе, Ө.М. құлдарды деп оқыған. Біз дұрысы құлды ұрып оқылар деп қобалаймыз. Жалпы осы шумақтың соңғы екі тармағын Ө.М. жазбай кеткен. Ө.М. оны толық береді және оба түру деген тіркесінді "обаға айналу, көміліп қалу" деп түсіндіре кетеді.

х х х

78. Түпнұсқа /99,1,1-4/:

اوپىيى چچىمى كىتار اكيمن
آياكوزدن خدای يردى برسە اوتار كىمن
سول قراپاي كىتالە چيرمە ئىلە
چيرمە ئىلە قۇشام سونگىنان يتار اكيمن

Түсініктеме: Түпнұсқада ұйқас құрауша кетер, жетер, өтер етістіктеріне жалғанатын=ақ шылауы және оның соңындағы жіктік қалғауы =ның біріктіріліп жазылған. Кейінгі басылымдарда жіңішке буынды етістіктерге қосылатын қосымшаларды да үндестіріп жіңішкертіп жазған. Бұл қазіргі емлеге сай келмейді: =ақ шылауы жуан түбірге де, жіңішке түбірге де редуцияланбай өз қалпымен тіркеседі. Сөз бойындағы =ның қазірде жіктік жалғауы болғанымен түпнұсқадағы берілімі бойынша екі рет =ба мын болып оқылады. Бұл әуел бастағы бармын деген етістіктің сусымалы сонар = р дыбысын түсіріп айтатын кітаби тілге тән жалпы түркілік түдіге. Оның алдыңғы етістікпен тіркескендегі беретін мағынасы қазіргі тіліміз тұрғысынан кетуге=ақ бармын, өтуге=ақ бармын болады. Біз бұл қолданыстарды ауызекі поэзия дәстүріне сай кетер-ақпын, өтер=ақпын деп алдық. Түпнұсқаның төртінші тармағында жыл сөзі нил болып таңбаланған. Бұл жердегі қателік: ил /жыл/ дегенде қойылатын хамзаның орнына н әрпіне қойылатындай нәқат жазылған, сол себепті бұл сөзді жыл деп оқуға тиістіміз. Кейінгі басылымдарда осылай, дұрыс берілген.

79. Түпнұсқа /99,2,3/:

كوزم ياسسىمە كوله داييره باردى بالام

2=басылымы:

Көзім жасын көл=дария бар=ды балам,

3=басылымы:

Көзім жасын көл=дария болды балам.

Түсініктеме: Түпнұсқада ауызекі айтылым бойынша көл=дайра болып берілген сөзді кейінгі екі басылымда да орны-

сыз дария деп түзеткен. Ө.М. осы тармақтағы мифологиялық мағынаның байынына бармай, бар=ды сөзін болды етістігімен ауыстырған фразаның астарлы мәні шешенің балаға айтқан: "Сенің алдыңда мәнін көз жасымнан жиналған көл=дария бар" деген сын=ескертпені білдіреді.

х х х

80. Түпнұсқа /100, 2, 2/:

اونامدى تۇرۇشىدىن ئىلگىم خەرىتىسىدە

2=басылым:

Онымды тұрушы еді халқым қостап,

3=басылым:

Үнімді тұрушы еді халқым қостап.

Т ү с і н і к т е м е: Асты сызылған алғашқы сөзді Ө.М. түпнұсқа бойынша, онымды деп оқыған, Ө.М. үнімді деп өзгертікен. Мағыналық жағынан екі қолданыс та үйлесімді болғанымен, біз түпнұсқадан айнымау қажет деп білеміз. Келесі тұрушы еді деп оқылған сөз Березин тексінде қате басылған: р ерпінің орнына з өрпі жазылған.

х х х

81. Түпнұсқа /100, 4, 2/:

قىيىچى قرا قولنى تۇر كۇندا كۇندا

2=басылым:

Қиышы қара құлды төл күнде=күнде

3=басылым:

Қарашы, қара құл тұл күнде-күнде

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада бұл тармақ мүлдем қате, логикалық мағынасы қысқаға келмейтін болып берілген. Сондықтан, кейінгі бастырушылар да оның нақты мазмұнын түсіне алмаған. Осы шумақтың алғашқы тармағы А-а, балам, мен кісіге қимаймын кейлегінді деп басталады. Бұл сөз "сен бұл сапардан қайтпай келсең, киімінді басқалар киеді-ау" деген күдікпен айтылып тұр. Егер осы ойды әрі қарай жалғастыратын болсақ, онда жоғарыдағы тармақ былай оқилуы тиіс: Қиышы қара көлді төл күнде-күнде.

х х х

82. Түпнұсқа /101, 2, 1/:

آللام ايشاندا، قورالماق، اوڭدا، اوڭدا، اوڭدا

2=басылым:

А, балам айтпадың мен кеткен ойынды енді

3=басылым:

А, балам, айтпаймын мен оңайды енді

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақта да қате көп. Сондықтан кейінгі басылымдарда да алаалық мол. Біз кеткен болып жазылған сөзді күткен деп оқуды ұсынамыз. Ө.М. бұл сөзді мүлдем тастап кеткен. Соңғы бунақты Н.Д. ойынды енді деп, Ө.М. оңайды енді деп оқыған болса, біз түпнұсқадағы қалыбымен оңдайды енді түрінде оқимыз. Тармақтың ортасындағы /А, балам сөзінен кейін/ бунақты Н.Д. айтпадың, Ө.М. айтпаймын деп оқиды. Біздіңше етпедің деп оқыған қисынға келеді.

х х х

83. Түпнұсқа /101, 4,4/:

اون بيس اولكه طمولغان قويورونكله

2=басылым:

Он бес өлке толған қойларыңды

3=басылым:

Он бес өлке толған сиырыңды

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада күйуруңды деп қате басылған болу керек. Н.Д. оны дұрыс ұйқасымын тауып, мағыналық жағынан сәтті түзеген.

х х х

84. Түпнұсқа /104.4,2/:

تري بولسام كتمه اتده كلماي چچه

2=басылым:

Тірі болсам, кетпей /мін/ келем шеше.

3=басылым:

Тірі болсам кешікпей келем, шеше.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада кетпен=ді келмей деп анық жазылған сөзді кейінгі басылымдарда дұрыс оқи алмаған.

х х х

85. Түпнұсқа /105,2,1/:

آ بالام قياموسون كوتونكده اينده

2=басылым:

А, балам, қиямысын енді

3=басылым:

А, балам, қысамысың кәтіңді енді

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы тармақтағы асты сызылған сөздер қиямысың құтыңды болып оқылады деп ойлаймыз. Н.Д. осы тіркесімнің соңғы сөзін танылмады деп ескерткен. Ө.М. қысамысың кәтіңді деп, өзінше оқыған. Алғашқы сөздің түпнұсқада қиямысың түрінде тұлғаланғаны күмен тудырмайды. Соңғы сөздің басында к әрпі тұрғаны рас, бірақ біз оны баспаханадан кеткен жеңсақтық деп жоримыз. Логикалық жағынан шешесі Қозыға басыңа біткен бәк-дәулетінді, құтыңды қиып қайда кетіп барасың деген кейістік білдіреді.

х х х

86. Түпнұсқа /105-106, 5,3/:

اولا ائت لائكة بيومئذنى - غلابرون

2=басылым:

Оны лавке бұйымды не қылайын

3=басылым:

Ол он лавке бұйымды не қылайын

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада асты сызылған сөз дұрыс оқылмайды. Таңбалануы бойынша/атланы/ мағынасын ажырату қиын. Бірақ Н.Д. мен Ө.М. алғашқы шумақтың әуентімен лавке деп оқыған.

Біз дегенмен де түпнұсқады негізінен сақтай отырып ол өтті деген мағынада оқимыз.

х х х

87. Түпнұсқа /106, 4, 1-2/:

من قايتهين كيتكائنن حورنك
يا الفوز قالمدان اونكائدان حورنك

2=басылым:

Мен қайтейін...кеткеннен соң,

Балғыз қалды...ондан соң.

3=басылым:

Мен қайтейін /тіл алмай/ кеткеннен соң

Балғыз қалған шешеден /безгеннен соң/.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы алғашқы тармақ дұрыс

оқылады, бірақ бұны баян толық емес. Екінші тармақтың таңбалауында қате бар. Ортаңғы екі сөз қалыптан онқандан деп жазылған. Дұрыс қалыптан өткеннен болар дей жобалаймыз. Сонда: жалғыз қалыптан өткеннен соң болады.

х х х

88. Түпнұсқа /108, 1, 1-2/:

تۇنۇق پەشدار كۆنگۈرۈكىنى سۆزىن بىلەم
يۇرتتا بولۇر، كۆنگۈرۈكىنى باقسۇناتى بىلەم

2=басылым:

Тәңірі шешер көңіліңді хақын балам,
Харты бәлар малыңды бақсаң балам

3=басылым:

Тәңірі шешер көңіліңнің ағын балам,
Харна болар малыңды бақсаң балам.

Т ү с і н і к т е м е: Бірінші тармақтағы асты сызылған екі мүшелі тіркесімнің алғашқы сөзін Ө.М. дұрыс жазған, алайда келесі сөздің көне тұлғасын сақтамай, қазіргі тіліміздегі мағынасын ғана берген. Мағынасы кемескіленбеген мұндай тарихиат /историзм/ сөздерді көне жырдың құрамында келгенде көп жаңғырта бермеген де дұрыс. Ал, Н.Д. бұл тіркесімнің алғашқы сөзін дұрыс транскрипциялай алмай, түпнұсқадағы таңбалауы бойынша берген. Тіркесімнің екінші мүшесін ол тарихиат қалпында оқыған. Біз бұл сөздерді көңіліңнің хақын түрінде берген дұрыс деп өспейміз. Екінші тармақтың басындағы жар табылар деген бунақ кейінгі екі басылымда да қате оқылған. Бұған себеп Қазан бәспасының өріп терушілері тарапынан болғаны үксайды. Жар табылар деген екі сөзді яарта бұлур деп жаңылыс бөліп жазған.

х х х

89. Түпнұсқа /108, 2, 1/:

آرتۇلۇن سۇنۇل، نۇقتا-ئاس قوشۇم چىچە

2=басылым:

Артылған соң тоқтамао көшім, шеше,

3=басылым:

Арттылган сөз тоқтамас қосым, яғна,

3-басылым:

Арттылган сөз тоқтамас қосым, яғна,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған ағылшын сөзді /арттылған/ кейінгі бастырушылар дұрыс оқыған. Күшім болып жазылған екінші сөзді Н.Д. көшім деп оқыған. Біздіңше, Ө.М. оқуы дұрыс.

х х х

90. Түпнұсқа /108, 3, 4/:

ملدان، كتيب مراد الله انوموس

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада асты сызылған сөзді кейінгі екі басылымда да мұнан түрінде берген. Біз оны менен деп оқимыз.

х х х

91. Түпнұсқада /109, 1, 2/:

سنفك يورطنك بوسنجان ايلنه بالام

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған сөз соңғы екі басылымда да бұл сенген түрінде берілген. Біздің ойымызша дұрысы босынған болу керек. Бұл жерде Қозыға шешесінің айтайын дегені сенің жұртың Қарабайдың жұртындай босынған жұрт па еді деген мәңзеу, сөз сөзі.

х х х

92. Түпнұсқа /109,3,4/:

عج قروغونك كورمايچيه اوتار باستنك

2-басылым:

Еш қызығын көрмейінше...

3-басылым:

Еш қызығын көрмейінше өнер бастың

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы асты сызылған сөздің мағынасы көмескі. Н.Д. бұл бунақты "танылмайды" деген сілтемені жазбай тастап қеткен. Ө.М. "Өнер бастың" деп оқып, оған "өнер басуы өз ойымен мету, тыңдамау" деген түсінік береді. Осы түсінікке біз де бір шама қосыламыз, өз тарапымыздан айтармыз

бұл әсерге басы үгімәлдегі қолданыстың татаршаланып барып, мағынасы күдігірттеніп кеткен нұсқасы болар деп жорамалдаймыз.

х х х

93. Түпнұсқа /109,5,1-2/:

مەن ئاتا قىلغان قىيامەتتە
قىيامەتتە ئاتا قىلغان قىيامەتتە

Т ү с і н і к т е м е: Бұл екі тармақ кейінгі басылымдарда бір ізбен: маған қоймаған ата дейді,

Қылған екен атам маған бата дейді -

болып оқылған. Біріншіден, түпнұсқа бойынша бірінші тармақтағы асты өзгылған сөз ата емес ат болып оқылады, екіншіден, келесі тармақта бар бір сөзі кейінгі басылымдарда жоқ, үшіншіден, кейінгі бастырушылар бата деп оқыған сөз түпнұсқа бойынша фақа болып оқылады, біз мұны баспаның қатесінен ф пен қ әріптері ауысып кеткен, шын мәнінде қапа сөзі болар деп топшылаймыз.

х х х

94. Түпнұсқа /110,5,1/:

آ چۈچۈككە ئىشەنمەسەن بولالەن چۈچۈك

2=басылым:

А, шешеке, менің сөзімде болмас хате,

3=басылым:

А, шешеке, менің сөзімде болмас хата.

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі бастырушылар түпнұсқада анық жазылған шата сөзінің мағынасын қыға танымаған. Сондықтан оны хате/хата деп оқып, одан бұрын тұрған сөзім түбіріне «де септік жалғауын қосқан. Біздіңше "менің сөзім болмас шата" фразасының мәні менің сөзім таза, қоспасы жоқ дегенді білдіреді.

х х х

95. Түпнұсқа /114,4,2/:

بىر شۇنئازور كىلسە يانۇنك

2=басылым:

Бір соған зор келсе, жаның қарма,

3=басылым:

Бір саған зор келсе, жаның қарман.

Т ү с і н і к т е м е. Түпнұсқадағы шунка сөзін Н.Д. түбірлі сілтеу есімдігі деп қабылдаған да оны барыс септігі түлғасында берген. Ө.М. бұл оқынның мағынасы сәйкеспейді деп есептеп, оны екінші жақтағы септеулі сен есімдігі ретінде қарастырған. Біз шунка сөзінің түбірі шун есімдігі емес, кезгіл менді соң түбірі үстеу деп санаймыз. Сондықтан, мұның жырдағы мағынасы соңыра /соңынан сөзіне саяды деп білеміз.

х х х

96. Түпнұсқа /119,1,1/:

كيت حدايدان جوق ايكن لهماق تاتتى

2=басылым:

...Күдайдан жоқ екен тымақ төтті

3=басылым:

Кең күдайдан жоқ екен тым-ақ төтті.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада кит күдайдан болып анықталған күрделі атауды кейінгі бастырушылар мағынасын саралап оқи алмаған. Н.Д. бірінші сөзді тастап кетіп жазса, Ө.М. мүлде қисыңыз кең деп оқыған. Біз бұл жердегі жансақтық Қазан баспасына кеткен деп ойлаймыз. Қос сөздің екінші сыңары күда болуы қисынды. Мағынасы кит алысқан күда дегенге саяды. Қазақ ұғымында күдай төтті деп іздеушілік болмайды.

х х х

97. Түпнұсқа /120,4,1/:

قرا سولا كورونكان بوييه مو لونلك

2=басылым:

Қара мола көрінген бойы ма оның

3=басылым:

Қара мола көрінген түйесі ме оның

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы бү лайы ма оның дегенді Н.Д. бойы ма оның деп оқыса, Ө.М. түйесі ме оның деп тіпті басқаша оқыған. Қателік алғашқы басылымдағы бү лайы мү сөздерінің кірігіп, ете тығыз басылуынан болған.

х х х

98. Түпнұсқа /123,2,3/:

قييق قولن تاپردنك ئى ديب بولماس

1-басылым:

Қирық құлын көпiрдiң не деп болмас,

2-басылым:

Қисық құлын ол көпiрдiң не деп болмас

Т ү с i н i к т е м е: Түпнұсқада Қодарды әрдайым қиық құл деп атайды. Бұл эпитетте қисық, қиыр деген мағынадан басқа "қулақ кесті құл" дейтін де нышан болуы ықтимал. Сондықтан түпнұсқаны өзгертпеген абзал.С-р: "Ойдан келген ойық құлақ, қырдан келген қиық құлақ", - мағынасы құл=құтан.

х х х

99. Түпнұсқа /126, 3-4/:

دینم سیکان طرقتن ایدره اوسى قوریدان
ءونى نه غلبه سندر دنگه ڤ قانور غل

2-басылым:

Денем сүйген бір тоқты еді осы қойдан,
Мұны не қылып сындырды...

3-басылым:

Денем сүйген бір тоқты еді осы қойдан,
Мұны не қып сындырдың шетемір құл?

Т ү с i н i к т е м е: Бірінші тармақтың басындағы сөз түпнұсқада денім, кейінгі басылымдарда ол денем болып кеткен. Бұл қате, дене - төв, ал ден жан. Текстегі қолданыс "мәнім сүйген" дегенге саяды. Екінші тармақтың соңғы сөзі түпнұсқа бойынша чынамыр болып оқылады. Н.Д. бұл сөзді тани алмағандығын айтқан, Ә.М. шетемір деп оқыған. Лексикалық мағынасы тосаңдау болғанымен, шынамыр құл тіркесімі жырдың басқа жерлерінде де бар.

х х х

100. Түпнұсқа /131, 4,3/:

بالا بولغان ڤ قورچا ڤ تورچا ڤ حلام

Т ү с i н i к т е м е: Түпнұсқада асты сызылған сөзді Н.Д. оқымай қалдырып кеткен, ал Ә.М. қу деп оқыған. Біз осы оқылды қабылдадық. Бұл жерде "қу" түрінде оқылған тұрған сөздегі қ арпін беретін нүкте қате қойылған болу керек. Егер нүкте үс-

тинде болса "ху" яғни қу болар еді. Алайда бұл сөздің оқыл-
мы "жау" болуы да ықтимал.

х х х

101. Түпнұсқа /132,3,4/;

قودار ايركا كورسندى. نيتتە ديدە

2=басылым:

Қодар екем күрсініп нетті дейді

3=басылым:

Қодан үйге күрсіне кетті дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқаның жазылуында біраз жаң-
сақтық бар. Күрсініп нетті болып басылған тіркесімді кейінгі
бастырушылар әр түрлі оқыған. М.Д. үйге деген анық жазылған
сөзді екем деп берсе, Ө.М. оны дұрыс оқыған, бірақ ортаңғы бу-
наққа күрсіне кетті деп, логикалық түзету енгізген. Түпнұсқа-
дағы берілімі теріс болғандықтан оны жоғарыдағыдай екі түрлі
оқуға да болатын тәрізді. Алайда, біз сөз соңындағы п өрпінің
орнына н өрпі жаңылыс түсуі мүмкін деп қараймыз. Соған сөй-
кес екінші компонент нетті болмай, кетті болғаны ақылға сиым-
ды.

х х х

102. Түпнұсқа /132,4,1-4/:

مونتق تازيجه بو دىغان قاتقان سوويد
خدای سنى يىلتىنار اورغان سوريدە
بىر اولتىرغان اورنەنەن قوزغالتىبايدە
ئىللە مەنم ئايرغەم سىننەن سوريدە

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі екі басылымда да асты сы-
зылған сөздер сөйді деп берілген. Бұл тұлғада аталған сөздің
лексикалық мағынасы ғана емес, қай сөз табына жататындығы да
күмілжі. Фонациясы /дыбысталуы/ жағынан да сөйді лексемасы
өзінен бұрынғы қылған, үрған, сынған деген жуан буынды етістік-
терге үндесіп тұрған жоқ. Сөйді қолданысынан екі түрлі сөз тү-
бірін туындатуға болады. Біріншіден, ол, көне тұлғалы сой есім
есімі болуы ықтимал /"Мен кескекті ердің сойымын..."/, екінші-
ден, бұл ұқсайды деген етістіктің редукцияланған /өлсіреген/
қысқарымы деп қарауға болады: ұқсайды > ұсайды > сайды > сөйді.
Алайда, есім есім мағынасындағы сой тек бірінші тармақтағы: Бү

ғарша - сөйледі деген тіркесімге сөйкес келгенімен, кейінгі үр-
ған, сыңғыр етістіктерімен, логикалық жағынан тіркесе алмайды.
Бұны біз бұчәекі поэзия тілінде сіріленіп сақталған тас-кесек
элементтердің бірі деп білеміз.

х х х

103. Түпнұсқа /135,3,4/:

آچې تارتې سول يردده تورمه غالدو

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада асты сызылған сөз кейін-
гі екі басылымда да ішін болып оқылған. Бұл логикалық жағынан
азды-көпті сөйкес келгенімен, дұрыс оқлым емес. Анық жазылған
А чіб тартып түріндегі тіркесімді біз о жіп тартып болар деп ко-
балаймыз. Бұған дәлеліміз татарлардың сөйлеу тілінде сілтеу есім-
дігі О болмай А болуы табиғи нәрсе. Іп сөзіндегі түпнұсқада жа-
зылған ч ерпі қазақ тіліндегі ш, ж әріптеріне сөйкес келе береді.

х х х

104. Түпнұсқа /136,2,3/:

اوز تورمه ناز اوينا سته قوزور كورپاج

2=басылым:

Өз жарымен ойнаса Қозы Көрпеш,

3=басылым:

Өз жарымен ойнасып Қозы Көрпеш.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы графикалық жағынан анық
таңбалапған өз нұрымен ойнасты деген тіркесімді кейінгі басылым-
дарда өз жарымен деп өзгерткен. Бұнақтың соңындағы баяндауыш қыз-
метінде тұрған ашық райдағы етістікті И.Д. ойнаса, Ө.М. ойнасып
тұлғалы көсемшеден берген. Біздің пікірімізше бұл жердегі нұры-
мен деген сөз алтын айдары жарқыраған Қозының ерте заманғы мифтік
бейнесімен байланысты болуы да ықтимал. Сол себепті біз түпнұс-
қадағы берілімді сақтадық.

х х х

105. Түпнұсқа /137,3,1/:

سول تازچه نى آرمغان سديتير نگر

2=басылым:

Сол тазшаны ар маған жітіріңіз,

3=басылым:

Сол тазшаны әрманырақ жатырыңыз,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы арнаған сөзі көне түркілік тұлғада берілген. Н.Д. мұны дұрыс байқаған, Ө.М.сөздің мағынасын дәл бергенімен тұлғалануын қазіргі тіліміздің нормасына сәйкестеген. Семантикасында аса елеулі күңгірттік жоқ қолданысты біз мүмкіндігінше көне формасында бергенді мақұлдаймыз.

х х х

106. Түпнұсқа /140,5,1/ :

بیان یلان چندان غولش امویند

Т ү с і н і к т е м е: Бұл жолдың берілімі ұғымсыз. Таңбалануы бойынша оқығанда дұрыс мағына шықпайды. Сондықтан болу керек, кейінгі бастырушылар оны Баян жылап ішінен күңгірленіп! деп, өздерінше оқыған. Сыни текке осы оқылымды бердік.

х х х

107. Түпнұсқа /141,2,1-4/:

من نه غارم تنگزه يوقه ديگانده

ههچ نيجه اني كوركانم يوت ديگانده

اوزكه يوتورجه .بولغا نده ارندا امانيده

توپه يوتومب جيلغانده . يوقه ديگانده

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада осы шумақтың берілімінде қате өте көп. Бірінші тамақтағы асты сызылған сөз тенізге болып оқылса да, кейінгі бастырушылар оны төңірге деп түзеткен. Ол қисынға келеді. Үшінші, төртінші тармақтарда Яунуп түрінде берілген сөзді Н.Д. мен Ө.М. мағынасына қарай жүнін деп оқыған. Бұл да дұрыс деп ойлаймыз. Ең елеулі өзгеріс біздіңше төртінші тармақтағы соңғы бунақты /жоқ деген=ді/ "шоқ" деген-ді деп оқу тәрізді. Өйткені, осыдан билайғы жерде жырдың мазмұнында торғайдың "шоқ" деп әлуіне байланысты шоқ терек оқиғасы басталады. Егер кейінгі бастырушылар түпнұсқаның осы жерінде таңбаланған доқ сөзін өзгертпей алса, онда Қозының жасырынған жері "жоқ терек" аталар еді. Біз сыни текте шоқ терек оқылымның қолдадық.

Түпнұсқа текте шоқ терекпен байланысты сөздің бәрі де Яоқ болып таңбаланған.

108. Түпнұсқа /142,4,4 /:

يوقه تير، اكدنلا . توتور، توتور، ياداندا امويند

2=басылым:

Шоқ теректің түбінде жатқан сын=ды

3=басылым:

Шоқ теректің түбінде жатқызған сол

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада сөздердің терілуінде кәте кеткен. Мысалы, терекнің сөзінен кейін тағы да тің қосымшасы жазылған. Соңғы бұнақтың жазылуы тіпті түсініксіз. Сол себепті, кейінгі басылымдарда алалық бар. Біздің ойымызша Н.Д. басылымындағы берілім көкейге қонымдырақ секілді. Сөни тексте біз осыны мегізге алдық.

х х х

109. Түпнұсқа /144,3,1/ :

ياسا طمان قودارنك قتي ديدە

2=басылым:

... тым=ақ Қодардың қатты дейді!

3=басылым:

Бесі тым-ақ Қодардың қатты дейді!

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы "иасы" берілімі дұрыс. Бұл иа түбіріне - сы тәуелдік жалғауы қосылған көне тұлғалы сөз. Оның жа болып дыбысталған нұсқасы Г.Ю. Клапрот 1825 жылғы қазақ тілі жайлы мақаласында келтірілген шағын французша=қазақша сөздікте келтірілген. Кейінгі дәуірде жа түбірінен өрбіген жай/жақ сөздері садақ мағынасында қазіргі қазақ тілінде де қолданылады. Дырдың кейінгі басылымдарында иасы болып анық жазылған сөзді Н.Д. "бұл сөз танылмады" деп қалдырып кеткен. Ал, Ө.М. сөз басындағы й әрпін б түрінде оқып бесі деп жазған. Және оған "Бес - талас, күншілік, күндестік" деген түсінік берген. Біз бұл өзгерістерді түпнұсқа текстен ауытқушылық деп қараймыз. Сөни тексте жасы тұлғасында берген дұрыс деп білеміз.

х х х

110. Түпнұсқа /144,5,1/ :

هچ دیکر یوع ایکن ایلا آتا

2=басылым:

Ештеңеңіз жоқ екен елде ата

3=басылым:

Еш декбірiң жоқ екен елi де ата

Т ү с i н i к т е м е : Түпнүсқадағы асты сызылған сөз таңбалануы бойынша диқру деп оқылады, мағынасы түсініксіз. Ө.М. оны декбірiң деп өзінше өзгерткен. Сыни тексте біз осы сқлымды негізге алдық.

х х х

111. Түпнүсқа /146,3,3/ :

آق چيچا ايله آق اوتاو بير تكتيرپ

2=басылым:

Ақ шешеме лайық отау бер тіктіріп.

3=басылым:

Ақ шимаилы ақ отау бер тіктіріп.

Т ү с i н i к т е м е : Түпнүсқадағы асты сызылған сөздің берілімінде жаңсақтық бар. Таңбалануы бойынша алғашқы бұнақ ақ чижамайлы болып оқылады. М.Д. бұл сөздерді түсінбеген. Ө.М. бұл сөздерді өрнек мағынасында түсініп, "ақ шимаилы" деп оқыған. Егер ақ ши жамайлы деп оқысақ, ол қазақ ұғымындағы ақ ши ұстаған үй түсінікке жуықтайды. Сыни тексте біз Ө.М. оқылығына сүйене отырып, сонымен қатар, дыбысталуын түпнүсқаға жуықтатып, ақ шижбайлы түрінде бердік.

х х х

112. Түпнүсқа /149, 3,4/ :

اويناروناز قاپامه سويد مازان

Т ү с i н i к т е м е : Асты сызылған сөз таңбалануы жағынан қапа болып анық оқылады. Кейінгі екі басылымда да оны қаша деп өзгерткен. Бұлайша жөндеу мағыналық жағынан сымды болғанымен түпнүсқаға қайшы келеді.

х х х

113. Түпнүсқа /150, 4,1/ :

چخامن ديب اوسيتده قودار يتكه

2=басылым:

Шығамын деп ұмтылды Қодар итте,

3=басылым:

Шығамын деп ұмтылды Қодар бетке,

Т ү с i н i к т е м е : Түпнүсқада асты сызылған сөз қате басылған. Қодар сөзінің соңындағы – еке қосымшасы итке болып

мазылрандытан, Н.Д. оны кiтe деп оқыған. Ө.М. мағыналық жағын ескеріп, құдлықтың бетіне шығу мәнісінде бетке деп түзеген. Біздің ойымызша түпнұсқада ике сөзіне артық т әрпі қосылудан басқа да сөз соңында үшінші жақтық -ң қосымшасы болу керек еді. Біз оны жақпа ішінде көрсеттік.

х х х

114. Түпнұсқа /151,4,3 /:

اردنياگە بارغاندىن ايسلاھتون

2=басылым:

О дүниеге барғанда есептесін,

3=басылым:

О дүниеге барғанда /есекпісін/

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақтағы соңғы сөзді кейінгі обастырушылар дұрыс оқи алмаған. Ө.М. біршыма жуықтатып оқығанымен, сөз мағынасына ақау түскен. Н.Д. мүлдем басқаша оқыған. Түпнұсқада есекісін деп анық таңбаланған бұл сөздің мағынасы айыпты адамның О дүниеге барғанда кіне тартатындығы туралы ұғыммен байланысты.

х х х

115. Түпнұсқа /152,4,3-4/:

بیان سولو کیرمه پنداره قیل
الذکر تون بیجا ایکن و نه کتله

2=басылым:

Баян сұлу кере ме шынаыр құл,
Ала тұрған неме екен мені ғана.

3=басылым:

Баян сұлу керек пе шетемір құл,
Алатұғын неме екен мені ғана.

Т ү с і н і к т е м е: Үш басылымының арасында бұл тармақтарда қайшылық көп. Асты сызылған алғашқы сөзді Н.Д. өзгеріссіз, кере ме деп жазса, Ө.М. оны керек пе деп оранды түзеген. Екінші сөзді Н.Д. дұрыс жазған да, Ө.М. белгісіз себеппен шетемір деп берген. Төртінші тармақтағы түпнұсқада алатұғын болып берілген күрделі етістікті Н.Д. ала тұрған деп оқиды, ал Ө.М. алатұғын формасын өзгертпей береді. Бұл алалықтардың себебі, біздің ойымызша, қыр тілінде алатұрған/алатұғын түрлерінің үнемі кезек-

төсіп көзе беретіндігінен болуы да ықтимал.

х х х

116. Түпнұсқа /154,5,1/:

قولدان تين بولومه بولداي آديبار

2=басылым:

Құлдан қық болар ма мұндай аспан,

3=басылым:

Құлдан қисық болар ма мұнан асқан,

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқадағы берілтімді Н.Д. сақтап жазған. Ө.М. мағынаның қисынды болуын оялап өз тарапынан өзгерістер енгізген. Мүмкін, Березин тексіндегі мұндай аспан деген қолданысты асқан деп алу логикалық жағынан дұрыс та болар, ейтседе біз аспан сөзінің де көз астары бар екенін жоққа шығармаймыз.

х х х

117. Түпнұсқа /156,5,2/:

قالاي آدم دالاده زار قاندرستان

2=басылым:

Талай адам далада зар қақсаған.

3=басылым:

Қандай адам далада зар қақсаған.

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі бастырушылар өлеңтің логикасын дұрыс ұғына алмаған. Сол себепті Н.Д. жол басындағы сұрау есімдігін талай деп өзгерткен. Оның қ әрпін т деп оқып кету! де ғажап емес. Ө.М. қалай дегеннен көрі қандай деп берген дұрыс деп есептеген. Біз түпнұсқа бойынша жазамыз.

х х х

118. Түпнұсқа /157,4,4/:

بياغيداي تريم نه تويغاي ديد

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақтың жазылуында көмескілік бар. Тір бене түрінде таңбаланған сөзді кейінгі басылымдарда тер бене деп берген. Өңгіме Қозы Көрпештің тіріліп, қайтадан өз қалпына келуіне байланысты болғандықтан біз бұл мүкілеу жазылған қолданысты тірі бейне деп оқыдық.

х х х

119. Түпнұсқа /158, 1,4/:

کيزدر حيدده جارت اوروبه توكاراکته

Т ү с і н і к т е м е: Тармақ басындағы асты сызылған сөз кездір болып оқылады. Кейінгі бастырушылар оны кезді деп мағынасы жағынан дұрыс түзеген. Алайда, бұл арада ескеретін нәрсе бар: сөз соңындағы р басы артық таңба болмай, көне эпос поэзиясының формуласы танитатын =дүр қосымшасының қалдығы болуы да ықтимал. Текстологиялық тұрғыдан сөздің көне тұлғасын сақтау шарт болғанымен, біз шумақтық бұны өлшемін бұзбас үшін =дүр элементін сыни текске енгізгеніміз жоқ.

х х х

120. Түпнұсқа /158, 9, 1/:

اير دنگه ياندى ايگه تور بيلده ديد

2-басылым:

Ердің жасы екі отыз бел=ді дейді.

3-басылым:

Ердің жасы екі төрт бел=ді дейді.

Т ү с і н і к т е м е: Түпнұсқада төрт сөзі тәр болып қате жазылған. Ө.М. оны дұрыс оқыған. Ал, Е.Д. белгісіз себеппен отыз деп жазған. Соңғы екі басылымда да бел=ді деп, зат мағынасында берілген сөзді біз білді етістігі деп қараймыз. Топшылауымыз бойынша "ердің жасы - екі төрт" деген тұжырым өрідегі өлеуметтік заңдылықтарға негізделіп айтылған пайымдау болуы керек. Ұаңа тұған бала нәресте, себи кезеңінен өтіп, жеті жасқа келгенде сундетке отырғызылады. Содан былайғы өмірінде, яғни сегіз жастан бастап, ол еркек санатына қосылады. Ұырда екі төрт деп осы сегіз жасты атаған терізді.

х х х

121. Түпнұсқа /159, 1, 4/:

بيرا پشاق اشيه ايسن تاراجه

2-басылым:

Бұйда пышақ ішіне ішін таяп,

3-басылым:

Бұйда пышақ ұшына ішіп таяп.

Т ү с і н і к т е м е: Бұл тармақтың кейінгі берілімдерінде айтарлықтай үлкен қате жоқ. Паронимиялық ұқсастығы бар ішін /ұшын сөздеріне құрылған ойнақы қолданысты Е.Д. ішіне ішін деп бұзып берсе, Ө.М. екі мүшелі композитаның инверсиясын өзгертіп

ушына Ішін деп жаңалыс оқыған. Біз тармақтағы сөздердің түпнұсқадағы орын тәртібін сақтадық.

х х х

122. Түпнұсқа /159, 3,4/:

بیر یوزلده اوینایدور بیاغده

Т ү с і н і к т е м е: Келтірілген тармақты И.Д. өзгеріссіз берген, Ө.М. жолдың басындағы бірінші сөзді жер деп оқыған. Мұндай алалық түпнұсқа басылымдағы полиграфиялық ақаудан болып отыр. Біз сөз басындағы б әрпін кәте жазылған й таңбасы деп есептеп, Ө.М. оқилымын қабылдадық.

х х х

123. Түпнұсқа /150, 5,2/:

بیان سولو دندله آی قولا

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі басылымдарда бұл тармақ Баян сұлу сінлісі Айқыз еміс деп берілген. Түпнұсқада сінлі сөзі жоқ. Сынды деген көмекші элемент қолданылған. Сяни тексте біз осы берілімді сақтадық.

х х х

124. Түпнұсқа /161, 2, 1-2/:

قولا كورنيسه يارايين بومدي
بوم قولايدان كورنيسه يارايين بومدي

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі басылымдарда алғашқы тармақтағы асты сызылған сөзді И.Д. бірінді деп, Ө.М. бөрін де деп оқыған. Біз соңғы оқилымды сақтадық. Екінші тармақтағы соңғы бунақта асты сызылған сөзді кейінгі бастырушылар жерінде деп оқыған. Бұл жырдың мазмұнына аса қыспайды. Сяни тексте біз оны жырында деп бердік.

х х х

125. Түпнұсқа /162, 3, 1/:

قوزو كورپاج آياتانده بومدر كوزو

Т ү с і н і к т е м е: Кейінгі басылымдарда асты сызылған сөзді атанды деп оқыған. Бұл мағыналық жағынан да тұлғалық жағынан да түпнұсқаға қайшы. Біз оны аттанды түрінде қалдырдық.

х х х

126. Түпнұсқа /162,4,3/ :

جيباب يلاپ يورا كوراسىكە

2-басылым:

Жылап=жылап жүре көр есіңе алып,

3-басылым:

Жебеп=жылап жүре көр есіңе алып.

Т ү с і н і к т е м е: Бұл жерде қазақ тілінің жебеп-желеу тұлғалы танымал фразасын түпнұсқада анық, қатесіз жазғам. Ал кейінгі бастырушылар оның оқылымын бұрмалаған. Біз бұл қос сөзді фраземаны түпнұсқадағы күйінде береміз.

х х х

ЕКІНШІ БӨЛІМ

2. С ы н и т ө к с т

**Жырдың текстологиялық
талдаудан өткен
нұсқасы**



ҚОЗИ КӨРПЕШ - БАЯН СУЛУ

/сыни текст/

1

Хоғартиннан көрінген сары ноғай,
Еділ суға таласқан мына тоғай.
Қозы Көрпеш дегенің бір аз өлен,
Ептеп айтқан кісіге, А-а, тым-ақ оңай.

2

Жігіттер қысқа сөзді, А-а, кеп етелік,
Еер ортасы жігінде, А-а, белгі етелік.
Жақсының аруағы қалмайды емен,
Қозы Көрпеш - Баянды, А-а, тірі етелік.

3

Еділ-Зайық бойында, А-а, жолдас болды,
Бірін-бірі екі бай танымайды.
Ат сурамақ бұрынғыдан қалды дейді,
Сарыбай Қарабайға кімсің дейді.

4

Қарабай мен Сарыбай аңға келді,
Алдынан буаз марал душар болды.
Екеуі бір-біріне...отырғанда,
Сарыбай атайын деп тұра келді.

5

Қарабай Сарыбай мен аңға шыққан,
Екеуінің дәуірі даңға шыққан.
Екі бай қосылған соң келе жатса,
Алдынан буаз марал тұра қашқан.

6

Жақсы-жаман болмағы құдайдан=ды
Бір бұлыт жауайын деп шыр айланды.
Алдына буаз марал келгеннен соң,
Атағалы Қарабай мылтықпенен оңтайланды.

7

Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелік,
Ортасында көктөбе белгі етелік.
Азаматтар, ерінбей тыңласаңыз,
Қозы Көрпеш, Баянды тебіретелік

Кыл көпүрдөн адамдар күрөп ө-мис,
Өмө жанды сиратка айдар ө-мис.
Тындай турган өрүкпөй ерлер болсан,
Ерте заман бир өкү бай бар ө-мис.

9

Сол өкү байды жайлауы төмөн ө-мис,
Кичик атып, аң етүп жеген ө-мис.
Өкү байды сүрасаңыз, азаматтар,
Карабай мен Сарыбай деген ө-мис.

10

Бай да болса көңүлү тар секілді,
Төңүрү берген дөүлөтү бар секілді.
Малды берип, кудайы басты бермей,
Бир шыбындай перзентке зат секілді.

11

Карабай мен Сарыбай аңга шықты,
Өкү байдың мергендиги даңга шықты.
Өкүтүнүн зайыбы күмөңдү өкөн,
Гайып жерден алдынан аң кашыпты.

12

Карабай мен Сарыбай аңга барган,
Буаз марал алдынан душар болган,
Атамын деп Карабай оңун салган,
Үйүмдө зайыбым буаз деп атпай калган.

13

Көк Сеңгүрдөн өкү бай бөкөн тоскан,
Буаз марал алдынан душарласкан.
Буаз марал алдынан душарласып,
Атпаймын деп Карабай кайта качкан.

14

Тасаганның казынасы көп-тү дейдү.
Кичик атып аң етүп жептү дейдү.
Буаз марал алдыңнан душарласты,
Неге атпадыңыз, Карабай, дептү дейдү.

15

Тата-хата үйүмдө ішіп пысты,
Түгүттүккө көп кылдык мундай істү.
Атамын деп үйүмнен шыгып өдүм,
Атар жерде көңүлүмө бир кыям түстү.

Мергендікті қоймадық төмам дейді,
 Душар келді бір марал саған дейді!
 Душар келген маралды атпай қалып,
 Қиялыңды айтсаңшы маған дейді!

Өлде қалай болады заман дейді!
 Буаз марал атпағым қалай дейді.
 Менің зайыбым үйімде күмәнді еді,
 Сол еске түскен соң атпағым обал дейді!

Талай қызық көрерміз аман болса,
 Мергендікті қоярмыз, жаман болса.
 Күда болар меніменен бар ма жайың,
 Күдай перзент көрсетер заман болса.

Мұнан былай көрінген қарағайың
 Қолыңдағы балтаның сабы қайың,
 Үйімдегі қатыным буаз еді,
 Бү маралды атпалы түр Сарыбайым.

Өзен судың бойында саға дейді,
 Бү тіліңді алайын аға дейді.
 Менің-дағы қатыным буаз еді,
 Бү маралды атпайын баба дейді.

Екеуіміз бір-біріміз сыналық=ты
 Қатының буаздығы тәуір екен, сұралық=ты,
 Сіздің қатын біздің қатынымен буаз екен,
 Екеуіміз бір күдайға жылалық=ты.

Айранның үстінде сіңді дейді,
 Күдайдың көрсеткені жөн=ді дейді.
 Аңда жүріп, А-а, жолдас болдық,
 Тамыр болсақ қайтеді енді дейді.

Екеуімізді таптырған анамыз=ды
 Бір күдай барша жанға панамыз=ды
 Сіздің менен біздің қатын буаз екен,
 Досты-тамыр қылалық баламызды.

Кыз болса кырык жеті болар дейді,
 Шырағнымыз бір құдайдын кулы дейді.
 Екеуімізден екі кыз туар болса,
 Бір елге берелік мұны дейді,

25

Қарабай енді сонда күлді дейді
 Құдайдың көрсеткені жән=ді дейді
 Екеуімізден екі ұл туар болса,
 Ақыреттік дос болсын енді дейді.

26

Екеуіміздің шешеміз ана дейді,
 Үстіміздегі бір құдайым пана дейді.
 Біреуі ұл бірі кыз туар болса,
 Құдай қосса, біз қосалық және дейді.

27

Аттан түсіп, сол маралды алмай қалды,
 Оның айтқан сол сөзді қадкін алды.
 Торсықтағы малтаны шайып ішіп
 Іште жатқан балаға бата қылды.

28

Жиырмада жасы бар, жылым тауық,
 Екі бай құда болып қылды сауық.
 Алыстан кім екенін танымайтын,
 Бір адам елден шықты қатты шауып.

29

Қарабай Сарыбаймен аңға келген,
 Бір адам шыбын болып, үйден келген.
 Ол адам келді=дағы үндемеді,
 Неге асығып жүріпсің, жаным, деген.

30

Үйінде мал, жемге аман дейді,
 Қуантқалы келіп едім Қарабайды,
 Қыз тапты қатыныңыз бүгінгі күн,
 Шүйіншіге шапқылап келдім дейді.

Қарыбай мен Сарыбай бата оқыған,
 Бата оқыған жерінде қате оқыған.
 Қосқанның белгісі сол емес пе,
 Түсе қалып, сол жерде қат оқыған.

32

Ұшын қылып, Қарабай бие сойған,
 Бір биенің етіне жұрты тойған.
 Қарабайдың зайыбы қыз тауыпты,
 Баян сұлу болсын деп атын қойған.

33

Аяғездің бойынан ел ауыпты,
 Қылады екен Сарыбай бек қауіпті.
 Үш күндейін толғатып, азаматтар,
 Сарыбайдың зайыбы үл тауыпты.

34

Сарыбай қайсы жаққа кетті дейді,
 Бір тазша сүйінші тілеймін депті дейді.
 Елден бұрын сүйінші тілеймін деп,
 Сарыбайдың алдына кепті дейді.

35

Қарабай мен Сарыбай ақға желген,
 Бір адам тұра шауып, елден келген.
 Шауып келген кісі кім болады деп,
 Сарыбай мен Қарабай тұра жүрген.

36

Сарыбайдың дәулеті шеннен асқан,
 Шапқан кісі бұларға жақындасқан.
 Сол кісінің кім екенін сұрайын деп,
 Сарыбай оған таман қадам басқан.

37

Аман ба екен үйдегі малым дейді,
 Мұнша асығып қай жаққа барасың дейді.
 Атың арық, өзің сондай болдырыпсың,
 Не жамига жүріпсің тазшам дейді.

Жол болсын деп сұрайсыз ба бізден дейді,
 Келгенімді білдініз бе мыраам дейді,
 Қатыныңыз бүгінгі күн бір үл тапты,
 Сүйінші сұрай кеп тұрмын сізден дейді.

39

Таңа жақсы болды ғой көңілім дейді,
 Үшбу сөзің көңіліме мәлім дейді.
 Ондай атты күн туса, ханым тазша,
 Төрт түрлі мал берейін саған дейді.

40

Адамдардың да терезесі тең-ді дейді,
 Патшаның алдары кең-ді дейді.
 Біреу ұғыл, біреуі қыз болыпты,
 Қозы Көрпеш, Баян ат қойды дейді.

41

Екі бай бір-біріне қадам қойды,
 Қатыны үл тапқан соң көңілі тойды
 Біреуі үл бірі қыз болғаннан соң,
 Екі мыраа елге таман жарыс қойды.

42.

Қарабай Сарыбаймен желген екен,
 Марал шығып бір тауға келген /екен?/
 Қарабай мен Сарыбай жарысқанда,
 Сарыбай елге жетпей жығылып өлген екен.

43

Қарабайдың мінгені ақтан кер-ді,
 Жол үстінде өліп қалған қайран ер-ді,
 Қасындағы жолдасың жығылды-ай деп,
 Шауып барып Қарабайға хабар берді.

44

Қарабай келе жатып бір мақтан қара көрді,
 Өліп жатқан жан жолдасын жаңа көрді.
 Өліп қалған кісіні нетейін деп,
 Елге қарап Қарабай жүре берді.

Қарабай қартайғанша бой бойлайды,
 Ер жүзіне сыймаған мал айдайды.
 Жетім ұлға қызымды бермеймін деп,
 Өз үйіне келген соң ой ойлайды.

46

Сарттар сауыр басады талқыменен
 Ерге жабдығы жарасар нарқыменен
 Жетім ұлға қызымды бермеймін деп,
 Қарабай көшіп кетті халқыменен.

47

Өлеңімнің басы еді ғабдал-башар,
 Құдайым қуат берсе жолымды ашар.
 Қарабайдың елдері көшкенінде,
 Қозы Көрпеш бала еді жалғыз жасар.

48

Сарыбайды, жігіттер, құдай алды,
 Ақыр заманды құдайым бұлай салды,
 Көше қашып Қарабай кеткен екен,
 Жесір қатын жетім үл білмей қалды.

49

Тамам молда жиылып оқыр хатым,
 Жеткізіпті Сарыбай жұртқа датын.
 Сарыбайдың қатыны үл тапқан соң,
 Қозы Көрпеш қойыпты оның атын.

50

Сол екі байдың ауылы көшкен екен,
 Бір перзент көкейін кескен екен
 Қатынымыз қыз тапса екеуі де
 Қол боқшасы бір болсын дескен екен.

51

Сол екі байдың ауылы көшкен екен;
 Бір перзент көкейін кескен екен.
 Зау заман екеуімізден екі үл туа қалса,
 Таң қалғандай дос болсын дескен екен.

Сол екі байдың ауылы көшкен екен,
 Бір перзент көкейін кескен екен.
 Біреуі ұл, біреуі қыз болғанда,
 Құдай қосса, біз қостық дескен екен.

53

Ақ хан өліп Қара хан босқан екен,
 Көк Сенгірден киікті тосқан екен.
 Қозы Көрпеш құрсақта Баян іште,
 Іште жатқан екеуін қосқан екен.

54

Көшіп кетті Қарабай оған кенбей,
 Со кеткеннен кетеді қайтып келмей.
 Сондай айтып қосқан қосағын Қозыкөнің,
 Сол Қарабай кетеді-ау қайтып бермей.

55

Қозы Көрпеш өр нені ойлайды=мыс,
 Дегеніне бір жетпей қоймайды=мыс
 Ересек болған соң Қозы Көрпеш
 Тамам бала жиылып асықты ойнайды=мыс.

56

Қасы кішіге - аға, /үлкенге/ іні болды,
 Кігіттің өз бойында міні болды,
 Екі жасқа келгенде Қозы Көрпеш
 Шеше тамақ бер деген күні болды.

57

Үш жасында ештеме ойламайды,
 Төрт жасында денеме болжамайды.
 Бес жасқа келген соң Қозы Көрпеш
 Кісілерге бір ауыз сөз айтып ойнамайды.

58

Айтайын Қозы Көрпеш ұлан жақтап
 Алты жаста тұрады-ау халқы мақтап,
 Жеті жасқа келгенде Қозы Көрпеш
 Өз ауылын қондырады өзі бастап.

А, шешеке, құдайдың көрсеткені жөн-ді дейді,
Молдалардың салғаны дем-ді дейді.

А, шешеке, ойнарға жолдасым жоқ,
Маған жолдас тауып бер, енді дейді.

60

А, балам, күліп-ойнап қала көр, дәрменсіз еем,
Қисабы жоқ сансыз сенің дәулетің көп.
Саған қайдан табайын мен жолдасты
Өзіңменен бір туған бауырың жоқ.

61

А, шешеке мен бір қарлық сұрайын ба?
Бүйірмасыңды сенің де торың ба?
Бала тазша мұнда бір жақында бар,
Тазша менен ойнауға барайын ба?

62

Мен едім сені тапқан анаң дейді,
Бір қолымда қағаз бен қалам дейді.
Адира қалғыр тазшаны пысықтайын
Ұрыспасаң ойнай бер, балам, дейді.

63

Козы Көрпеш жүреді екен сөздің түбін болмай,
Сұлулықтың белгісі шаңқан боздай.
Он бір жасқа келгенде Козы Көрпеш
Келген екен тазшамен ойын ойнай.

64

Ай, тазша, сенің атың малай дейді,
Айтатуғын сөзім бар талай дейді
Үйімнен сені тазша іздеп келдім,
Асық ойнар ауқатың қалай деді.

65

Ай, Козы Көрпеш сен өзің нұрлы дейді.
Үйімде бір қарам жоқ сорлы дейді,
Сен үйіңнен бізді қалап келген болсаң,
Асық ойнар көңілім бар-ды дейді.

Козы Көрпеш сол күнде малды дейді,
 Ақылы жоқ тазшаның жарлы дейді.
 Козы Көрпештің ойының жайын білмей,
 Тазша ұтылып асықтан қалды дейді.

Козы Көрпеш маған не керек=ді дейді.
 Тауған қардай боран қызық дейді
 Ақылы жоқ сүм тазша ойнағанда,
 Өз сақасын өзіне сыйлап берді дейді.

Козы Көрпеш мен бір жауап айтайын саған дейді
 Түрлі болған халықта заман дейді.
 Мұнан бұлай сенімен ойнамаймын,
 Өз сақамды беріп кет маған дейді.

Қолыңа ұстағаның бақан ба еді,
 Тазшам саған бір өлім тақалды енді.
 Өз қолыңнан өзің сыйлап бергеннен соң,
 Қайта неге сұрайсың сақанды енді.

Өлең айтты жүремің ертеңді=кеш,
 Саған қылған Козы Көрпеш еңбегім еш,
 Қайыңа бармай жүрген жаман мұңдар,
 Өз сақамды беріп кет Козы Көрпеш.

Өштес қылған екеуің күдай мекен,
 Жаман сөзді Қозыкем тыңдай мекен.
 Қатынына бара алмай маған келіп,
 Асығынды алды деп жылайды екен.

Сен қора қорша, А-а, тазшам хан қылғандай,
 Ақылмнан адастым дал қылғандай,
 А-а, тазша сақа түгіл ат берейін,
 Менің қайным кім деген жан болғандай.

Садағыма салғаным қайыңнан оқ,
 Қозы Көрпеш бұ күнде дәулетің көп.
 Наразы болды сақамды бермеген соң,
 Өтірік айттым құда болған би перде тірі адам жоқ.

74

А-а, тазшам, мен әлі қарап тұрмын көңіліңе,
 Кел қоярмын жұдырықпен тас төбеңе
 Қайының бар деп сен өзің маған айттың
 Енді сені қоймаймын өз еркіңе.

75

Қозы Көрпеш қорықпаймын ақырсаң да
 Өтірікті сіре айтпаймын ойбайлап бақырсаңда,
 Ойлап тұрсам сенің қайының тіпті де жоқ,
 Басымды ала кесіп өлтірсең де.

76

Құдай қосқан қосақтан қалмаймын ғой,
 Тамандықты сіре есіме алмаймын ғой.
 Өтірікті айтасың сарсаң қылып,
 Тазша сенің тіліңе сіре нанбаймын ғой.

77

Құдай саған бермейді сана деймін,
 Ешнемені білмеген бала деймін
 Менім айтқан тіліме нанбасаңыз,
 Үйіңе барып шешеңнен сұра деймін.

78

Түруші едім нәрседен көңілім қайтпай,
 Сен қайтардың көңілімді рас айтпай.
 Кішкенеден қостырған қосағымды,
 Шөшем өтірік неге айтсын рас айтпай.

79

Қозы Көрпештің шінгені қара кері,
 Құдай тағала сол жерде ақыл берді.
 Сол тазшадан үмітін үзгеннен соң,
 Есігін зарып ұрып үйге кірді.

Қозы Көрпеш келе жатып көзін сүзді дейді,
 Ашунн нақ тазшанын ойны бұзды дейді.
 Тазшадан наза болып келе жатса,
 Байқамастан бір ермекті үзді дейді.

81

Алдындағы құрылған мынау өрмек,
 Өрмектей өтірікші қыла бермек,
 Алдындағы өрмекті неге үздің,
 Қатыныңнан айырылған сүм жүгірмек.

82

Ай, енеке маған қылған өрмегіңді
 Естірші мен жамайын өрмегіңді.
 Менім қайным қай жақта, жан енеке,
 Үшбу жерде төлеп кетейін өрмегіңді.

83

Садағыңа салғаның ақ қайың оқ,
 Екі қайтып келмейді дүние боқ.
 Өрмекті үзген соң кейіп едім,
 Ойлап тұрсам, а, балам, қатының жоқ.

84

Сауыры өтігің табаны талда болса
 Қырық кісінің ақылы ханды болса,
 Сіре еркінді қоймаймын, жан, енеке,
 Қайынымның турасын айт әлде болса..

85

Барша жанның сиынғаны бір құдайым,
 Құлағың сал, а, балам, кеп қылайын.
 Тоқсан қабат айтоанда қайының жоқ,
 Тынышымды ала берме, сұмырайым.

86

Адамды сөйлеткен тіл мен жақ.
 Кемпір саған сайладым бір аруақ.
 Сіре, тынышыңды қоймаймын, ай енеке,
 Ашуланбастан жылдам-ақ қайынымды тап.

А-а, балам, енді саған қайырылмаймын,
 Бү сөзіңнен еш қорқып қайғырмаймын.
 Қалвай айтсаң да солай айт, сұмырай балам,
 Не қылсаңда сол сөзімнен айырылмаймын.

88

Қозы Көрпеш атқа мініп желген екен,
 Сұм кемпірдің тіліне ерген екен.
 Қу тазшадан бірдеме есіткен соң,
 Ашуланып үйіне келген екен.

89

Қаратаудың бетінде қара тас-ты,
 Ығылғанда сүйеген қарындас-ты.
 Кіріп келісің шошым сенің балам
 Шырағым саған не болып мұнша өңің қашты?

90

Шешеке бір сөзім бар айтамын саған дейді,
 Түрлі болған халықта заман дейді.
 Асық ойнап қарыным ашып келді,
 Бидай қуырып өз қолыңнан берші дейді.

91

Баланың қасын, көзің көрсем дейді,
 Қасыма шырағым келсең дейді.
 Қарының ашып, өңің қашып...
 Қолыңнан бидай қуырып берсем дейді.

92

Баласының көзінен аққан жасы,
 Бауыры жоққа еш қайғырмайды жалғыз басм
 Шешеке қосқан жарым қайды дейді,
 Қалыңдығым атын айт, кім әкесі?

93

Қозы Көрпеш мінгені көк-ті дейді,
 Сөйлеуге қызыл тілім есіпті дейді,
 Күйгенімнен айтамын жалғыз балам,
 Қосқаны рас енді депті дейді

Үлкен молдалардың жазған хаты,
 Бұзылмас патшаның шариғаты.
 Қосқаның бір сұлуға рас болса,
 Кім екен маған қосқан жардың аты

Кішкенеңнен жүруші көкше құрбан
 Жақсы-жаман екені өзіме аян.
 Алыс кеткен немені іздей көрме,
 Қосқанының аты еді сұлу Баян.

Қозыкенің көңілі тынбайды=мыс
 Таман-жақсы адамды сынайды=мыс
 Бұған бидай қуырды шешесі
 Салып берсе табақтан жемейді=мыс.

Менің айтқан Қозыкеме бұ бір кеңес
 Қозыкеме шешесі ләм деп айтушы емес
 Қозыкенің көңілінде өлде не бар
 Қазанменен берсе де тағы жемес.

Қаз келедүр, ай, шешеке, атайын да,
 Ұйқым келді, төсек сал, жатайын да,
 Еңбекпенен өстірген жан шешеке
 Қолыңменен бер сана, татайын да

Не жамандық Қозыке көрді дейді,
 Баласының тіліне ерді дейді.
 Алдағанын Қозыкенің қайдан білсін,
 Қолыменен шеңгелден берді дейді.

Шеше сенен көрмедім пайда дейді,
 Мың жылқыңды өзің ал өнді дейді.
 Нысы бидай қолына басып алып,
 Күдай қосқан қосағым қайда дейді.

101.

Қолым күйді, ай, балам, қайтейін мен,
Қайының жоқ өтірік немді айтайын мен.
Тілі күйгір кім еді мұндай қылған
Сарсаң қылған кім еді жоғалтайын мен.

102

Тазша бір сөз айтты ғой маған кеше,
Қолың күймек түгіл бүріссін маған десе.
Кішкенедең қосылған қосағымды,
Енді қалай айтпайсың маған шеше.

103

Бү жалғанда еш көзі ашылмасын,
Іздеймін деп сұрайсың молдасын.
Телі өскен көңіліңді тентек қылып,
О/ны/ естірген кім еді еш оңбасын.

104

Оғын хундер Қозыкем тазқарадан,
Қасынан-ақ тілейді өзганадан
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
Тұра да кеңес сұрайды-ау бозбаладан.

105

Есітіңді Баянды көңіліне тоқ
Бір ойнаса жарымен арманы жоқ.
Тұрады кеңес сұрап бозбаладан,
Оңды кеңес айтпайды бозбала бок.

106

Ақ сақалды бір үйге құрлатыпты
Алып келіп тазшаны жырлатыпты,
Алып келіп тазшаны жырлатқан соң,
Құлақ салып ақ сақалдарға тыңдатыпты.

107

Дүниеден осылай өтейін бе
Құдай қосқан қосаққа жетейін бе.
Құдай қосқан менің қосағым,
Іздейін бе, яки іздемей жетейін бе?

90

Козыкем сен тобаңды жаңылыпсың
 Сен көрмеген Баянды сағыныпсың
 Сондай жақсы қалыңдық алып берсек,
 Ерте кеткен Баянды не қыласың

109

Тамам қызды бір үйге салды дейді,
 Ағаларға көңілім қалды дейді
 Енді қыздан бір кеңес сұраймын деп,
 Күгіргеннен қыздарға барды дейді.

110

Суга біткен солқымдақ жекен деймін,
 Құдай қосқан қосағым екен деймін. *
 Құдай қосқан қосақты сағынамын,
 Әли апалар, іздесем бе екен деймін.

111

Қартайғанша ер жігіт қыз дер болар
 Жас үлкенді-ай өзінен сіз дер болар
 Ол айтқаның жарықтығым рас дейді.
 Құдай қосқан қосағым іздер болар.

112

Ондай кеңес сайтанлық көнбегейсің,
 Өз ойыңдай Козыкем көрмегейсің.
 Өз ақылың өзіңе болатұғын,
 Ұрғашының тіліне ермегейсің.

113

Көргенім жоқ Баянды өзі қандай,
 Беті айдай дөседі, бойы талдай,
 Ерте кеткен Баянды іздемейін,
 Баяндай қыз бар ма екен сіре сондай?

114

Тілімді алсаң Козыкем бара көрме
 Ондай ойды көңіліңе ала көрме
 Телі өскен көңіліңді тентек етіп,
 Сен Баянды есіңе сала берме.

Арушті едім адамнан көңілім қалмай,
Енді қайтып күрейін есіме алмай.
Көңілім менің таразы тымық таппас,
Өкем қосқан Баянға сіре бармай.

116

Мен бір сөз айтармын, - көңлің қалар,
Қодар деген бір құлы ғиал болар.
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
Бір шыбындай жанына зиян болар

117

Үй демеңіз сынады сағым дейді,
Қарабайда кетіпті=ау мұнша хақымы дейді.
Қарабайдан хақымы ала алмасам,
Мұнда жүрсем, тең күрбым "қатын" дейді.

118

Айтса=дағы Қозыкем тіл алмайсың,
Барғаннан соң сен қайтып келе алмайсың.
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
Енді қайтып бұл жұртты көре алмайсың.

119

Есеп болсам мен қайтып келейін де,
Келе алмасам сол жолда=ақ өлейін де
Құдай қосқан қосағым=сұлу Баян,
Қодар құлға не қылып қияйын да.

120

Күрт алайын қолазыққа төрб=бес аяқ,
Бөлініп қалған жылқыдан бір=бір саяқ.
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
Қодар атты құлына жесем таяқ.

121

Айтып салды бірнеше, алла, қалай?
Өзің оңда жасаған, алда тағала/ -ай/.
Алда бұйырса, жұртым мені жіберіңіз,
Құлда/в/ таяқ кегенше, алсын құдай!

Не табасын Козыкем онда барып,
 Қодар құлдар алмасын жүрегін жарып.
 Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
 Тентек Қодар қоймасын басыңды алып.

123

Еш басыңа жамандық келтірмесін,
 Кім табады құлдардың бұлдірмесін.
 Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
 Қиық еді Қодар құл, өлтірмесін.

124

Қодар, Қодар дегенің кім-ді, сіре,
 Құлдан өлсем қатайын, құным сурама.
 Екі сөздің ішінде өлімді айта бердің,
 Торығаның қалай еді, жұртым, сіре.

125

Мақтана түр Козыкем мұнда тұрып,
 Қайтіп алар екенсің Баянды құлды ұрып.
 Сол алпыс құл ортаға бір алған соң,
 Өлмек түгіл қаларсың оба тұрып.

126

Қан болмайын жарымды құлға берсем,
 Сөйлетпес, қор болармын мұнда жүрсем.
 Не болса да, ай, жұртым, жіберіңіз,
 Татқанымнан тұрмайын құлдан өлсем.

127

Талай кеңес үйреттім енді, ботам,
 Кеңесімді алмайды сондай адам.
 Кеңесімді алмадың, кері барғыр!
 Білгеніңмен бола көр енді, ботам.

128

Қаз келеді, ай, шеше, атайын да,
 Бидай қуыр, қолыңнан татайын да.
 Атымды ерттеп, ай, шеше, азық бер/ші/.
 Өкем қосқан Баянға кетейін де.

Ойбай балам, ай, балам, кете алмассың,
 Аякөздің бойынан өте алмассың!
 Телі өскен көңліңді тентек етіп,
 Ерте кеткен Байыңға жете алмассың.

Ойбай, шеше, ай, шеше кетер=ақпын
 Аякөзден құдай жол берсе, өтер=ақпын.
 Сол Қарабай кеткелі жиырма жыл,
 Жиырма жыл қусам соңынан жетер=ақпын

Көздің жасын көл қылып төкті дейді,
 Бір тазша не қылса да түбіме жетті дейді.
 Көзім жасы - көл=дайра бар=ды, балам,
 Онан қайтып өтесің? -депті дейді.

Қозыкемнің мінгені көк=ті дейді,
 Хасағаннан тілегім көп=ті дейді.
 Көзің жасы көл=дайра болса, шеше.
 Көпір салып өтерміні - депті дейді.

Көздің жасы көл болып тағы толды,
 Бір тазшаны жиылып жұрт сөкті дейді.
 Қайғылының қырық бөрі бар=ды балам,
 Одан қайтып өтерсің? - депті дейді.

Алдыңда дунлдаған ку бар балам,
 Аспанменен сөйлескен тау бар, балам.
 Одан қайтіп өтесің, жолдасың жоқ,
 Қылышынан қан тамған жау бар, балам.

Мені /жұрт/ Қозы Көрпеш деп мақтамай ма?
 Қай-қайдағы жарлылар бұ үйді жақтамай ма?
 Қылышынан қан тамған жау да болса,
 Бір құдай онда бізді сақтамай ма?

Той сайын айтушы едім өлең бастап,
Онныды түрушы еді халқым қостап,
Төңірден тілеп алған жалғыз едің,
Шешенді кетемісің жалғыз тастап?

Өуелі сайынғаным бір құдайым,
Ақыл үлкен болады күн-күн сайын.
Өкем қосқан байыңға жетейін де,
Өзір, шеше, сені мен не қылайын.

А, балам, мен кісіге қымаймын көйлегіңді,
Киімі қаракөзді тон күнде-күнде.
Кімге қып кетесің, жалғыз балам,
Тоқсан қопа толулы жылқыңды енді?

Қарағайлы шоқы - бел/жер/ кеткен соң,
Іақсының аруағы тербеткен соң.
Пайдасы жоқ жылқыңды не қылайын,
Сансыз жауға жолықсын мен кеткеннен соң.

А, балам, етпедің мен күткен оңтайды енді,
Көрсетейін тал шыбықтай бойыңды енді.
Барма десем болмадың, байғұс балам,
Кімге қойып кетесің отыз қопа қойыңды енді?

Өкем қосқан жарыма жетейін мен,
Қайтіп бармай жатайын, терезең тал,
Пайдасы жоқ қойыңды не қылайын,
Аш бөріге жолықсын мен кеткен соң.

Сен кеткен соң таянайын бүйірімді,
Құдай білер бұ жерде жүреріңді /жүртіңді -Е.І./
Оны қайтіп қиясын, байғұс балам,
Он бес өлке толған /толулы- Е.І./ сыртыңды?

Ондайынды көп айтпа маған дейді,
Алдам оңды жасатқан тобам дейді.
Қайғылының қырық бөрі келсе жетіп,
Қырық кез оғым жалынсын оған дейді

144

Ойлы берсе, ой түбі қайда кетпес,
Жұртын тыйған Қодарға айлаң жетпес.
Тілімді алсаң, Қозыкем, бара көрме.
Асқаралы таулар бар адам өтпес.

145

Айхай, шеше, ай шеше, кетер=ақпын,
Құдай қосқан жарыма жетер=ақпын.
Асқаралы тауларын душар болса,
Қылышпенен жол салып өтер=ақпын

146

Айхай, балам, ай, балам, барасың ба?
Менен кетіп, барқадар табасың ба?
Тілімді алсаң, Қозыкем, бара көрме,
Қырк күншілік шөлі бар, өлесің бе?

147

Алдыңа мен енді кірмен, шеше,
Өзге қызбен деуренді сүрмен, шеше.
Құдай қосқан жарымды естіген соң,
Адам болып жүре алман енді, шеше.

148

Барамын деп, ай, балам, бара алмассың,
Ерте кеткен Баянды таба алмассың.
Елі=жұртың қақсайды бармасын деп,
Жұрттың тілін алмасаң, оңа алмассың!

149

Қалтақ балам, жүрмісің кетейін деп
Кетіп мені сергелдең етейін деп.
Айтсам тілім алмадың, ай, жүгірмек,
Ажалыңа асығып жетейін деп.

Айхал, шеше, ай, шеше, кетейін де,
 Құлдан өлсем, жан болып, нетейін де
 Мұндай бізді қақсатқан әр кез оңбас,
 Қарабайдың бір түбіне жетейін де!

151

Асқан тауы бір қиын бел=ді, балам,
 Мұнша неге қақсаттың мені, балам.
 Айтсам тілім алмадың, ай, жүгірмек,
 Ажал айдап жүр екен сені, балам.

152

Шеше, мұнша мұқаттың қажарымды,
 Мен білгенмін=ді алдаға жазарымды
 Енді бұлай болған соң, кеткенім /жөн/.
 О кұлдан салса, көрермін ажалымды.

153

Ғайып қойған түсерсін торға, балам.
 Бір шыбындай жаныңды қорға, балам
 Арасында аңдыған жауы көп=ті,
 Өлім іздеп жүрмесең, барма, балам.

154

Ақылыңды тұра тұр бөлме, шеше,
 Тірі болсам, кетпен=ді келмей, шеше.
 Құдай қосқан жарымды іздемесем,
 Не қылайын жан болып, өлмей, шеше

155

Қақсап қалсын Қарабай мұндай балам,
 Сонан әрі кетерсін, келмей, балам
 Айтсам тілім алмадың ай жүгірмек,
 Қайтып соңынан келмессін, өлмей, балам,

156

Ақылыңды тұра тұр бөлмей, шеше,
 Тірі болсам кетпен=ді келмей, шеше.
 Сарсаң қылған со мені Қарабайды.
 Қара жерге қойман=ды енбей, шеше.

Қаралың найзаиды қолыма алып,
Отырамын қолымды балға малып.
Пайдасы жоқ жеріңді не қылайын,
Мен кеткен соң қолыңсың аусыл мәлік.

А, балам, қиямысың күтінды енді,
Сен тұрғанда дүнием бүтін дейді.
Барма десем болмайсың, жалғыз балам,
Кімге қойып кетесің сүтіңді енді.

А, шешеке, күміс қостың айылыма,
Қазақ қарап тұрады қайырыма.
Барма дейсің /.../, байғұс, шеше,
Қайтіп бармай жатайын қайыныма.

А, балам, саған айттым базынамды,
Шешесі, сен кеткен соң тір жан=ды
Оң лавке толған /.../ сорлы, балам,
Кімге қойып кетесің қазынаңды?

А, шешеке, не болды жігітті еңіреткен соң,
Немене айтып=айтпай күн өткен соң.
Ол атты бұйымыңды не қылайын,
Талаулы орынға қолыңсың мен кеткен соң.

А, дырағым, жылап тұрмың күніменен,
Көкіліңді уатайын кімің менен.
Болмайсың барма десем, жалғыз балам,
Шешенді тастаймысың шыныменен.

Ажалды күл әр жерде өлмей ме екен,
Тірілер күн тірі кісі көрмей ме екен.
Ая, шеше, бұ дегенің, не дегенің,
Қайынына барған кісі келмей ме екен.

Қонаға бөлек біткен қ/ү/рағым=ай,
 Дөңгелек жылқыдайын тұяғым=ай.
 Көзімнен таса болсаң әлмеймін бе,
 Келмейсін деп шошимин, шырағым=ай.

165

Мен қайтейін /.../ кеткеннен соң,
 Халғыз қалымдан /?/ өткеннен соң.
 "Емшек берген-әрі жат!" дерсің, балам,
 Баян сұлу харыңа жеткеннен соң

166

Айыр емшектен сүт берсең, емейін де,
 Емген сүтім татыпты көмейімде.
 Ондай атты күн туса, ай, қан шешекө,
 "Емшек берген-әрі жат!" демейін де.

167

Сен кеткен соң, ай, балам, мен өлермін,
 Кеткеннен соң ішімнен күңіренермін.
 Еңбекпенен өсірген жарықтығым,
 Сен кеткен соң мен қайтіп күн көрермін.

168

Сен өлмессің, ай, шеше мен өлермін,
 Күса болып, бармасам енді өлермін,
 Өледі деп қылама мені, шеше,
 Есен болсам мен қайтып бір келермін,

169

Асқан тауың бір қиын бел=ді, балам,
 Ерте кеткен таппассың елді, балам
 Айтсам тілің алмадың, ай, жүгірмек,
 Кетсең, сіре, /сен/ жоқсың енді маған.

170

Бармай /мен/ дүниеден осылай өтпеген, шеше,
 Қалай қусам, мен саған жетпеген, шеше,
 Қарабайдан ақымды алғаннан соң,
 Қайтып саған бір келмей жетпеген, шеше.

Төңірі шешер көңіліңнің хақың, балам,
 Ғар табылар малды бақсаң, балам
 Тілімді алмай барасың, ай, жүгірмек,
 Енді маған сен жоқсын кетсең, балам.

172

Артылған соң тоқтамао қосым, шеше,
 Еш қайғырар жоқ менің достым, шеше
 Енді бұлай болған соң кеткенім кен,
 Көріскенше күн жақсы болсын, шеше.

173

Айнай балам, ай, балам, кетемісің,
 Кетіп /мені/ сөргемдең өтөмісің
 Ақ сүтімді сауармын көкке балам,
 Менен кетіп мұратқа жетемісің.

174

Ақылымды аузыма салар шеше,
 Баяндай қыз алашта бар ма шеше?
 Жақсы жолға барайын деп тұрғанда,
 Тамаң сөзді аузыңа алма, шеше.

175

Ала тұрған Баянды сен бе, балам,
 Сенің жұртың босынған ел ме балам?
 Айтсам тілім алмадың, ай, жүгірмек,
 Барғаныңнан қайтып енді келме, балам.

176

Самаменен сарғайып іші толсын,
 Естірген сол тазша байғұс болсын.
 Ақ сүтіңді емгенмін сенің, шеше,
 Маған деген қарғысың алғыс болсын.

177

Айнай балам, ай, балам, менен кеттің,
 Төлі өскен көңілімді тентек еттің.
 Ақ сүтімді сауармын көкке балам,
 Еш қызығың көрмейінше өнер/ге/ бастың.

Қақылдайды қақсайды жазған /анам/
 Қақсасаң да ай, шеше, жоқпын саған.
 Осы жолда сен мені қарғай бердің,
 Емшегіңнің ақ сүті аруланбай.

179

Кудай маған қоймады ат... дейді.
 Қылған екен атам маған бір қапа дейді.
 Кудай қосқан жарымды іздер едім,
 Қандай атты мінейін апа дейді

180

Есен-амаң Қозыкем жүре көрші,
 Жарыңменен бір ойнап күле көрші.
 Күгеніңді шылдырат, жаным балам,
 Қарағанни бетіңе міне берші.

181

Қонған жері аулының қат қараған,
 Мың жылқыны шұбыртып ат қараған.
 Мың жылқыдан бір жылқы қарамады,
 Қозы күрең жаман тай жалт қараған.

182

Қозы күрең жаман тай қарап тұрды.
 Үстай алып мойнынан жүген ұрды.
 Мың жылқыдан бір жылқы қарамады,
 ...тұқымы қайдан құрыды.

183

Күгендесе жаман тай құнан болды,
 Ақыр заман қараңғы тұман болды
 Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,
 Не басыңа сенің ылаң болды?

184

А-а, шешеке, менің сөзім болмас шата,
 Өкеміз қайыныңа бар деп қылды бата.
 Шешекем, қайыныңа бару/ға/ мойнн қойдым,
 Менің мінер жылқының түсің ата.

Үйіңде мен отырған адам дейді,
 А, балам, сенен кетті мазам дейді,
 Хүгіріп жүген алып барғаныңда,
 Бетіңе не қараса, соны мін, балам, дейді.

Тайлауы Сарыбайдың Қатқара=ды,
 Қозы Көрпеш сан жылқыдан ат қарады.
 Жылқыдан ат мінгелі барғаныңда,
 Табағы /қозы/ күрең жалт қарады.

Қонғаны ауылының сай болады,
 Ондағы жұрт толықсып жай болады.
 Құрықты бисмилла деп салған /нан/ соң,
 Табағы қозы күрең тай болады.

Молданың оқығаны көлем болды
 Тәрдегі жорғалаған жылан болды.
 Арғымаққа ылайық қозы күрең,
 Түгендеп жатқаныңда құнан болды.

Тайлауы Сарыбайдың төмен болды
 Ауызымды өр/не/ сезім өлең болды
 Арғымаққа ылайық қозы күрең
 Тайдақ/міне/ жөнелгенде денен болды.

Жаманы түгел малдың ешкі болды,
 Кигені кедейлердің ескі болды.
 Арғымаққа ылайық қозы күрең,
 Үйінен жөнелгенше бесті болды.

Ертте/се/ құнаны денен болды,
 Құдай сақта ылаңнан деген болды.
 Ерте кеткен Баянды іздемейін,
 Баяндай қыз бар ма екен мұнда онды?

Өзі мінсе дөнені бесті болды
 Нзаменен сарғайып іші толды.
 Ей, жасаған, бар құдай езің онда
 Көргенім жоқ бұрын-ау еш мұндайды.

193

Алты жасар бестісі ат болыпты
 Бір сөз айтса түгел жұрт мат болыпты
 Қозыкемнің сорына, азаматтар,
 Бірге жүрген Қарабай жат болыпты.

194

Қозы күрең астына мінді дейді,
 Құрсай садақ беліне ілді дейді
 Періштелер түсіне аян беріп
 Қосыларын Баянға білді дейді.

195

Қозы күрең мінді де кетті дейді,
 Көл дайраның бойына жетті дейді
 Көл дайраның бойына жеткеннен соң
 Көпір салып үстінен өтті дейді

196

Түреді екен Қозыке сөзге қанып,
 Құдай қойды көңіліне қайғы салып,
 Енді іздемек болыпты сол Баянды
 Арымас ат, таусылмас азық алып

197

Қозыкеме жиылды жұрты дулап,
 Азаматым, тұра тұр мұны тыңдап.
 Күн керемін деп жүрген жалғыз ұлдан,
 Қайран ене айрылып қалды жылап.

198

Өуре сарсаң құдайым етіп едің,
 Өурешілік жолменен кетіп едім
 Түрген сайын жолыма кесір қылып,
 /Уа/ жасаған құдайым нетіп едім?!

Алдан жүрме Қозыкем атын сусар
 Баянға қыз алаштан қайтан ұқсар
 Бір бөгеннен құтылып бара жатса,
 Қиқулының қырық бөрі болды душар

200

Үш уақытта аллаға жүрдім жылай,
 Өуре=сарсаң /құдайым/ қылдың бұлай
 Бір бөгеннен құтылдым деп едім ғой,
 Тағы да аңдып жүр ме едің мені, құдай.

201

Жұрт қақтырып сөзімді қолқалаған,
 Қайғырмаңыз өткен соң енді оған.
 Қайтатұғын бір амал болар ма деп,
 Қасқыр болып шешесі ду талаған.

202

Өзірейіл келіпті=ай, жөббөр пәрмен,
 Бір соңыра зор келсе, жаның қарман
 Мен де өзіңнің жаратқан пендең едім,
 /Бір/ жасаған болмаса кетті дәрмен.

203

Көте алмайды Қозыке үйге қайтып,
 Сарсаң қылды сол тазша қайдан айтып.
 Қиқулының қырық бөрі келсе жетіп,
 Қырық кез оқпенен кетіпті бір=бір атып.

204

Қозы Көрпеш іздейді ауған елді,
 Аллатағалам жаратты асқар белді
 Бір бөгеттен құтылып бара жатса,
 Асқаралы бір тауға тағы келді.

205

Армас ат, таусылмас ас болыпты,
 Таусылмастай азығын мол алыпты
 Асқаралы сол тауға жетіп келіп
 Қылышпенен шапқылап жол қылыпты

Җалғыз туған бір улдан ел қашыпты,
 Асқаралы сол таудан бел асыпты
 Бір бөгеттен құтылып бара жатса,
 Он екі айлық, қырық күншілік жол басыпты.

Сарсаң болды Қозыке үйден кетіп,
 Он екі айлық, қырық күншілік жерге жетіп
 Он екі айлық қырық күншілік жолдан өтіп,
 Ел шетіне Қозыкем келді жетіп.

Үш уақытта сиридым алда саған,
 Мұндай қатты азапты қылдың маған.
 Ербір жерде сақтаушы бір өзіңсің,
 Ендігіден сақтай көр құдай тобам.

Қозы күрең асыпты белді дейді
 Жаңа тапты Қозыкем елді дейді
 Ай далада қаңғырып бара жатып,
 Бір кемпірдің қасына келді дейді.

Сол кемпірді көрген соң желді дейді,
 Нақ қасына кемпірдің келді дейді
 Өлдеқалай бұ да бір адам=ды деп,
 Қол қусырып, сәлемді берді дейді.

Қозыкенің сәлемін алды дейді,
 Ол бір сана көңілге салды дейді.
 Қол қусырып Қозыкем сәлем берсе,
 Таң тамаша сол жерде қалды дейді

Көкірегің қайғылы көңілің жарық
 Қай бір жақтан келесің атың арық?
 Атың арық, өзін аш, жаным балам,
 Неғып жүрген адамсың жүзің сарық?

Мен алыстан келемін қиладан
/Бір/ құдайын білмеген болдым надан
Қалайымды сұрайсыз, ау, енеке,
Өуре өылған құдайым мен бір адам.

214

Қас мыраа - Қозыкем, депті дейді,
Киік атып аң етін жепті дейді
Атың арық өзін аш қаңғырып жүрген
Қаным қалай адамсын депті дейді

215

Мен үйімнен шыққалы алты ай болды,
Мінген атым астымда тайдай болды.
Естіп, біліп, көргенің бар ма, енеке,
Қарабайдың ауылы қайда болды?

216

Қалғыз адам білмейді келгеніңді
Мен де айтармын есітіп, білгенімді
Қарабайдың ауылын көрсетейін,
Бастап балам айтсана бір жолыңды.

217

Талай неме түседі көңілімізге
Көп кейітпей айтсаңшы енді бізге
Атым арып, жолаушы кейіп келдім
Қарабайдың ауылын көрдіңіз бе?

218

Көрсетейін саспай тұр, елді балам,
Расыңды айтсана енді маған
Қарабайдың ауылын сұрай беріп,
Мұнша сұрап Қарабай неңді балам?

219

Қамшыласам жүрмейді атым тосақ,
Ене менің сорыма болдың қашан
Көп кейітпей айт сана енді бізге,
Қарабайдың ауылын көрген болсаң

Биле алмадым Қарабай өлде қайда
 Өлде болса атың мен тоның пайда
 Арып-ашып, ай балам, мұнша іздеп,
 Қандай қатты ісің бар еді Қарабайда?

221

Кит-құдадан жоқ екен тым-ақ төтті,
 Іздеймін деп енеке діңкөм қатты
 Білмесеніз, енеке, енді айтайын
 Қызы бар ма үйінде Баян атты?

222

Алыс жерде көрінген ел ме, балам,
 Қатты жүріп атыңмен желме, балам
 Қарабайдың ауылын сұрай беріп
 Сарыбайдың жалғыз ұл сен бе, балам?

223

Аяғөзді жағалай бітер қайың
 Оқып болған Баянды уатайын.
 Қарабайдың ауылын көрсет сана,
 Біротала атымды суытайын.

224

Жер дүниені сен келдің бөрің құртып,
 Қарабайды қалыппын мен ұмытып.
 Жаным балам, бұ жаққа қарай түсші,
 Көріне ме ешнеме қарауытып?

225

Інінізді жамандап табалама
 Құдай өуре қылған соң оңала ма.
 Қарауытып бір нәрсе көрінеді,
 Қарабайдың ауылы сол бола ма?

226

Қарабайды сұрадың мұнда келе,
 Түр деп өуре қиласың мені неге
 Әбден болжай қарашы жаным балам,
 Қара мола, қара адыр көріне ме?

азша болып Қозыкем кетті дейді,
 аяғөзден сал байлап өтті дейді
 Әншейін-ақ қоландар¹/ адам болып,
 Қарабайдың қасына келті дейді.

242

Қарабайдың қасына келді дейді,
 Тәңірі салған ісіне көнді дейді
 Қарабайдың қасына келіп тұрып,
 Қол қусырып сәлемді берді дейді

243

Әләйкім, Қарабай, сәлем дейді,
 Мен көрмеген бұ қалай адам дейді
 Атың арық, өзің аш, қайдан жүрсін,
 Жаным қалай адамсың, балам, дейді

244

Ел ішінде қаңғырған мен бір ғарып,
 Келген едім алыстан атым арып.
 Күн көрермін деп жүрмін, жан атеке,
 Сіздей ғана біреудің малын бағып.

245

Ақылына жетпеген баламысың,
 Ешкі бөліп берейін аламысың
 Мен де өзіндей біреуге кем-тар едім,
 Маған бала жарқынның баламысың?

246

Ай, атай, жаңа келді менің бағым,
 Тоқ үйде менің дағы інім=ағам
 Енді сізге мен байғұс мойындадым,
 Сізден артық табылмас маған адам.

¹/ Қоландар - каландар, дәуріш, кезбе - /Е.І./

Тылқы бақсаң міне көр қара қалды,
Еш зиян көрмессің кемпір-шалдан
Өз еркіңе салайын, жаным балам
Сүйгеніңді баға көр мынау малдан.

Келе жатып мен өзім ойлағанмын,
Ойлап, ойлап ой түбін қоймағанмын.
Өз еркіме салсаңыз, ай, атеке,
Жаныма тыныш, өйтеуір, қой бағамын.

Қартайғанда мен қойды бақтым дейді
Тазшам, жаңа жаныма жақтың дейді.
Үйге барып Қарабай қуанады,
Мен бір қойшы жігітті таптым дейді.

Бүгінгі өткен нешесі туған айдың,
Еш қадырын білмейді Баян байдың
Бір Баянның дертінен Қозы Көрпеш,
Алты ай жүріп қой бақты Қарабайдың.

Қарабай бай болып мыңғырыпты,
Қовыкемді ап келіп күл қылыпты.
Бұған енді бір амал табайын деп,
Бір тоқтының аяғын сындырыпты.

Қойға мінген қара атан бақырады,
Қозы Көрпеш шыңғырып, ақырады.
Мұрындары зерелі қой қалды деп,
Қозы Көрпеш дауыстап шақырады.

Шыңғырады бір адам қатты ма екен,
Тыңдай көрші балалар тазша ма екен.
Сол тазшаның аяғын сындырғаны,
Асыранды Баянның тоқтысы екен.

Қарабайдың жайлауы Телі көл=ді,
 Ауыл көшсе, сол Баян жорға мінді,
 Мұрындары зерелі қой қалды деп,
 Жорғасымен қайрылып Баян келді.

255

Асықпай тұр қылайын, сені ме, күл
 Өз-өзінен не қылып сынады бұл.
 Денім сүйген бір тоқты еді осы қойдан,
 Мұны не қылып сындырдың шынамыр күл?

256

Мұнан бұрын көріп пе ең мұндай күлді,
 Мұнша өуре қыласың мен бір сұмды
 Менен көрме ал Баян, құдайдан көр,
 Бұ тоқтының аяғы өзі сынды.

257

Таңдырайын мұны кім жейді дейді,
 Денім сүйген менің бір тоқтым депті дейді
 Іле апарып Қодарға таңдырайын,
 Өңгерт былай шұнақ күл депті дейді.

258

Қозы Көрпеш көңіліне қайғы салды,
 Бір Баянның зауқынан бақты малды.
 Көтере алмаған тоқтыны кісі болып,
 Оң жағының санынан шымып қалды.

259

Асықпай тұр, бедірек, қаның тасса,
 Кеміре қыл да іше бер қарның ашса
 Қойға келген жерімде ондай етіп,
 Менің теңім сен бе едің, шұнақ тазша?

260

Мұндай тынып жұмсама күлді Баян,
 Құдай өуре қылды ғой бізді Баян
 Ай аулақта сүрайын осындайды,
 Құдай қосқан қосағың кім=ді Баян?

Баян арман жөнеліп кетті дейді
 Сіре, қалай осы адам депті дейді
 Сол тазшаның сол жерде айтқан сөзі,
 Көкейінен Баянның өтті дейді

Қозы Көрпеш құл болып қойға түсті,
 Тасағанның қилығы сондай күшті
 Бұрын сіре, ештеме білмейді екен,
 Енді Баян ішіне пікір түсті.

Амал тауып Баянға бара алмайды,
 Тақынлатып қасына ала алмайды
 Алты ай қойын бақса да Қарабайдың
 Сонан артық ештеме таба алмайды.

Қойды тастап Қозыкем жылқы бақты,
 Қарабайдың жанына жаңа жақты
 Көгал жерге желіні тартып барып,
 Тұмырықпен қазықты бір-ақ қақты.

Жер дүниеге кетпеді жылқы тынды,
 Қайтара көр Қодар құл шапшаң мұнда
 Қарабайдың жылқысын сол алпыс құл
 Азар түгелдеп болады алпыс күнде.

Тазша байғұс кетеді ертең тұрып,
 Айқай салып тұрады иттей ұлып
 Баға алмаған жылқысын алпыс құлдың
 Талғыз өзі келіпті түгел қылып

Жылқы жияр Қозыкем айқай салып,
 Құрығына жейдесін байлай салып,
 Талғыз жылқы қалмастан жинлыпты,
 Келді дейді ауылға айдан алып.

Оны естiп алпыс кiл арланады,
 Жылкы баққан бiр тазша зарланады.
 О тазшаның жiгiттер қылғанына
 Үйде отырып Қарабай таң қалады.

269

Қозы Көрпеш бiр нәрсе ойлайды=мiс,
 Құрығын Қодар кiл қоймайды=мiс
 Қозыкеммен жылқыға бара жатып,
 Аударыспақ алпыс кiл ойнайды=мыс.

270

Қозекенi ап келiп мал бақтырды,
 Мал баққаның тазшаның жұрт мақтырды.
 Аударыспақ алпыс кiл ойнаған соң,
 Өрқайсысын ер жерге ылақтырды.

271

Өткен iске өкiнiп бiз кетелi
 Біраз аятып мұратқа бiр жетелi
 Ат үстiнен Қозыке ылақтырса,
 Алты күлаш түсiптi кiл кетенi.

272

Қозы Көрпеш жарына жаңа жеткен,
 Арасында Қодардың несi кеткен.
 Түсiп қалған көтендi саламын деп,
 Ептей алмай күлдардың есi кеткен.

273

Қозыке мен Қодар кiл жақындайды,
 Жақындасып Қодар кiл тақындайды.
 Суға апарып батырса Қозы Көрпеш
 Мен өлдiм деп Қодар кiл ойбайлайды.

274

Айдалада алпыс кiл арланыпты,
 Қодар батыр сол жерде қорланыпты.
 Айдалаға шыққан соң тамам күлдар,
 Бiр тазшамен алыспақ ойнасыпты.

Қозы Көрпеш бір байдың мөлдір көзі,
 Сіре қате кетпейді айтқан сөзі.
 Айдалада алпыс күл ойнасқан соң,
 Алпыс күлді басыпты бір-ақ өзі.

276

Қозы Көрпеш сол күлдан жас=ты дейді,
 Арақ ішкен Қодар күл мас=ты дейді
 Айдалада алпыс күл ойнасқан соң,
 Алпыс күлді бір тазша басты дейді

277

Түс=тұсынан алпыс күл алаң қылды.
 Бір тазшаның жанына заман қылды.
 Алпыс күлдың бәрін де жығып тұрғы,
 Ең үстіне салыпты Қодар күлді.

278

Бұл тазшада қайғы бар мұңды дейді,
 Бір-ақ өзі басыпты күлді дейді.
 Пәле болған қу тазша, тұршы жылдам,
 Түгел менің қабырғам сынды дейді

279

Сіре Қодар жүрмейді көтін қысып,
 Мақтанбаңдар барынды мықты басып
 Қодар екем тұрайын деген болса
 Басып-басып жіберді нұқый түсіп

280

Тазша бала болар ма мұндай мықты,
 Алпыс күлді бір өзі=ақ басып шықты.
 Тығылғандар астыдан үстіден қышқырады,
 Ойбай менің көтімнен боғым шықты.

281

Тазша байғұс үстінен тұрды дейді,
 Қыран=топан сол күлдар болды дейді,
 Ең үстінде Қодар күл күрсінеді,
 Құдай мені жігіттер ұрды дейді.

Тазша тұрып армаған кетті дейді,
 Қыран=топан құлдарды етті дейді.
 Бір айланып Қозыкем қайтып келіп,
 Кодар үйге күрсініп кетті дейді.

283

Мынау тазша маған қылған сойды,
 Құдай мені жігіттер ұрған сойды,
 Бір отырған орнымнан қозғалтпайды,
 Түгел менің қабырғам сынған сойды.

284

Иңқылдайсың бір жаман дерт болды ма,
 Саған қарар сұмда бет қалды ма,
 Бір отырған орныннан қозғала алмай,
 Кодареке бір жерің мерт болды ма?

285

Түр десем де қатасың сіре тұрмай
 Айтса тілді алмайды тазша сұмырай.
 Түгел менің қабырғам қиратылды,
 Қазылмаса, ау, мені ұрды құдай.

286

Тазша бізге бір немені нетер дейсің,
 Өлі қайтып тазшаның жетер дейсің.
 Қалжа жесең жазылар жатып тұрып,
 Кодареке, қабырған нетер дейсің?

287

Он сан ноғай бір жиып етті дейді,
 Сол жиынға жұрт жиылып кетті дейді.
 Өкпе-бауыр ап келіп берейік деп
 Тазша, малға қала көр депті дейді

288

Адам қалмай жиынға жұрт кетіпті,
 Ала тайға, жігіттер, тіл бітіпті.
 Күн жайлатып бір амал таба көр деп,
 Қозыкеме сол жерде үйретіпті.

Алып келіп биесін байлатыпты,
 Қара бұлан соқтырып жайлатыпты.
 Тағы дағы бір амал тауып бер деп,
 Ала тайға сол жерде ойлатыпты.

290

Астын-үстін бұлан қыл, ойран=топыр,
 Аңдамаса Қозыкем өзін білдір.
 Мынау малың қырылды, жаным Баян,
 Елден бұрын кел=дағы мені сыпыр.

291

Стидеді де ала тай қалды дейді,
 Жүгіріп үйге Қозыке барды дейді.
 Шапшаңырақ тұра көр, жаным бике,
 Мынау малың қырылып қалды дейді.

292

Сол Баянды оятып алды дейді,
 Ала тайға жүгіріп барды дейді.
 Ала тайға жүгіріп барған екен,
 Қос аяқтап жүректен салды дейді.

293

Ала тайға жүгіріп барды дейді,
 Қос аяқтап жүректен салды дейді.
 Қос аяқтап жүректен салған екен,
 Алтын айдар жарқырап қалды дейді.

294

Баян жетіп жылқыға келді дейді,
 Бұған енді не амал болды дейді.
 Баян жетіп жылқыға жақын келсе,
 Жарқыраған айдарды көрді дейді.

295

Ұйықтап жатқан сол Баян ояныпты,
 Жүгірерге табанын аяныпты
 Алтын айдар шумақтап келе жатса,
 Түбі келіп тазшаға таяныпты.

Болған боран болды да тыма қалды,
 Құдай қайдан тазшаны ұра қалды.
 Айдар келіп тазшаға таянған соң,
 О жіп тартып сол жерде тұра қалды.

297

Тау айдағын бұ шіркін малды дейді,
 Тазша мұнда жоғалып қалды дейді.
 Жерден Баян көтеріп алды-дағы
 Аулақ үйге апарып салды дейді.

298

Қозыкені сол жерден білді дейді,
 Тақсы көріп бетінен сүйді дейді.
 Аулақ үйде екеуі сөйлескен соң,
 Сонда аяқасып екеуі қалды дейді.

299

Боран болып түгел мал ықты дейді,
 Өз ісіне Қозыкем мықты дейді.
 Өз нұрыменен ойнасты Қозы Көрпеш,
 Бір құмардан екеуі шықты дейді.

300

Қарабайдың құлдары көп=ті дейді,
 Келе сала бір нәрсе етті дейді
 Торғай жырлап тұрады, сұлу Баян,
 Таң атыпты түрегел депті дейді.

301

Адам қалмай жынға кетті дейді,
 Хата тұршы, аһ, жарым, нетті дейді.
 Таң атпақтан шықсын /күн/ шырағым-ау,
 Тар төсекте жан шықсын депті дейді.

302

Қодар енді жыннан қайтар дейді,
 Тазша келіп Баянмен қатыр дейді
 Екеуінің жатқанын көре салып,
 Қайтып барып жынға айтты дейді.

Айдалаға тазша екең құрар шатыр,
 Қызыңызды құшақтап тазша жатыр.
 Қарабайым той тойлап мұнда жүрсің,
 Қызыңызды тойлатып онда жатыр.

304

Қарабай жинн тастап келді дейді,
 Жинн қылып жинпты елді дейді.
 Елім-жұртым, ойлай көр, азаматым,
 Бұған не амал болады енді дейді.

305

Сол тазшаны армаған жытырыңыз,
 Жытырмасаң шақырып келтіріңіз.
 Бір тазшаға түгел жұрт қысым қылып,
 Соны араққа мас қылып өлтіріңіз.

306

Бір тазшаға түгел жұрт қысым қылды,
 Алып келіп тамам жұрт аяқ үсынды,
 Шанаш қылып берейін тамағыңа,
 Енді сенің әр, байғұс... құрды.

307

Қылды дейді бір ұшын балағына,
 Тоғыз бегі қарайды қабағына.
 Ішкен кісі болды-дағы құя бер деп,
 Шанаш қылып беріпті тамағына.

308

Босағада құл отыр екі жақтап,
 Арақ ішпес Қозыкем өлін шақтап.
 Түгіре шығып Қозыкем кеткен екен.
 Бірін бірі қалыпты /құл/ пышақтап.

309

Түгіріп атқа Қозыкем барды дейді,
 Үзеңгіге аяғын салды дейді.
 Қапияда түгел жұрт қайдан білсін,
 Ашыр=топыр адасып қалды дейді.

Жүрген екен Қозыкем сөзге қанып,
 Бал ашады қолына кітап алып,
 Қозы Көрпеш құтылып сала берді,
 Алдын ашық, артына тұман салып.

311

Анау арман құтылып кетті дейді,
 Жібермеймін осы жерде көпті дейді,
 Елім=жұртым, ойлай көр, азаматым,
 Оған не амал болады депті дейді.

312

Қала жаздық осы жерде қанға батып,
 Бір кеткен соң сол келмес енді қайтып.
 Пышақтасып осы жерде өле жаздық,
 Қанғырып жүрген немеге қайдан қалдық?

313

Ол басында Қозыкем өзі сүм=ды,
 Шоқ теректі барды да мекен қылды.
 Мұндай сарсаң етерін білер болсам,
 Баяғыда=ақ қырмас па едім мүрдар құлды.

314

Боз бошыққа мінді де кетті қашып,
 Баян үйден қарайды жапсар ашып.
 Шоқ теректің түбінде торғай көріп,
 Боз торғайға береді-ау мейіз тасып.

315

Боз торғайды жібереді біліп кел деп,
 Есен болса сол жарым көріп кел деп,
 Бес бауырсақ бір күлше арқалатты,
 Азық қылсын жарыма беріп кел деп.

316

Қалған екен Қозыкем түзде жүдеп,
 Торғай қарап қайтыпты бір күн түнеп.
 Қуанғаннан боз торғай келе салып,
 Қуантыпты Баянды сүйінші тілеп.

Күнде барып боз торғай келеді екен,
 Баян азық жасырып береді екен.
 Боз торғайдың келгенін, азаматтар,
 Аңдып жүріп жеңгесі көрген екен,

318

Боз торғай бір зырлап келді дейді,
 Жеңгесі тыстан тыңдай қалды дейді.
 Таңа Баян жіберіп жатқанында,
 Сол жеңгесі мойнынан ұстап алды дейді.

319

Жеңгешеке, торғайым жібер дейді,
 Осы торғай ерімді білер дейді.
 Осынша мойын салып тілесе = дүр,
 Күрып қалғыр жеңгесі жібермейді.

320

Баян жылап ішінен күңіреніпті,
 Ерте кеткен тазшаны кім көріпті.
 Мойнын үзіліп торғайдың бара жатса,
 Қазған Баян аяпты, жіберіпті.

321

Баян жылап сол жерде тұрды дейді,
 Торғайды еуре сол жерде қылды дейді.
 Көріп жүрген тазшаны айтпайсын деп,
 Түгел жүнін торғайдың жұлды дейді.

322

Мен не қылап тәңірге жоқ дегенде,
 Ешнемені көргенім жоқ дегенде.
 Өзге жүнін жұлғанда үндемейді,
 Тебе жүнін жұлғанда "шоқ" деген-ді.

323

Торғай ғарып бір жақтан келді дейді,
 Аңдып жүріп жеңгесі көрді дейді.
 Тебе жүнін жұлған соң боз торғайдың
 "Шоқ" деді де боз торғай әлді дейді.

Етін асып торғайды қайнатыпты,
Сауни айтып биесін байлатыпты.
Боз торғайы Баянның "шоқ" деді деп,
Кұртын жиып Қарабай ойлатыпты.

325

Алыс болып Баян қыз бара алмайды
Кіті хабар жарына бере алмайды.
Кұртын жиып Қарабай ойлатса да,
Сан кісіден бір кісі таба алмайды.

326

Асықпаңыз, жігіттер, келсін Қодар,
Қарай-қарай Қодарға көзі талар.
Сан кісіден бір кісі таба алмады
Мұны ақыр, жігіттер Қодар табар

327

Тоғын қарап Қодар күл келді дейді,
"Шоқ" деді де боз торғай өлді дейді
Сан кісіден бір кісі таба алмады,
Сен таба көр, Қодарым, енді дейді!

328

Кім ап кетті осы жұрттың ақыл-есін,
Таба алмайды еш ойлап мұның несін.
Боз торғайы Баянның "шоқ" деп өлсе,
Шоқ теректің түбінде жатқан сын-ды.

329

Мінді дейді Қодар күл Көкеректі,
Өлтірермін ол тазша бедіректі,
Елін-жұртын Қарабай жиып тұрып,
Енді іздемек болыпты шоқ теректі

330

Бұрын құлды Қозыкем боқтайды екен,
Ояу болса Қодарды мықтайды екен.
Бір ұйықтаса, жігіттер, Қозы Көрпеш
Күні-түні он төрт күн ұйықтайды екен.

Елін-жұртын Қарабай алды дейді,
 Баян жылап үйінде қалды дейді.
 Басын алмай мен сіре келмен=ді деп.
 Шоқ теректің түбіне барды дейді.

Ай далада құрулы шатыр дейді,
 Алтын айдар жарқырап жатыр дейді.
 Өлде болса Баянға қосалық деп,
 Мұнан артық табылмас батыр дейді.

Көңлім менің бұзылды өлденеге
 Жағып жүрген неме еді ата=енеге.
 Өлде болса Баянға қосалық біз,
 Мұнан артық берерміз қай төреге.

Көргеннен соң Қарабай қия алмайды,
 Көздің жасын сол Баян тия алмайды.
 Ажал жетсе жігіттер, амал болмас,
 Қан тартып тұр, Қозыкем оянбайды.

Сөйдеді де Қарабай қайтты дейді,
 Қайтыңыз деп Қодарға айтты дейді.
 Басын алмай мен сіре қайтпаймын деп,
 Қамыс оқпен жүректен атты дейді.

Тасы тым=ақ Қодардың қатты дейді,
 Қамыс оқпен жүректен атты дейді.
 Қамыс оқпен жүректен атқан екен,
 Оғыменен айқасып жатты дейді.

Өлген соң Қозыкем өлің нешік,
 Барады енді Қодардың көңілі өсіп.
 Бү Қодардың қылығын қай етерсің,
 Бара салып алыпты басын кесіп.

Еш декбірі/н/ жоқ екен елде ата,
 Ақша бетім сарғайды жалғыз жата.
 Атың арық өзіңнің жүзің сарық,
 Қайда барып келдің, ау айт сана ата?

Бір жаманат қайтейін болды маған
 Түр дейді—дағы қоймады Қодар аған.
 Өткендірдің соңынан өкінбеңіз
 Қозыкедей мырзаны таптым саған.

Тілімді алмай сен қайда кетіп келдің
 Менің немді бітіріп жетіп келдің.
 Тілімді алмай сен сонда кетіп едің,
 Құдай қосқан жарымды нетіп келдің?

Мен береудің тіліне сеніп келдім,
 Алда оңғарса сіздерді беріп келдім.
 Өткен ердің соңынан өкінбеңіз,
 Қозыкедей мырзаны көріп келдім.

Алып жүрсін, ай ата, өлейін деп,
 Ойлаушы—едім өнерін көрейін деп.
 Күйеуіңді өлтіріп азған қақпас,
 Қодар құлға келдің бе берейін деп?

Елден елді қыдырып барайын да,
 Емен таяқ қолыма алайын да.
 Елден елді қыдырып, жаным балам,
 Бір теңдесіңді мен іздеп табайын да.

Енді не деп барасын елге ата,
 Мен бейбаққа қыламысын екі бата.
 Елден сүрік жиярға байтал емен,
 Төсек салып жата қал өзің қайта

Сірә маған жақпайды сенің сөзің
 Карай=қарай төрт болды екі көзім
 Ақ жылбайлы ақ отау бер тіктіріп,
 Мені алып жата қал, атам өзің.

346

Қодар түзден бір айды ойлап келді
 Мойынның созып Баянға байлап келді.
 Бү Қодардың мінезі тым=ақ тентек
 Басын кесіп жанына байлап келді.

347

Қырық күлаш Баянның шашы дейді,
 Бү Қодар күл құдайға асы дейді.
 Алып келіп Баянға тастай берді,
 Ал, бақыты қара, байынның басы дейді.

348

Берекелді, Қодардың тентегіне,
 Баян сұлу жүрмейді жетегіне.
 Ал, байынның басы деп тастай берсе,
 Баян тосып алыпты=ау етегіне.

349

Құлдан өлген болар ма мұндай айып,
 Үндемеді о бастан бабам ғайып,
 Алған байы өлген соң жазған Баян,
 Бетін жыртып жылайды=ау шашын жайып

350

Өлгендердің соңынан өлме сана,
 Өзге адамға көңілді бөлме сана.
 Мына жалған дүниеде кім қалмайды,
 Ақша бетке дақ сала берме сана.

351

Қодареке, қай жақтан келдің жетіп,
 Енді мені кім алар сенен өтіп.
 Енді мені сен алмай кім алады,
 Сол жарымды қал сана бір көрсетіп.

Баянды ертіп алып кетті дейді,
 Көрсетейін жүріңіз депті дейді.
 Алған байын өлтіріп бедірек құл,
 Бұлай әуре Баянды етті дейді

353

Сол Баянды Қодар құл көзден салмас,
 Бедіректің қылығы естен қалмас.
 Өлген ерін сол Баян іздеймін деп,
 Бара жатып Қодармен болды жолдас.

354

Қылшадайын Баянды құл жақтайды,
 Аламын деп Қодар құл ыржақтайды
 Қодар құлдан бір зиян келе ме деп,
 Баян сұлу бетіне бөз қаптайды.

355

Қодар зиян Баянға тидіріпті,
 Көңлін бермей Қодарды күйдіріпті.
 Алдап қана Қодардың көңілін аулап,
 Шүберектің сыртынан сүйдіріпті.

356

Он екі айдың жақсысы қаз болады,
 Қаздың алды үйрек пен қаз болады.
 Шүберектің сыртынан сүйдіргенге,
 Көкірегі қош болып Қодар құл мас болады.

357

Сол Баянның тазасы аққудан ақ,
 Жаны шықпай құрып іші жүр Қодар құл=ақ
 Шүберектің сыртынан сүйдірген соң,
 Ақ бетіне Баянның түсіпті дақ.

358

Құлға Баян тие ме қазақ құрып,
 Құлға не деп тисің=ау күдай ұрып.
 Ойнағандай ойпат жер, жаным бике,
 Баянменен келеді өзіл құрып.

Қодареке жүре бер жөніменен,
 Құдай енді қосты ғой сеніменен.
 Сол жарымды бастап бір көрсет сана,
 Ойнарыңыз қапа ма меніменен

360

Сенің жарың емес пе анау жатқан,
 Қодарекең жүректен мықтап атқан.
 Мақтап жүрген байың ба мынау Баян,
 Бір-ақ тартып Қодекең ыңкылдатқан.

361

Қодеке осы жерде бой салалы,
 Ойнымызға ой салып, той салалы.
 Ай далада қаңғырып шөлдеп өлдім,
 Ішерімізге бұ құдықтан су аламы

362

Қодар енді құдықтан су алады,
 Аламын деп шыңырауға жұмалады.
 Алдағанның Баянның қайдан білсін,
 Аламын деп ішінен қуанады.

363

Шашын байлап құдыққа салды дейді,
 Кебіспенен бір суды алды дейді.
 Кебіспенен бір суды ішіп алып,
 Баян енді сусынның қанды дейді.

364

Шығамын деп ұмтылды Қодареке/н/
 Күнге күйер ақ бетін басын бүрке.
 Суға сенің сусынның қанған болса,
 Шығайын да далаға тартты, бике.

365

Көңілі қалды Баянның ағасына,
 Бір таянды Қодардың төбесіне
 Пышақпенен алады салып-салып,
 Тартып тұрып Қодардың жағасына /н/

Ақырын тарт үзерсін мойынныңды,
Шығысымен аша гөр қойынныңды.
Жаным шығып барады жаным бике,
Қырға шығып қыл сана ойынныңды.

367

Ойнайды екен мұндар күл меніменен,
Ойнатқанша төңірі алсын сеніменен
Мұндай қылық сен итке болар ма еді,
Көтің қысып тек жүрсең жөніңменен.

368

Қодар енді құдықтан суды алады,
Аламын деп шынырауға жұмалады.
Алған байың өліпті бейбақ Баян,
Енді сені мен алмай кім алады?

369

Аламын деп жүрме едің ойыңда, күл,
Ойнар едің Баянның қойыңда күл.
О дүниеге барғанда есегімісің,
Екі жастың обалы мойыңда, күл.

370

Шығамын деп аяғы тая берді,
Тарт сана деп құшағын жая берді
Тартып тұрып құдықтың жағасына,
Шасын кесіп шынырауға қоя берді.

371

Қодар құлдың ажалы жетті дейді,
Бұйда пышақ өкпеден өтті дейді.
Ойбай Баян сен маған бұлай қылдың,
Мені тәптек, Баянжан, құдай қылды.

372

Қозықоден, аһ, Баян, онда айрылдың,
Мұнда тірі байыңнан тағы айрылдың
Қозыкенің алдың ғой...
Екеуімізден айрылып қараң қалдың.

Құл да бұлай болар ма сіре ғана,
Ажал айдап жүр екен сені ғана
Баян сулу керек пе шынамыр құл,
Алатұғын неме екен мені ғана.

374

Енді өмірде тілеймін көбірек күн,
Ақылыңды мен білдім өзімнен кемірегін
Сен қылғанды, ай, Қодар мен де қылдым,
Соныменен жата тұр, бедірегім.

375

Қодар өліп құдықта қалды дейді,
Баян жарын/ың/ қасына барды дейді.
Баян жарын/ың/ қасына барып тұрып,
Басын барып мойнына салды дейді

375

Қырық күн жауын жауыпты бір жел тұрып,
Баян келді құдықтан құлды өлтіріп.
Қодар құлды өлтіріп келгеннен соң,
Алған жарын жоқтайды енді өкіріп.

377

Тоқтағанда не дейді енді Баян
Салғанына алданың көнді Баян
Кішкентайдан бір өскен құдайым...
Өзі жоқтай басына келді Баян.

378

Татпырмысың, ай, жалғызым жер бауырлап,
Қарға жүнді қамыс оқ оны ауырлап.
Құдай қосқан қосағың Баян келді,
Тұра келсең нетеді күліп-ойнап.

379

Кішкенеден атадан жетім едің,
Тілін алмай жұртыңнан кетіп едің.
Сан кісіге болармын деуші едің ғой,
Есіктегі Қодардан нетіп әлдің?

Байғұс сені не қылып қара басты,
Қодар оғы, шырағым, араласты.
Тасағаным құдайым жан береді,
Құшақтасар күн бар ма қойындасып.

Татырмысың, ай, жалғыз жалғыз оққа,
Танбасыңа жер өтті жаның жоқ па?
Азар жақсы болса да қайғырмаңыз,
Інісі жоқ артыңда жалғыз бөкпе.

Кішкенедең атадан қалдың жетім,
Күнге күйіп сарғайды ақша бетім.
Құдай сені көзіме көрсеткен соң,
Көрмей қалдың дүниенің өнер бетін.

Құлдан қиық болар ма мұндай асқан
Таным жалғыз қан тартып қара басқан.
Көрсетпесі бар екен өнер бетін,
О бастан=ақ құдайым неге қосқан?

Ақылы өзған, ай, қақпас, о баста қоспасаңшы,
Қосқаннан соң сөз бұзып қалпасаңшы.
Кімнің құлын аядың, жалғыз байғұс,
Баяғыда=ақ қырып=ақ тастасаңшы

Алтынды ер, ақ боз ат міне алмадым,
Мен бүйтерін Қодардың біле алмадым.
Өзің қостың, аһ, төңірі өзің алдың,
Бір армансыз мен ойнап күле алмадым.

Бір пеледен құтылып қаша алмадың,
Қара басып ұйқыңды аша алмадың.
Ояу болсаң ол итке қылар едің,
Ұйықтап жатып Қодарды ата алмадың.

Сені есітсе жұртыңыз жылар ма екен,
 Атың түлдап қараңды қылар ма екен.
 Жасағаннан жаныңды тілеп тұрмын,
 Баяғыдай ойнар күн болар ма екен.

388

Бү Баянның ойлаған ойы дейді,
 Басын оңға қаратып қойды дейді.
 Құдайынан сол жерде жан тілейді
 Астындағы ақ боз ат сойды дейді.

389

Қылайды екен сол Баян сана қылып,
 Құдай қойды көңілін ала қылып,
 Алған жары өлген соң жазған Баян,
 Күні-түні қылайды=ау нала болып.

390

Қозыкеме түлдайды қара көкті,
 Өулиеге сиынып көп түнепті.
 Ақ боз атты құдайға айтып сойып,
 Құдайынан сол жерде жан тілейді.

391

Баянның барады енді деуірі өтіп,
 Құдай қойды байғұсты өуере етіп.
 Күні түні зар қылып тілегенде,
 Бабай тұқті шашты өзін келді жетіп.

392

Ақ шалмалы біреу келді ат/ы/ ақсаған,
 Қалай адам далада зар қақсаған.
 Тілегіңді тілеші, жаным балам,
 Бір тілекті берейін енді саған.

393

Налыс қылсам ауадап пірім келер,
 Таяғы бар түбінде аса темір
 Тұмай тұрып қосылған жарым еді,
 Енді бұған тілеймін жеті ай өмір

Салғанына алданың көндің дейді,
 Дауысына шыдамай келдім дейді.
 Тілегенің сол болса, жаным балам
 Кеті ай өмір мен саған бердім дейді.

Тер дүниенің бәрі де күніреніпті,
 Мұндай ақыр заманды кім көріпті.
 Өліп қалған, жігіттер, Қозыкеме,
 Бабай тұкті шашты Өзиз жан беріпті.

Тасағанның қылығы күшті дейді
 Сырлы аяққа бал құйып ішті дейді
 Үш күндей /ін/ ойнасып жарыменен,
 Баяғыдай тірі бейне түсті дейді.

Мінді дейді Қозыкем көк серекті,
 Мекен қылды сол жерде шоқ теректі.
 Кеті ай түгел қыдырып Қозы Көрпеш,
 Көзді дейді шарық ұрып төңіректі.

Өз жұртынан Қозыкем безді дейді,
 Дүниеден күдерін үзді дейді.
 Кеті ай түгел қыдырып Қозы Көрпеш
 Дүниенің төрт бұрышын кезді дейді.

Ердің жасы екі төрт білді дейді,
 Салғанына алланың көнді дейді,
 Кеті ай түгел қыдырып Қозы Көрпеш
 Төрт бұрышынан дүниенің келді дейді.

Кесір құлдан құдайым жасқана ма,
 Бақын келші, Баянжан, қасқанама.
 Еңсем түсіп барады, алда, менің,
 Тастық қойшы, а, Баян, басқанама.

Өр тарапты қыдырып келді дейді,
Бармаған жер қалмаған енді дейді.
Шоқ теректің түбінде күні бітіп,
Қозы Көрпеш со жерде өлді дейді.

402

Қалған жаным не болар мұнан аяп,
Ақша бетін салыпты қанға бояп
Құшақтасып сол жерде жата қалды,
Бұйда пышақ ішіне ұшын таяп

403

Қозы Көрпеш сол жерде өлді дейді
Үш жылдан соң бір адам көрді дейді
Көрген адам сол жерде танып тұрып,
Екі айырып екеуін көмді дейді.

404

Қалған екен Қозыкем сағиысып,
Бір жатыпты қара кіс жамылысып
Ақ жұмыртқа болысып жерден шығып,
Жер жүзінде ойнайды шағылысып.

405

Ата-енесі Баянды қарамайды,
Балам қайда кетті деп сұрамайды.
Ақ жұмыртқа болысып жерде олнаса,
Қоңыз болып Қодар күл аралайды.

406

Қозыкемнің түбіне Қодар жеткен,
Екі айырып екеуін көміп кеткен.
Баянменен Қозыкем тек емес-ті,
Екі жерден бөйтерек болып біткен.

407

Қозыке мен Қодар күл атысыпты,
Бірге барып жарымен жатысыпты.
Екі жерден бөйтерек болып бітіп,
Басы барып бірігіп жабысыпты.

408

Дөрү күйр сол Баян жарасына,
Кодар күлдың қылығын қара сана,
Қозыкені өлтірген анау Кодар,
Шеңгел болып бітіпті арасына.

409

Күл өлтірген мырзаны қай халықта,
Сол Қодарды Баян да жай қылыпты.
Қозыкені өлді деп естіген соң
Сонда жүріп сол Айқыз қайғырыпты.

410

Қозы Көрпеш бір байдың жалғыз е=міс
Баян сұлу сынды Ай қыз е=міс.
Қозыкем өлсе қайғырған Ай қыз сұлу,
Қозыкенің туысқан балдыз/ы/ е=міс.

411

Алпыс күлдың Қодар күл басы дейді,
Қозыкемен өштескен қасы дейді.
Қозыкені өлді деп есіткен соң
Тамағынан өтпейді Ай қыздың ішкен асы дейді.

412

Күл көрінсе жарайын бөрін де деп,
Бұл қайдан келген шұнақ күл жырынды деп,
Ай қыз солай зар қылып жүргенінде,
Қозыкені есітті тірілді деп.

413

Бір қылмысты айтады мен емен деп,
Төңірі салса, өрине, көнемін деп.
Үгіре шығып сол Ай қыз кетті дейді,
Кездем менің тірілсе көремін деп.

414

Ғажап тарих/ын/ құдайым есітіпті,
Кодар күлға Баянды көрсетіпті
Ай қыз жолда жете алмай бара жатса,
Қозыкені өлді деп тағы есітті.

Қозыке мен Қодар күл қас болыпты,
 Алпыс құлға Қодар күл бас болыпты,
 Қозыкені өлді деп есіткен соң,
 Тұра қалып сол жерде сын тас болыпты.

Қозы Көрпеш, Баянның болған шағы,
 Таза гүлдей аршылып солған шағы.
 Қозы Көрпеш өлген соң Баян да өлген.
 Сондай болсын еркімнің алған шағы.

Қозы Көрпеш аттанды мөлдір көзге,
 Қосылады ер жерде айтқан сөзге
 Өлсе дағы Қозыкем арманы жоқ,
 Сурет болып бітіпті Аякөзге.

Іан өйткенді қалмаған қара көрсін,
 Қалғын туған Қозыкем, сен бір өрсін.
 Кебеп-келеп жүре көр есіңе алып,
 Ақыретке барғанда біздерді бір көрсін.

х х х

Европа мәдениетінен нәр алған алғашқы білімдар ағартушымыз Шоқан Уәлиханов қазақ даласына сауат ашу, оқу жұмыстарын жолға қоя ісі әуел бастан өз ана тілімізде басталмай, татар мәдениетін, оның жазу=сызуын оқып үйрену арқылы келгендігіне қатты қынжылып, "Ерте кездегі Русьтағы кітапшылар сияқты біздің кітапшыларымыз да өз халқының бұрынғы дәстүрін құлашынып қудалауда... ал біздің жыршыларымыз халық жырларын былай қойып, оның орнына халық жырына айналдырылған мұсылман апокрифін жырлай бастады. Қалпы айтқанда, Европа цивилизациясына жету жолында қазақ халқының алдында, орыстардың византия дәуірін басынан кешіргені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі балас түр"²⁴ / деген болатын.

Сонау орта ғасырдан күні кешегі ХУІІІ ғасырға дейін гүлденіп, мәуелеп тұрған оқу=білім ордалары кейінгі ХІХ ғасырда қиын жағдайларға душар болды. Ендігі жерде оқу=білім, діни әдебиет көбінесе өз жерімізде, өз ана тілімізде жасалмай, дайын қалыбында сырттан, көрші елдерден тарала бастады. Шағатай тілінде жазылған осындай жазба әдебиет нұсқалары Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген жұрттарға түгел түсінікті болуы үшін көне өзбек және көне татар тілдері аралас түрлі тілде ба-сылым көрді. Идресе, мектептерде осы күйінде арнаулы пән кітабы болып оқытылды. Оқу жүйесінің негізін білім=білімнен гөрі исламиат шарттарын уағыздау арқылы таратқан түрлі тілдің өзі де таза күйінде келіп кетпай, араб=парсы қоспаларымен мықтап шұбарланды. Оның үстіне мұсылманшылық түс=түстан /Бұқара, Қазан/ таралғандықтан, түркілердің ортақ тілі дегеніміздің өзі бір жағынан өзбек=төжік, екінші жағынан татар=түрік тілдерінің қойыртыпағына айналды. Ағартушылық ағымы Қазақстанға осы аталған екі атыраптан қатар келіп қосылғандықтан, нағыз көне қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасуы өте қиын жағдайда жүрді. Көпшілікке көбінесе түсініксіз жазу үлгілері әдеби үлгі ретінде зиялы қауымның арасында да қолданылатын болды. Қала тұрмысына ертерек көшкен татар халқы еуропалық үлгідегі жазу мәдениетіне бізден гөрі бұрынғырақ қанығып, соның нәтижесінде олар-

²⁴ / Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949.

дың ағартушылары ортаазиялық әдеби тілдің шағатайша үлгісін өз тілінің ыңғайына қарай тез икемдеп ала білді. Осы жерде ағартушылықтың өзі үлкен мемлекеттік саясатпен ұштасып жататындығын да ескермесек болмайды. Татар ағартушылары халқымызды /қазақ халқын/ қалай татарландырамыз деп қам қылса, орыс миссионерлерінің ойы басқада болды. Н.И. Ильминский секілді діни уағызды империялық саясатпен ұштастыра білген "ағартушылар" қазақ ата-латын "бұратана" елді шоқындыру, орыстандыру үшін татар мен қазақ секілді қандас, тілдес екі халықтың ара жігін ашуға көп өрекет етті. Мұсылман дінін берік тұтынған татар халқының ықпалында жүрген қазақтар христиан дінін қабылдауға аса құлықты еместігін сезген орыстандырушылар татар тілінен, мәдениетінен қазақтарды алшақтатуға жанын сала кіріскен болатын. Мешіті, мектебі аз, көшпелі тірлік көшетін далалық қазақ халқы олар үшін алдауға, дінінен, тілінен айыруға оңай көнетін жабайы тайпалардың тобыры сияқты еді. Алайда, қазақ халқы, қазақ тілі олар ойлағандай жабайы, жүйесіз емес екендігін кейбір миссионерлердің өздері де біле бастады. Мәселен, А.Васильев қазақ тілі жайлы былай деп айтуға мәжбүр болды. Оның пікірінше, бұл халықтың тілінің байлығы оның ауыз әдебиетінен де көрінеді. Қазақтың мақал-метелі, ұйқасып келетін сөздер үлгісі, ертедегі батырлар жайындағы ертегілері мен аңыздары, тұрмыс-салт және тарихи жырлары халықтың рухани жан дүниесін зерттеуге мол материал береді. Осы шығармаларға қарап отырып зерттеуші халық тілінің тазалығын да көре алады: "Өздерінің патриархалды қоғам құрылысының, көпшілік салтының арқасында қазақтар түркі тілінің ішіндегі ең бір көне тіл үлгісін, яғни шағатай тілін сақтап жеткізген"²⁵/.

Осы жайттарды ескергенде біз татар баспасында жарық көрген қазақ тілінің өскерткіштері татаршаланып кеткен дегеннің орнына хатқа түсудің нәтижесінде қазақтың төл шығармаларында өуел баста белсенді қолданылған көне шағатай әдеби тілінің белгілері молырақ сақталған деп бағалаған көн деп есептейміз. Өрине, тіліміздің көне формаларымен араласып ауыз әдебиетінің текстеріне әлеңді хаттаушы және бастырушылардың тарапынан қо-

²⁵/ Васильев А. О киргизском языке и его транскрипции. Оренбург, 1896, С.3.

сылған татар тілі элементтері, өсіресе татар емлесінің көріністері де жүрді. Өзіміз текстологиясын қарастырып Қозы Көрпеш жырының Березин бастырған нұсқасынан да біз осының нақты мысалдарын кездестіреміз.

Өйтсе де сол кездің өзінде-ақ араб қазулы татар емлесімен қазақ мазтарының сауатын ашуға ұмтылған озық ойлы педагог ағартушылар қазақ тілінің дйбысталуына байланысты ерекшеліктерді атап көрсетіп, оны дұрыс таңбалаудың тиімді жолдарын ұсынған^{26/}. Мысалы, Орынбор шекара комиссиясы жанындағы қазақ мектебінің мұғалімі Мир-Салих Бекчурин өзінің сабақ беру әдістерінде қазақ сөздерін естілуіне қаздру үшін төмендегідей емлесілік қағидаларды ұстанған:

А	آ, ا	-	آپا /апа/
Ө	ا, ا	-	اپكە /өпке/, اكه /өке/
Б	ب	-	بالا /бала/
Г	غ	-	چغت /жігіт/
Ғ	غ	-	اغاكه /агаке/
Д	د	-	ادت /әдет/
Е	ه, ا, د, ه	-	هككه /көке/, هيلكه /келке/, ايت /ет/, ايدين /еден/
Ж	ج	-	جوريك /жүрек/, جان /жан/
З	ز, ض, ظ	-	زارار /зарар/, ضات /зат/, بز /біз/
И	ی	-	ايك /иек/, مي /ми/
Я	ی	-	ماي /май/
К	ك	-	كوز /көз/, كيك مايي /кілік майы/
Қ	ق	-	قغز /қағаз/
Л	ل	-	تل /тіл/
М	م	-	موين /мойын/, جومروق /жұмырық/
Н	ن	-	قان /қан/
ң	نک	-	مانكداي /мандай/
О	و, او	-	اومراو /омырау/, موين /мойын/

26/ Бекчурин М-С. Начальное руководство к изучению арабско-го, персидского и татарского языков с кратким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий Башкир и киргизов. Казань, 1859, екінші басылым: 1869.

Ө	و, او	-	اوت /öt/	اوکپ /өкпә/	كۆكە /көкә/
П	پ	-	پايدە /пайда/		
Р	ر	-	باور /бауыр/		
С	س, س, ص	-	سالدا /салдат/	باس /бас/	سۈيەك /сүйек/
Т	ت	-	قارت /қарт/	طابان /табан/	
У	و	-	وقتيا /уақыт/		
Ү	و, او	-	اويغر /үйкә/	مۈرۈن /мүрүн/	
У	و, او	-	سۈت /сүт/	ۈلكين شەشە /үлкен шешә/	
			اوشون /үшін/		
Ш	ش	-	شانا /шана/		
Н	ن	-	رازي /разы/	اويغر /үйкә/	
І	ي	-	ەر کسی /өр кісі/		

М.Бекчурин татарлар, башкұрттар, қазақтар қолданатын араб алфавитінің ортақтығын айта келіп, татар және қазақ ем-лелерінің сәйкестіктері мен айырым белгілерін атап көрсетеді. Автордың пайымдауына ол сәйкестіктер мен ерекшеліктер екі тілдің дыбысталу заңдылықтарын айғақтайды²⁷. Мысалы:

<u>татарша</u>	<u>қазақша</u>
ب (борон)	م, ب (мүрүн)
پ (پادشاه)	ب (бадша)
ت (تخت)	ت, ط (тәхт)
ث (اثر)	س (асар)
ج (جان)	ج, ث (жан)
چ (چانا)	ش (шана)
خ (خلق)	خ, ق (халық, қадай)
د (ايدان)	د, ت, ط (аидан, тәхт, тахт)
ذ (ذات)	ض (заһат)
ر	ر
ز (بز)	ز (қаз, биз)
ش (ايسيرك)	ش (аисирк)
س (استق)	س, س (астық, асыр)
ص (صفت)	ص (сәһиф)

27/ Бекчурин М.С. Көрсетілген еңбек. 12-с.

(راضى) ض	(رزى) ط, ز
ط	ط
ظ	ظ
وعده } ع	(أبت, وده) ا
عادت } غ	
(فايده) ف	(پايدى) پ
(قازا) ق	(قىز) ق
كاغز } ك	(قىز) ق, ك
(املار) ل	(آملار) ء = د
م	م
ن	ن
(ويىوات) و	(بينىوات) ب = و
(حقر) ح	(أر) ا
(بىزارك) ك	(ئىنرمك) ا, ژ, ج

М.Бекчуриннің оқу күралдары өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Қазанда басылып шыққан. Мұның өзі татар баспагерлерінің қазақ қолжазбаларын түпнұсқаға жұнқтатып жариялауына септігін тигізді. Бұл ретте 50-жылдардың басында "Ер Тарғын" жырын сол Қазан қаласында кітап етіп шығарған Н.И.Ильминскийдің де еңбегі бар екендігін ескермей болмайды. Осы полиграфиялық тәжірибелерден кейін 70-жылдардың ортасында жарық көрген "Қозы Көрпеш" жырының Березин нұсқасын баспаға дайындауда соған дейінгі қазақ текстерін араб өрімімен беру тәсілдерін пайдаланғандығы сөзсіз. Осы кезеңде орыс тілін өздігінен үйренушілерге арнап орысша-қазақша тілашар жазған Н.И.Ильминский орыс өріптерін араб графикасымен дұрыс таңбалаудың жолдарын іздестірген. Бұл да қазақ текстерін баспадан шығарудың негізгі принциптерін белгілейтін жазу тәжірибесі еді. Негізінен Ильминский үсынған тәсілдер Бекчуриннің графологиясына сәйкеседі. Мәселен, г- ك, п- ب, с- س, ш- ش т.с.с.²⁸ Біз Березин хрестоматиясында басылған қазақ сөздерінің жазылуы алдыңғы М.Бекчуриннің жоғарыда аталған сауат ашу күралындағы сөздердің берілімімен салыс-

²⁸/. Ильминский Н.И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. Казань, 1861. С.5.

тырып қарағанымызда қазақ лексикасының негізгі қабаттары бұл екі нұсқада көбінесе біркелкі жазылғанын көреміз. Мысалы:

Березия нұсқасында

сары - صاری
 су - سوب
 төңірі - تڭگىرى
 аң - اڭك
 мал - مال
 дария - دایرا
 аға - اغا
 үл - اول
 патша - پادشا

Бекчуриңде

صاری
 صوب
 تڭگىرى
 اڭك
 مال
 دایرا
 اغا
 اول
 پادشا

Қазақ жазуының осы қол жеткен деңгейі кейін келе одан ері биіктей түсті. Мұның мысалын біз өз жерлесіміз талапты жас қазақ азаматы Ешмұханбет Букиннің еңбегінен көреміз. Өуел баста Қазалыда мұсылманша білім алған жас жігіт кейінірек Ташкент қаласындағы Түркістан мұғалімдері семинариясын тамамдайды. Өзінің осы аталған екі кезеңдегі ізденісінің нәтижесі ретінде ол 1882 жылы Ташкент баспасына "Орысша-қазақша және қазақша-орысша" екі тілді аударма сөздік ұсынады. Бұл күнді сөздік 1883 жылы жарық көрді. Осы сөздіктің соңында ол қазақ тілінің дыбысталуына сәйкестеп араб және парсы жазуындағы әріп таңбаларына іріктелген ана тіліміздің ұлттық алфавитін түзген. Қазақтың төл жазуының тарихы, яғни ана тіліміздің фонологиялық ерекшеліктерін дұрыс таңбалауға лайықталған өліппе осы Е.Букиннің ізденістерінен басталады. Оның 80-жылдарда жарық көрген іргелі сөздігі өзіне дейінгі қазақша басылымдардың төуір үлгілерін қорыта отырып, түркі өдеби тілінің ішіндегі мағаратай дәстiрiн қазақ тілінің фоноциялық ерекшеліктеріне негіздей жалғастырған, сол арқылы қазақ жазуының шексіз мүмкіндіктерін танытқан аса елеулі лексикографиялық еңбек деп білеміз.

* / Өзен мағнасындағы дария сөзінің берілімі біз қараған еңбектерде дайра тұлғасында таңбаланған. Бұл диалектілік ерекшелік емес, ауызекі өдеби тілдің сол кездегі нормасына сай қолданис деп есептейміз /Авторлар - Б.Х., М.М./

Бір атап айтатын нәрсе, Березин текстерінде ұшырасатын, кейбір зерттеушілер татаршаның әсері деп санайтын, ал шын мәнінде көне шағатай әдеби тілінің емлесілік принциптерін тұтыну арқылы көрініс тапқан бірқыдыру грамматикалық тұлғалар, мәселен, қазақша ш орнына ч дыбысын қолдану, Е.Букин түзген тұңғыш екі тілді сөздікте дәстүрлі жазу принципі есебінде сақталған. Мұның бір себебі Е.Букиннің білім алған ортасы мұсылманшылықтың татар мектебі арқылы келмей, Орта Азиялық үрдістерге негізделуінен деп те қараймыз.

Сонымен, Березин текстін бақылау нәтижесінде оның басты графофонемалық ерекшеліктері мына төмендегілерге иеліп саяды демекпіз:

I /алиф/ әрпі шағатай дәстүріне сөйкес, و (у) және ی /и/ әріптерінің алдында келгенде, сондай-ақ, мәдде белгісі қойылмай жазылған жағдайда өзіне тән дыбыстық қасиетінен ауытқып, өзінен соң тұратын әріптерімен ұласып, күллі дауысты дыбыстар гаммасын (ө, і, ы, о, ө, ү, ү) білдіреді.

Мысалы, اوپۇتۇدە (өектеу), اوزىمە (өзіме), اينىرى (ешіне). Тексте б/п алмасуы орынды=орынсыз келе берді. Мысалы, پادشا (патша), پلوت (бүлт). н дыбысы, жалпы қағида бойынша, қосарлы н+к дыбыспен беріледі. Мысалы, بولسۇد (болсын), تازىمە نۇك (тазшаның). т әрпінің екі түрі бар: қуан дауысты сөздерде ط жазылады, (эмфатикалық дыбыс, қатаң айтылады/ да, жіңішке дауысты сөздерде көбіне қазақ тіліндегі т дыбысына ұқсас ت әрпі қолданылады. Мысалы, كۈيلدۈرونكز түгел توكال, تورقانى, بالتا келтіріңіз.

с әрпінің екі түрі бар: қатаң айтылатын сөздерде س эмфатикалық қатаң дыбыс жазылса, س әрпі қазақ тіліндегі с дыбысына ұқсас позицияда қолданылады. Мысалы, صوغى суға, صۇر сауыр, سۇنۇك сенің, اوسكەن өскен.

з әрпінің де екі түрі бар. Қатаң ز (зад), ұяң (зейін) түрінде кездеседі. Мысалы سوزدى сөзді, كوزم көзім, ظالان ұшамен, عضاتلار азаматтар т.с.с.

ш әрпі көп жағдайда ч әрпімен беріледі. Мысалы, اچولانباستان ашуланбастан, ايشكى ешкі.

ш әрпінің арабша түрі ش жыр текстінде сирек кездеседі. Поэма текстінде ش (е) әрпі (арабша һ) жиі қолданылады.

Сөз соңында н, л, а болып оқыла береді. Мысалы, شودد رایه (қондырады), مولوعه (сұлуға), ایندوه (енді), غز /ғайн/, ع /айн/ өріштері негізінен ع (айн) ретінде қолданылады. Ырда ж/и алмасуының белгілі жүйесі жоқ. Мысалы, یکونه توله (кігіттің), جاساغانن (жасында), جاساغانнан (жасағаннан), جانم (жаным).

Кей сөздерде қ дыбысының орнына ғ дыбысы қолданылады. Мысалы, قالده (қалды).

Ыр текстінде келетін - дүр, - сана, -мыс, -мыш, -еміс секілді көне тұлғаларды сақтап, сол күйінде беріп отырдық. Бірақ олардың кейінгі бастырушылар тарапынан болған өзгерістеріне түсініктемелерде арнайы тоқталмадық. Сол секілді кітаби тілдің өсерімен жазылған хисабы терізді тұлғалар да қазіргі тілімізде тек есеп=хисаб секілді бірен=саран реттерде қолданылғанмен, жырдың сөзін текстінде біз оны поэтик тілдің көрнісі ретінде сақтадық. Көбінесе х орнына қ / ق / өрпін қолдандық. Ырдың глоссарийіне түсініктеме бергендегі негізгі принциптіміз басылымдар арасындағы сәйкестіктерге негізделді. Егер белгілі бір сөз не сөз тіркесі жырдың түпнұсқасында бір түрлі, кейінгі басылымдарда екінші түрлі берілген болса, біз осы үш түрлі алауыққа тоқталдық. Егерде кейінгі екі басылымның біреуі жырдың түпнұсқасындағы берілімге сәйкес болып, екіншісі одан ауытқыған болса, біз сол сөздің бунақтың дұрыс оқылымын тек сөзін тексте беріп отырдық. Түпнұсқадағы берілімді негізінен басшылыққа ала отырсақ та, кейінгі бастырушылар ондағы кейбір ақаулықтарды дұрыс көрсеткен болса, біз оны қабылдадық.

Қорыта келгенде айтарымыз, біздің бұл ұсынып отырған текстологиялық талдауымыз жыр тілін лингвистикалық поэтика тұрғысынан бұдан өрі зерттеушілерге септігі тиетін дерек болар деп есептейміз. Қазақ эпосының жыр өлшемімен жазылған ірі-ірі туындыларын осылайша текстологиялық тұрғыдан сын елегінен өткізіп алсақ, тіліміздің тарихын зерделеуге қажетті сенімді қолжазба қорларына қол жеткізеріміз сөзсіз.

М А З М Ү Н ы

Сөз басы	3
БІРІНШІ БӨЛІМ	
1. Тексттің зерттелуі	20
ЕКІНШІ БӨЛІМ	
2. Сыни текст.	75
Сөз соңы	136

Монография
Е.Жубанов, М.Малбаков
ТЕКСТОЛОГИЯ ЭПОСА "ҚОЗЫ КӨПЕШ - БАЯН СҰЛУ"
На казахском языке

Зерттеу еңбек
Е.Жубанов, М.Малбаков
"ҚОЗЫ КӨПЕШ - БАЯН СҰЛУ" ЭПОСЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Редакторы Б.Артықова
Керкемдеуші редакторы В.Пак

ИБ № 3660

Басуға 30.05.1994 ж. қол қойылды. Форматы 60 x 84^I/₁₆. Басп.
қағ. № I. Гарнитурасы әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шартты
б/т 8,37. Шартты бояу келемі 8,58. Есепке алынатын б/т 6,69.
Таралымы 500. Тапсырыс 73.

"Ғылым" баспасы
480100, Алматы, Пушкин көшесі, III/IIЗ.
"Ғылым" баспасының баспаханасы
480021, Алматы, Шевченко көшесі, 28.

